

## Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасын күзету туралы ТӘЛІМДЕМЕ

Бұйрық Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасы 1996 жылғы 25 қаңтар N 21/дсп Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1996 жылғы 30 сәуір N 169 тіркелді.

Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң  
м е м л е к е т т і к                      ш е к а р а н ы                      к ү з е т у  
/ ш е к а р а                      н а р ы д ы /                      т у р а л ы  
Т ә л і м д е м е н і                      б е к і т у                      ж ө н і н д е

1. Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекараны күзету /шекара наряды/ туралы Тәлімдемені бекіту және оны күшіне енгізу.

2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекара күзеті жөніндегі мемлекеттік комитет штабы, шекара әскери құрамалары мен бөлімшелері командирлері, шекара застава бастықтары мемлекеттік шекара күзеті учаскелерінде, осы Тәлімдеменің қағидаларына сәйкес қажетті шаралардың ұйымдастырылуын қатал талап етеді.

3. Әскерлер даярлау, тәрбие және әлеуметтік-құқық жұмыс басқармалары, 1996 жылға арналған тәрбиелік және жауынгерлерді әскери даярлау жоспар-бағдарламаларына өзгерістер мен толықтыруларды енгізіп, осы Тәлімдеме талаптарын насихаттау жұмыстарын меңгеру жоспарлы өткізілсін.

4. Қазақстан Республикасының шекара әскерлерінің бүкіл дербес құрамаларына осы Тәлімдемені оқып үйрену, нақты білу және оны шекара заставасы учаскесінде мемлекеттік шекараны күзету мен ұйымдастыру кезінде қатаң басшылыққа алынсын.

5. Қазақстан Республикасының Әскери Институтының әскери қызметшілері мен Шекара әскерлерінің дербес құрамалары осы бұйрықпен таныстырылсын.

6. ҚР ҰҚК 30 желтоқсан 1994 жылғы N 92 Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасын күзету туралы шекара әскерлерінің Тәлімдемесін бекіту жөнінде" бұйрығының Қазақстан Республикасының территориясында күші жойылсын.

Мемлекеттік Комитет Төрағасы  
генерал-лейтенант

Ұлттық қауіпсіздік  
комитеті Төрағасының  
бұйрығына N 1 қосымша  
1996 жылғы 25 қаңтар

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын  
күзету туралы тәлімдеме

Шекара наряды

Бірінші тарау

Жалпы ережелер

Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасы туралы

1. Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасы дегеніміз Қазақстан Республикасы территориясының шегін - құрлығының, суының, жер қойнауының және әуе кеңістігінің шегін айқындайтын сызық және осы сызық арқылы өтетін беткі қабаты.

Мемлекеттік шекара Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарымен және Қазақстан Республикасы Жоғары Кеңесінің шешімдерімен белгіленеді.

2. Қазақстан Республикасы аумағының тұтастығын және мемлекеттік шекараның қол сұғылмайтындығын халықаралық принциптерін басшылыққа ала отырып: мемлекеттік шекараны Қазақстан Республикасы егеменді құқықтарының бүкіл билігіне ие болатын территорияның /құрлықтың, судың, жер қойнауының, әуе кеңістігінің/ заң жүзінде баянды етілген кеңістік шегі ретінде қарастырады, бұрынғы КСРО жөнінде жарияланған құқықтық мирасқорлықты басшылыққа ала отырып, қазіргі халықаралық шарттарды соның ішінде Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасы туралы" және КСР Одағының бұрынғы республикалары болған басқа да мемлекеттердің әкімшілік-территориялық жігін айыру туралы актілерде белгіленген осы Заң кірген күні өз мемлекеттік шекарасының өтуін қ у а т т а й д ы .

Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасын белгілеген және оның өтуі өзгерген кезде, Қазақстан Республикасының шекарадағы шектес мемлекеттермен құқықтық қатынастарды орнатқан және қолдап отырған кезде, Қазақстанның шекаралық аудандарында /акваторияларында/ және Қазақстан территориясындағы

халықаралық қатынас жолдарында құқықтық қатынастарды реттеген кезде Қазақстан Республикасының қауіпсіздігі және халықаралық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсаттарын, шекаралас мемлекеттермен өзара тиімді ынтымақтастық мүдделерін, шекара мәселелерін бейбіт, күш қолданбай шешу принциптерін басшылыққа алады.

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттермен мемлекеттік шекара тәртібін белгілеп және оны қорғау жөніндегі қызметті үйлестіріп отырады.

3. Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасы туралы Заңдары Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді. Ол Заңдар мемлекеттік шекараны белгілеу және оның өтуін, оның айқындар көрсетілу тәртібін, Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасын белгілеу ретін және оны ұстау тәртібін, шекара тәртібі мен өткізу пункттеріндегі тәртіпті белгілейді. Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасын қорғау саласындағы қатынастарды реттейді. Ол Заңдар осы Заңнан және Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасының мәселелері жөніндегі Қазақстан Республикасының осы Заңға сәйкес шығарылатын басқа да заң және нормативтік актілерден құралады.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекара туралы Заңдары Қазақстан Республикасы қатысушы болып табылатын халықаралық шарттар, келісімдер мен басқа да актілер негізінде құрылады. Қазақстан Республикасы Заңдарының ережелері мен Қазақстан жасаған халықаралық шарттардың ережелері сәйкес келмеген жағдайларда халықаралық шарттар қолданылады.

4. Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасын қорғау Қазақстан Республикасының қауіпсіздігін қамтамасыз етудің жалпы мемлекеттік жүйесінің ажырағысыз құрамдас бөлігі болып табылады және ол мыналарды көздейтін саяси, әскери, құқықтық, ұйымдық, экономикалық, экологиялық, техникалық, оперативтік және басқа шаралар жүйесін іске асыруды білдіреді.

Қазақстан Республикасының белгіленген мемлекеттік шекарасының өтуін құқыққа қарсы, күш қолдану арқылы өзгертуге, шекаралас мемлекеттердің немесе олардың азаматтарының Қазақстан Республикасы территориясының шекарадағы учаскелерін Заңсыз пайдалануына /игеруіне/ жол бермеу;

халықаралық шарттарда және Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасындағы құқықтық қатынастарды, осы құқықтық қатынастарға қол сұғатын қылмыстар мен әкімшілік қылықтарға қарсы күресте заң адамдарының және нақты адамдардың сақтауын қамтамасыз ету;

Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасында жеке адамның, қоғам мен мемлекеттің мүдделерін сыртқы және ішкі қол сұғушылықтардан қорғау.

Қазақстан Республикасының құрлықтағы, теңіздегі, өзендердегі және басқа су қоймаларындағы мемлекеттік шекарасын қорғау шекара әскерлеріне, ал әуе кеңістігінде - әуе шабуылынан қорғану әскерлеріне жүктеледі.

Мемлекеттік шекараны қорғауға Қазақстан Республикасының Заңдары белгілеген

құқықтары шеңберінде басқа да министрліктер мен ведомстволар қатысады.

5. Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасы Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарында басқа жағдай көзделмеген болса, былайша белгіленеді:

Құрлықта жер бедерінің сипаты нүктелері мен сызықтары немесе анық көрінетін  
б а ғ д а р л а р б о й ы н ш а ;

теңізде - Қазақстан Республикасының территориялық теңізінің сыртқы шегі  
б о й ы н ш а ;

өзендерде /бұлақтарда/ - олардың орта тұсы бойынша немесе өзеннің негізгі сағасының орта тұсы бойынша; басқа да су қоймаларында - Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасының су қоймасының жағасына шығатын біріктіретін тура сызық бойынша.

Қазақстан Республикасының өзен /бұлақ/, басқа су қоймасы бойынша өтетін мемлекеттік шекарасы олардың жағаларының сипаты немесе су деңгейі өзгергенде де, сондай-ақ өзен /бұлақ/ ағысы белгілі бір жаққа ауытқыған жағдайда да өзгермейді;

Су топтарының су қоймаларында және басқа жасанды су қоймаларында олар толтырылғанға дейін жер бедеріне қарап өтетін Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасына сәйкес;

темір жол және автомобиль жолдары көпірлеріне, өзендердің /бұлақтардың/ шекаралық учаскелері арқылы өтетін тоғандарда және басқа құрылыстарда Қазақстан Республикасының су бойынша мемлекеттік шекарасының өтуіне қарамастан, әлгі құрылыстардың орта тұсы бойынша немесе олардың технологиялық дінгегі бойынша белгіленеді.

Қазақстан Республикасының территориялық теңізіне жағалаудағы теңіз сулары жатады, олардың енін Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары немесе Қазақстан Республикасының мемлекеттік өкіметінің жоғары органдарының шешімдері белгілейді.

Қазақстан Республикасының ішкі суларына мыналар жатады:

Қазақстан Республикасының теңіз жаққа қарай неғұрлым қашықта өтетін порттардың гидротехникалық және басқа құрылыстары арқылы өтетін сызықпен шектелген порттардың сулары;

жағалауы Қазақстан Республикасының иелігіндегі өзендермен басқа да су қоймаларының сулары.

Каспий теңізінде ішкі суларға жататын акваториясын Қазақстан Республикасының мемлекеттік өкіметінің жоғары органдары және Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары белгілейді.

Қазақстан Республикасының жерге /су бетінде/ қарап Қазақстан халықаралық шарттары негізінде жүргізілген мемлекеттік шекарасының өтуін дәлдей түсу туралы құжаттар Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің бекітуіне жатады.

6. Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасының жеріне қарап белгілеу

айқын көрінетін шекара белгілері бойынша көрсетіледі.

Шекара белгілерінің түрлерін, көлемдерін, олардың сипаттамасын және белгілеу тәртібін Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті және Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары айқындайды.

7. Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасы қасиетті және оған қол сұғылмайды. Мемлекеттік шекараны күзету - Отанды қорғаудың ажырағысыз бөлігі болып табылады. Оның саяси, әскери және экономикалық маңызы зор, сондықтан да мемлекеттік шекараны күзету - ең жоғары дәрежелі және әрбір шекарашыға үлкен жауапкершілік міндеттелінеді.

8. Шекарашы - Отанды шексіз беріле сүйіп және халыққа ынтымақпен беріліп қызмет етіп, әскери антына берік тәртіпті, адал, батыл және Қазақстан Республикасының жауларына мейірімсіз болуы қажет.

Шекара әскерлерінің әскери қызметшілерінің атқаратын жалпы міндеттері

9. Қазақстан Республикасының Шекара әскерлерінің әскери қызметшілері / шекарашылары/ өз отанының мүддесін - Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасын қорғайды.

Шекара әскерлерінің міндеттері мыналар болып табылады:

"Қазақстан Республикасының Шекара әскерлері туралы", "Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасы туралы" Заңдарын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы жалпы әскери Қарулы Күштерінің, Шекара әскерлерінің Жарғыларының және осы Тәлімдеменің талаптарын қатаң сақтап, оны шебер іске асырып, адал орындау;

жер жағдайының сипатын жетік білу, шекара өтетін сызықтарды, шекара белгілерінің нөмірлерін, олардың застава шебінде қалай орналасқанын нақты білу; өзіне берілген қаруды, техниканы жетік игеріп, жөндеп, құнттап және олардың түзігін әр мезетте оқ атуға дайын ұстау;

мемлекеттік шекара режимін жете игеріп және шекара сызығының бұзылмауын қатаң сақтау;

мемлекеттік шекараны бұзушылардың ізін кесу және басқа да нышандары арқылы бұзушының өткен жерлеріне іздеу жүргізіп, барлық күш-ынта-зейін салып, бұзушыны асқан шеберлікпен табу;

застава учаскесінде орналасқан тұрақты істейтін радиобайланыс тораптарының немесе байланыс ұялары өтетін және байланыс арналары орналасқан, сондай-ақ оның көрінетін /естілетін/ бағдарлы байланыс зонасын білу;

алға қойылған міндетті тапсырманы орындау жолында жау күшінің сан жағынан басымдылығына қарамастан, ұрысқа батыл кірісу;

мемлекеттік шекараны бұзушыларды іздеу және оларды ұстап алу кезінде өзара жәрдемдесуді, соғыста да жауынгерлік серіктестікті қадірлеу; шекара аймағына кіруге және шекара алқабында болуға құқығы бар Қазақстан Республикасы азаматтары және бөгде адамдардың рұқсат етілген нақты құжаттарын, жалған құжаттардан ажырата білу; мемлекеттік шекараны күзету жөнінде өзінің айлакерлігін, шеберлігін, табандылығын, тапқырлығын, жауынгерлік дәстүрлерді жалғастырушы, оны жоғары дәрежеде сақтаушы ретінде және оны өз бөлімшесіне жалғастыру жөнінде ынтасын білдіру.

- Заңдылықты қатаң сақтау.

10. Мемлекеттік шекара аймағында және шекара алқабында болған жағдайларында шекарашының атқаратын міндеттері:

мемлекеттік шекараны бұзып өтуге немесе өткізуге рұқсат беру пункттерінен тыс жерден өтуге тырысқан шекара аймағына және шекара алқабына заңсыз өтуге және өздерін куәландыратын құжаттары жоқ адамдарды ұстап, оларды жақын жерде орналасқан шекара әскери пункттеріне немесе ҰҚК, ішкі істер бөлімшелеріне жеткізу шараларын қолдануы қажет.

11. Шекарашы жоғары қырағылықты көрсету қажет. Ол дұшпанның қулық-сұмдығын анықтау, өзінің шекарашылық шеберлік әдістерін дұшпанға қарсы қолдана білу, мемлекеттік және қызметтік құпияны қатаң сақтау. Мемлекеттік және қызметтік құпияны сақтау мақсатында шекарашыға мына төмендегі мәселелер міндеттеледі: мемлекеттік және қызмет бабындағы құпиялылық жөнінде, осы мәселеге қатысты адаммен тілдесу, бөгде адамның қатысуында сөйлесуге болмайды, ереже қағидаларын қатаң сақтау, байланыс арналары арқылы сөйлесу, қызмет бабына байланысты ережелер мен қажетті құжаттардың тәртібін сақтау, жеке басының хат жазысып алысуы жағдайында мемлекет және қызметі жөніндегі құпиялықты ешкімге айтпауға тиіс.

12. Мемлекеттік шекараны күзету - шекарашының Отан алдындағы міндетті борышын өтеу. Өзінің өміріне қандай қауіп төнсе де, мемлекеттік және қызмет бабындағы құпияны дұшпан қолына берілуіне мәжбүр ете алмайды. Жаралы және қаза болған жауынгерлерді, олардың қару-жарақтары мен төл құжаттарының, киім-кешектерінің дұшпан қолына түспеуіне әрекет жасауы қажет.

13. Шекарашы сұрапыл апатқа ұшырасуымен, шекара ережесін мәжбүрлікпен бұзып шектес мемлекеттің территориясында қалуы жағдайында немесе басқалай жағдай кездесуіне қарамастан, ол міндетті түрде Қазақстан Республикасына қайтуы қажет, ал шұғыл түрде реті келмейтін болса, онда ол мемлекеттік шекара күзету өкілетін мәжбүр болған жағдайын өз Республикасына дереу хабарлауға тиісті, сондай-ақ дипломаттық өкілеттердің өзара кездесу-келісімдерімен шешілуге тиісті.

14. Шекарашы мемлекеттік шекараны күзету режимін және ережелерін

қасақаналықпен бұзса, мемлекеттік шекараны бұзушыларға қарсы шара қолданбаса, шекара күзеті жөніндегі ережелерді әдейі бұзған жағдайда, онда ол Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес қатаң жауапқа тартылады.

15. Мемлекеттік шекараны күзетуде шекарашының ең жақын және ең белсенді көмекшілері халық жасақтары және шекара аймағында тұратын азаматтар, сондай-ақ шекара алқабында мекен тепкен жай адамдар. Шекарашы шекара шебін мекендеген халықтардың әдет-ғұрыптарын, салт-дәстүрлерін құрметтеп, сенімділік артуы қажет.

16. Шекарашылар, мемлекеттік шекараны күзетудегі Қазақстан Республикасының Қарулы Күші, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің және ішкі істер органдарымен бірлесіп, алға қойылған мақсатты жұмыстарды өзара іс-әрекеттерін орындауға міндетті.

17. Мемлекеттік шекараны күзетуді үлгілі атқарғаны үшін,

шекарашыларды Қарулы Күштердің тәртіп жарғысына сәйкес сыйлықтар беріліп, "Шекара әскерлерінің үздігі" кеудеге тағатын белгісімен наградталады.

Шекарашылар, Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасын күзетуде көрсеткен батылдығы, батырлығы, ерлігі үшін мемлекеттік ордендер мен медальдарға ұсынылуы мүмкін.

## Екінші тарау

### Шекаралық нарядтар мемлекеттік шекараны күзетудің негіздері

#### 1. Шекаралық нарядтар, олардың түрлері және атқаратын міндеттері

18. Мемлекеттік шекараны күзетудің негізі болып саналатын әскери бөлімше, шекараның нақты бір учаскесінде үзіліссіз тұрақты күзет қызметін атқаратын - шекаралық әскери застава /бекет/. Шекара әскери заставасының әр уақытта күзету қызметін атқаратын негізгі құрамы - шекара әскери наряды болып есептеледі.

19. Шекаралық наряд дегеніміз - бір немесе бірнеше шекарашылардан тұратын қару-жарақпен жабдықталған, Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасын күзету жөніндегі бұйрықты орындайтын әскери жасақ.

20. Мемлекеттік шекараны күзету үшін заставаның /бекеттің/ мына төмендегідей түрлері тағайындалады: "Шолғыншы /барлаушы/", "сақшы", "Байқау орны /бақылау күзеті, байқау күзеті, қадағалау күзеті/", "Техникалық бақылау күзеті /орын байқау,

қадағалау күзеті/", "Шекаралық орын /шекара күзеті/", "Жылжымалы /қозғалмалы/ шекаралық орын", "Бақылау /тексеру/ орны", "Барлау-іздеу тобы", "Дабыл қағу тобы", "Іздеу /қарау/ тобы", "Тосқауыл", "Торуыл", "Шекаралық айдауыл", "Шекаралық пошта", "Шекарадағы жұмысшылар тобы", "Байланыс және сигнал кезекшісі", "Застава кезекшісі". Жеке нарядтар түрлері басқа да отрядтар бөлімшелерінен, сондай-ақ шекара күзетіндегі әскери кемелер құрамасының радиотехникалық күзетінен тағайындалады. Нарядтың шекті құрамы осы тәлімдемеге сәйкес және шекара жағдайларына қарай анықталады. Шекарашылардағы жағдайдың шиеленісуіне қарай қару-жарақпен ірілендірілген наряд жіберілуі мүмкін, қажет болса бронетранспортерлер немесе соғыс машинасымен жабдықталған жаяу әскер жөнелтіледі.

21. Шекаралық наряд застава бастығына /бөлімше командиріне/, шекара комендатурасының комендантына, шекара отрядының бастығына, олардың орынбасарларына, сондай-ақ нарядты жіберушіге бағынады.

Наряд - әскери қызмет атқарушыларды тексерушінің де нұсқауларын орындайды, наряд қызметін тексерушілердің нарядты орнынан алуға немесе бастапқы орнынан басқа учаскеге ауыстыруға құзыры жоқ.

Күзеттегі нарядты орнынан алу және оны басқа учаскеге ауыстыру тек қана застава бастығының /бөлімше командирінің/ олардың орынбасарларының және негізгі бастықтарының жарлығымен жүзеге асырылады.

22. Мемлекеттік шекара күзеті жөніндегі бұйрықты орындай отырып, шекара нарядының атқаратын м і н д е т т е р і :

Қазақстан Республикасының аумағына қарумен басып кіруді, әскери топтар мен бандылардың шабуыл жасауын тойтару, елді мекенді, мемлекеттік меншікті және азаматтардың жеке меншіктерін қылмысты озбырлықтан қорғау;

мемлекеттік шекараны бұзушыларды тыным таппастан белсенді іздеу салу, немесе олардың күдікті жерлерде болуын табу және оларды шұғыл қуғындау, тұтқындау және п а й д а болған ж е р і н д е құ р т у ;

көршілес нарядтарға мемлекеттік шекараны бұзушыларды ұстауда көмек беру және шұғыл қолдау жасау, басып кіру шабуылын тойтару;

заставадан учаскеге берілген немесе учаскеден заставаға берілген сигналдарды байқау, қарау және ол сигналды іс-әрекетіне шебер пайдалану;

жер бетінің жыл уақытының, ауа райының, немесе адам әрекетінің әсерінен болған ө з г е р і с т е р і н б а й қ а у ;

әуеден шабуыл жасауын үздіксіз бақылау жүргізу және әуеде пайда болған ұшақтарды және ұшатын аппараттар туралы заставаға шұғыл баяндау;

күзет учаскесінде пайда болған өртті сөндіруге шара қолдану;

әскери қызмет атқару орынының қауіпсіздігін және бүркемелігін қатаң орындау, наряд қозғалысының бір ізділік режимін сақтау.



23. Шекаралық наряд бұйрықта белгіленген уақыт бойынша шекара күзеті учаскесін өз бетімен қалдырып, наряд қозғалысы бағытын мына төменгі жағдайларға қарай өзгертеді:

                                 мемлекеттік шекараны бұзушының ізіне түскенде;  
                                 көршілес нарядқа жәрдемдесіп және оған қолдау жасағанда;  
су тасқыны, көшкін, жер опырылып құлау және тағы басқа да табиғи апаттардан зардап шеккенде, әскери қызмет атқару учаскесін шекара нарядшылар өміріне қауіп қатер төнгенде й болса ;

шекарашылар науқастанса /жарақаттанса/ осы себеппен наряд әскери қызметін бұдан әрі жалғастыра алмауына байланысты және бұл жағдайды застава бастығына баяндай алмайтын болса ;

шекара күзеті учаскесін қалдырып кеткенін, наряд әскери қызмет атқару бағытын өзгерткені туралы, мүмкіндігінше застава бастығына бірінші баяндайды.

24. Шекара нарядтарына рұқсат етілмейді:

күзетте тұрған учаскесін /әскери қызмет атқарған орнын/ кезектегі күзетші алмасқанға дейін қалдырып кетуге немесе қозғалу бағытын өзгертуге болмайды, 23 бапта көрсетілген жағдайлар кездессе ғана;

күзет орнын қараусыз қалдыруға, немесе басқа адамға тапсыруға, сондай-ақ қарудың оғын алуға, жабдықтарды алып тастауға, қаруды және техниканы бөлшектеуге рұқсат етілмейді ;

сигнал жинақтарын /жүйелерін/, сезбектерді, су жүргізу құбырларының торлы маталар, кейбір учаскелердегі жеке кедергі жіптерін өз бетімен ажыратуға болмайды;

застава бастығының рұқсатынсыз радиолокациондық станциясы /жинақты/ сөндіруге және олардың экрандарының, сондай-ақ сигналдық жүйенің хабарлау таблосында бақылаусыз қалдыруға болмайды;

көршілес мемлекеттің аумағына прожектор жарығы арқылы сәуле түсіріп, шекара күзетіндегі кемелердің /катердің/, тікұшақтардың, поезд және басқа да көлік құралдарының жүргізушілеріне көзді шағылыстыратындай сәуле түсіруге;

шекара наряды әскери қызмет бабымен тәуелді емес адаммен кез келген елді мекеннің адамдарымен сөйлесуге, олардан заттар алуға тыйым салынады;

қызмет бабына қажетті емес орындарға - сауықжайға, дүкендерге, ел тұратын және адам тұрмайтын үйлерге кіруге;

түнгі уақытта күзет орнында темекі тартып, дауыстап сөйлеп, алау жағып өзін көрсетуге ;

аттарды байлап, ауыздығын алуға және оларды жемдеуге, қос айылды босатуға / алыс учаскелерде әскери қызметін 7 сағаттан ұзақ атқаратындар мен бақылау күзетінен басқалары / ;

әскери қызметіне ден қоймауға және қырағылықты нашарлатуға.

25. Шекара нарядына үзілді-кесілді рұқсат етілмейді:

шектес мемлекеттің аумағына кіруге, басқа мемлекеттің шекара күзеті өкілімен және көршілес мемлекеттің тұрғындарымен сөйлесуге, олармен нәрсе-заттар беріп-алып алмасуға, мемлекеттік шекара арқылы асыра лақтырып тасталған немесе застава аумағында табылған кез келген күмәнді заттарды ұстауға;

26. Шекара нарядына рұқсат етіледі:

мемлекеттік шекара және шекара режимін бұзушы туралы толық мағлұмат алу мақсатында жергілікті тұрғындардан сұрастыру;

қажет болса, ішкі істер және ұлттық қауіпсіздік комитеті қызметкерлерінен Қазақстан Республикасы Қарулы Күшінен әскерлер, сондай-ақ жергілікті мемлекеттік органдарынан, кәсіпорындарынан, мекемелер мен ұйымдардан лауазымды бастықтарынан тағы басқа да азаматтардан жәрдемдесулеріне шақыруға;

алға қойылған мақсатты міндетті түрде тоқтатпай орындап отыру, өздері күзететін учаскедегі апат зардабына ұшыраған адамдарға көмек береді, учаскеде болған жағдайды застава бастығына баяндайды;

шекара бақылау күзетін үздіксіз, асқан қырағылықпен жүргізе отырып, кезекпен су ішеді, күндізгі уақытта темекі тартады, егер қызмет атқару 7 сағаттан асатын болса, онда өздері тамақ ішеді, қызмет малдарына жем-шөп жегізіледі;

наряд құрамы үш және одан да көп шекарашылардан асатын болса, онда атқару уақыты 12 сағаттан асса наряд тұрып демалу ретін, застава бастығы анықтайды /демалушылар саны үште бір мен есептелінеді/;

көршілес мемлекеттің шекара күзетінің өкілдерін /келісім-шарт бойынша/, егер шекара шебінде із табу және шекара бұзылды деген басқалай белгілер табылса әскери қызмет тәртібі бойынша тыңдап, белгіленген жарлыққа сәйкес застава бастығына, немесе оның орнына қалған адамға мәлімдейді;

шектес мемлекеттің шекара күзеті өкілдеріне әскери құрмет береді.

27. Шектес мемлекеттік шекара өкілінің Қазақстан Республикасының өкілін шақыру сигналын естіген бойда, наряд тілдеспей-ақ бұл туралы шұғыл застава бастығын хабарландырады. Шектес мемлекеттің шекара өкілетінің хабарлауынша, Қазақстан Республикасы шекарасына қарай бағытталған із тобы және тағы басқа да шекара бұзылған белгілер тобы барлығын застава бастығына хабарлайды және оның жарлығына сәйкес іс-әрекет істейді.

2. Мемлекеттік шекараны күзетудегі шекаралық нарядтың әдістері /тәсілдері/

28. Шекаралық нарядтар мемлекеттік шекараны күзетудегі алған тапсырмаларын төмендегідей әдістермен /тәсілмен/ орындайды: байқау, тыңдау, қарау, дистанциялық бақылау, құжаттарды тексеру, жергілікті тұрғындардан сұрау, қарау-тексеру, торуыл, іздеу, ізіне түсу және шекара бұзушыларды ұстап алу, тоқтату, құрту, қыру, жою.

29. Мемлекеттік шекара күзетінің негізгі тәсілі "байқау" және осы тәсіл барлық шекара нарядтарында үздіксіз күндіз-түні жүргізіледі.

Байқау пункттерін жер бетінің ең қолайлы, ыңғайлы, көзбен шолуға да болатын, сондай-ақ радиотехниканы да шолуға жарамды жерлерге орналастырылады. Бақылау пункттерінің жасырын және ашық түрлері жүзеге асырылады.

30. Шекара бұзушыларды табуға ең кең тараған әдіс ол дыбысты тыңдау /есту қабілеті/ бұл да тәулік бойының кез келген уақытында дыбысты тыңдау арқылы, дыбыс белгілерімен ұстауға болады.

Шекаралық нарядтар күзет учаскесінде күндізгіге қарағанда, түнде жүргенде жиі-жиі тоқтап дыбыс тыңдаулары қажет.

31. Шекаралық нарядтар қарау жүргізудегі негізгі мақсаты, шекара бұзушылардың із тобын, тағы басқа да бұзушының белгілерін тексереді, жер бетіндегі заттарды, сигналдық және бақылаушы құралдарды шекара бұзушыны табу үшін пайдаланады. Бұл қарау тәсілі барлық шекара нарядтарында қолданылады, сондай-ақ бұзушыны іздеу, қудалау, және ұстап алған соң тексеру кең қолданылады.

32. Күзеттегі объектіні, шекара шебін арақашықтық аспап арқылы бақылау, сигналдық жүйелерді қабылдайтын және жасырын орналасқан шептерді анықтайтын құрал. Арақашықтық бақылау аспабын шекара заставасынан байланыс және сигнал бойынша кезекші (застава бойынша кезекші), сондай-ақ застава күзетіндегі шекаралық нарядтар пайдалана алады.

33. Шекаралық нарядтар, шекара аймағында және шекара алқабында жүрген азаматтардың құжаттарын, сондай-ақ мемлекеттік шекара белгілері белгіленбеген жерлерге де тексереді, шекара бұзушыны және шекара режимін бұзушыларды табу және ұстау мақсатында жүргізеді.

34. Сұрау - мемлекеттік шекараны бұзушы жөнінде толық мәлімет алу мақсатында жергілікті шекара тұрғындарынан сұрау жүргізеді. Әдетте, шекара тұрғындарымен сұрау-әңгімелеуді - офицер және прапорщик атқарады. Шекаралық нарядты басқарып жүрген сержанттар мен солдаттар шекара тұрғындарынан шекара бұзушыны іздеп-табуда және оның ізіне түсіп қудалағанда сұрау жүргізеді немесе шекара аға нарядшысы да егер бұл шекара күзеті бұйрығында аталған болса.

Сұрау жүргізу кезінде әдептілік сақтап, азаматтардың ар-намысына, адамгершілігіне нұсқан келтірмей, шекаралық нарядқа тиісті мәселеге көңіл аударылуы қажет.

35. Қару-тексеру мемлекеттік шекара арқылы алып кетуге немесе өткізуге тыйым салынған заттарды көлік құралдарын пайдаланып шекара бұзушыларды жасырын күйде алып кетуге тырысқанды табу, іздеу, тексеру-қарау, шекара режимін бұзушыларды ұстап қалу.

36. Торуюл - мемлекеттік шекара бұзушының өтеді-ау деген жерлеріне алдын ала жасырын қойылатын шекаралық наряд, бұл нарядтың мақсаты шекара бұзушыларға

тұтқиылдан шабуыл жасап бұзушыны ұстап алу немесе құртып жіберу.

Торуыл - жасырын, әрекетті тұтқиылдылықты, алдын ала келісілген және батылдық т а л а п е т е д і .

37. Іздеу, мемлекеттік шекараны бұзушыларды іздеу - шекара аумағының ауданын мұқият тексеру. Шекара бұзушыны іздеу бір аудан аумағын бұзушының ізін немесе басқалай шекара режимін бұзбау деген күмәнді белгілері пайда болған жағдайда ғана б а с т а л а д ы .

38. Қудалау - ізіне түсу, шекаралық наряд - шекара режимін бұзғаны туралы күмәнді болса немесе бұзушының із тобы табылса онда мүдiрместен шекараны бұзушының соңынан түсіп, оны тез уақытта тауып құртуға тиісті.

39. Мемлекеттік шекара бұзушыны тоқтату, ұстап алу табандылықпен өте тез қарқынмен іркілместен, бұзушының өздігінен тоқтатуына қару-жарағын өзі беруіне және өзінің қолға түсуіне мәжбүр ету үшін тұтқиылдан шабуыл жасау қажет.

40. Мемлекеттік шекараны бұзушы бандалар, оларды ұстау, басып алуда қарулы қарсылық көрсетсе және бұған басқа әдіспен қарсылық көрсетудің мүмкіндіктері қалмағанда, Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекара күзетінде шекаралық наряд бұларға қарсы қарулы шабуыл жасап басып кіруін тойтарады және оларды соғыс к ү ш і м е н қ ұ р т а д ы .

### 3. Мемлекеттік шекараны күзету құралдары, қаруландыру мен техника

41. Мемлекеттік шекара күзетінде тұрған шекаралық нарядтардың әскери қызметіне пайдаланылатын қару-жарақтар мен техникалар мыналар: қару, сигналдық құралдар, байқау және тұрған жерді /орынды/ жарықтандыратын құралдар, автокөліктер мен бронетанк техникасы /машинасы/, шекара күзетіндегі шағын катер /шлюпка/ және байланыс құралдар. Дербес тапсырмаларды орындағанда шекара нарядтарына тікұшақ б е р і л у і м ү м к і н .

42. Шекарашы нарядтың қарулары: тапанша, автомат, пулемет, гранаталақтырғыш, қол гранатасы тағы басқа да осыған қажетті оқ-дәрілер.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасына төнген арандатушылықты құрлықта, суда және әуе кеңістігінде болған басып кірушілікке тойтарыс беру, қарсы шабуылға шығу үшін, мемлекеттік шекара қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында шекара нарядтары қару қолданады;

қызмет міндеттерін немесе мемлекеттік шекараны қорғау жөнінде қоғамдық борышын орындап жүрген әскери қызметшілерге, басқа да адамдарға жасалған шабуылға, олардың өміріне тікелей қатер төнген кезде оған тойтарыс беру;

азаматтардың өмірі мен денсаулығына қатер төндіретін шабуылдан оларды қорғау, сондай-ақ кепілдегі адамдарды босату.

43. Сигналдық құралдар - сигналды аспаптар жиынтығы немесе жүйесі. Шекара шебіндегі инженерлік құрылыстар сигналдық жүйелермен бүркеленеді және нормаланады. Шекаралық наряды күзетіндегі кейбір /объектілер/ учаскелер сигналдық аспаптармен бүркеленеді.

44. Байқау құралдарына радиолокациялық станция және байқау құралдары қосылды.

Радиолокациялық станциясы арқылы және дұшпанның жай көзіне көрінбейтін объектілерімен, түн қараңғысында барлау жүргізуге болады.

Байқау аспаптары және бірнеше оптикалық аспаптары құрамы түнгі уақытта бақылау жүргізуге пайдаланылады. Түнгі бақылау аспаптары шектелген қашықтықта орналасқан объектілерді, нысаналарды бақылауға қолданылады.

Түнгі көру аспаптары түнгі соғыс жағдайына, автокөліктер мен бронетранспортерді түнгі жағдайда жүруіне де пайдаланылады.

45. Жарықтандыру немесе жарық сәуле түсіру құралдары дегеніміз - жылжымалы прожектор қондырғысы, таралымды жарық түсіретін және дара жарық сәуле түсіретін болып пайдаланылады. Әдетте, прожекторлық жарық сәулесі су бетіндегі объектілерді, кейбір инженерлік құрылыстар мен кедергілерді көруге, іздеуге және нысаналарды тануға, сондай-ақ шекара нарядтары шекара күзетіндегі кемелердің /катерлердің/, тікұшақ экипаждарының мемлекеттік шекара бұзушыларды іздегенде және ұстау кезіндегі іс-әрекетін қамтамасыз ету үшін қолданылады.

Прожектордың таралу жарық сәулесімен жер учаскесін және объектілерді көруге болады.

Дербес шам жарықтарын түсіру арқылы /іздерді/ теңіз, өзен, су жағасындағы саяз жерлерді, автокөліктерді тексергенде, сондай-ақ басқа біреулерге сигнал беруге пайдаланылады.

46. Автокөлік техникасына жататындар: жеңіл автокөлік, жүк таситын, арнаулы автокөлік, шынжыр табанды көлік және қарда жүргіш. Шекаралық нарядшыларды қызмет атқаратын орындарына апарып және қайтып алып келетін көлік құралдары, сондай-ақ мемлекеттік шекара бұзушыларды іздегенге немесе басқа да жұмыстарды қамтамасыз етеді.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасына қарулы басып кіруге ұмтылғандарға шекара бұзушы бандаларға, арандатушыларға қарсы және оларға тойтарыс беруге бронетанка /бронетранспортерлер, басқа да соғыс машиналары, жаяу әскер / қатысады.

47. Теңізде, өзендерде, көлдерде және басқа да су тоғандарында күзетте тұрған шекаралық нарядтар - шекаралық шағын катерлерді /шлюпкаларды/ қызмет бабында пайдаланады. Бұл катерлермен /шлюпкалармен/ шекара бұзушыларды іздеу, қудалау және шекаралық нарядтарды алыстағы учаскелерге, аралдарға апару және қайта алып келу үшін пайдалана алады, сондай-ақ шекара қызметіне қажетті жұмыстарды

а т қ а р а д ы .

48. Байланыс құралдары - өткізгіш, радиосигналдары және басқа да таратушы құралдардың жылжымалы қосындылары. Шекаралық нарядтар заставамен хабарласуына, нарядтар бір-бірімен сөйлесуіне, шекара күзетіндегі теңіз катерлерімен, тікұшақ /ұшақтар/ экипаждарымен хабарласуы үшін әртүрлі байланыс құралдары қ о л д а н ы л а д ы .

Шекара қызметінде өткізгішті байланысты пайдаланады, ал нарядтар тұратын учаскелерде жол бойы байланыс ұялары қондырылады, ал барлық шекара нарядшыларына мөлтек телефон беріледі.

Нарядтармен байланысты үзбеу үшін радиостанциялармен қамтамасыз етіледі, әрбір шекарашы радиостанцияны пайдалана білуі міндетті.

Көрсетілген сигнал және дыбыстау, сәуле түсіру сигналдары арқылы берілетін белгілер реті болған жағдайларда онда нарядтар арасындағы байланыстар тапанша ату, қол шамын немесе семафорлық жалау көтеру қолданылады радио, тартылмалы байланыс құралдары істен шыққан жағдайда жылжымалы /қозғалмалы/ байланыс құралдары шекаралық поштаны жеткізу үшін, басқа да застава бастығының бұйрығын және хабарламасын жеткізу үшін пайдаланылады.

49. Шекара күзеті тікұшақ арқылы атқарылатын болса, онда шекарашылар тікұшақтың қонатын-ұшатын жағдайына баса көңіл аударуға міндетті. Тікұшақ экипаж командирінің бұйрығын шекара күзетшілері бұлжытпай орындауға міндетті.

50. Мемлекеттік шекара күзетінде қолданылатын қару-жарақтардың, техниканың тактикалық сипаттамаларын әрбір шекарашы жақсы білуге міндетті және оларды тасымалдау және соғыста пайдалану кезінде ұқыптылықпен қарап-сақтау ережелерін б і л у к е р е к .

Бұдан басқа да, застава мамандары, өздеріне бекітілген техниканың, қарудың құрылысын жақсы игеріп, сынған, бұзылған бүлінген жерлерін жөндеп, істен шыққан қару-жарақ, техника туралы застава бастығына баяндап және техниканың жөндеу-пайдалану кезінде өз қауіпсіздігін сақтауға міндетті.

### Инженерлік құрылыстар және бөгеттер

51. Инженерлік құрылымына мына қосылымдардан: шекара белгілері, із табын бақылау алқабы, бақылау пункттері, радиолокациялық және прожекторлық станциясы тұрғысынан, шекара жолдар және сүрлеу жол /соқпақ/, бақылау және қыздырыну / жылыну/ пункттерінен, қорғаныс құрылыстарынан тұрады.

52. Мемлекеттік шекара шегін таңбалау үшін белгілер қойылады. Шекара белгісі ретінде: бағана /дінгек/, үйінді /қазу/, көпжақ /төбе, оба/, жақтау жарма, қалқыма белгі, қ а р а қ ш ы , қ а д а б е л г і .

53. Мемлекеттік шекараны бұзушыларды анық табуда ең басты белгі із табын

бақылау алқабы. Бұл алқаптардағы іздерге баса назар аударылуы қажет. Із табын бақылау алқабы екі түрге бөлінеді - негізгі және қосымша із табын бақылау алқабы б о л ы п .

54. Бақылау пункттері - күзеттегі учаскені шектес мемлекеттің жеке объектілерін бақылау /байқау/ жүргізу үшін қажет.

Бақылау /байқау/ пункті жасырын және ашық байқау пункттері екі түрде құрылады.

55. Радиолокациялық және прожектор стансасы тұрақтары шекара техникалық бақылауға арналып қойылған. Олардың тұрақтары негізгі және көшпелі /жылжымалы, т а с ы м а л д ы / тұрақтардан құралады.

56. Шекаралық жолдар шекара нарядтарының алдына қойылған мақсатты орындау қозғалуын және шекара шебінде автокөліктерді, бронетранспортерлерді пайдаланып, орын алмастыруға арналған. Қағида бойынша егер бүркемелі және негізгі шекара инженерлік құрылыстар шебінде жабдықталады.

Шекара соқпақтары шекара нарядтарының атпен және жаяу жүруге арналған. Әдетте, застава учаскесінде тексеру сүрлеу жолы, шолушы сүрлеу жолы, іздеуші ит бапкерінің сүрлеу жолы, сигналшы мамандарының соқпақ жолы болады. Қыста қар түсуіне байланысты із табын бақылау және шолушы үшін шаңғы жолы салынады.

57. Мемлекеттік шекара аймағында және шекара алқабы жолдарында шекара режимін бақылау-тексеру үшін, шекара күзетіндегі нарядшыларға арналған бақылау-тексеру пункттері салынады, бұл салынған пункттер тұрақты немесе уақытша с а л ы н у ы м ү м к і н .

58. Шекара нарядшыларының жүретін жолында, әскери қызметтің ұзақ уақыт атқарылуына байланысты нарядшылар демалатын немесе ауа райының қолайсыз жағдайынан қорғаланатын паналау пункті салынады. Ауа райының қолайлы жағдайына бұл паналау пунктіне нарядшылардың кіруіне рұқсат жоқ.

59. Шекара қорғаныс құрылыстар шекара нарядын және олардың қару-жарақтарын дұшпан снарядын талқандауынан сақтау үшін құрады. Бұндай оқпаналар жеке адамдар үшін және топ қарулар үшін ұзақ уақыттың бекініс, бронетранспортер, жаяу әскерлер соғыс машинасын, тағы басқа да техникалар, қорғанатын құрылыстар.

60. Шекара шебіндегі сигналды инженерлік қоршау басқа да бөгеттер мемлекеттік шекара бұзушылардың өтіп кетуіне қиындықтар туғызу үшін жасалған. Соның салдарынан шекара нарядшылары шекара бұзушыларды шұғыл ұстап алуына м ү м к і н д і к т е р т у ғ ы з а д ы .

61. Мемлекеттік шекара күзетінде заставада тұрған: шекаралық нарядшылар, инженерлік қоршаудың және басқа да бөгеттердің нақты тұрған жерлерін, оларға бару жолдарын, дайындық жағдайларын, егер бұзылған немесе істен шыққандары болса, ол туралы застава бастығына шұғыл хабарлауға міндетті.

62. Шекара қызметінде иттер төрт түрлі бағытқа дайындалады: іздеуші-ізшіл ит, күзетші ит, қарауылшы ит, арнайы бағытқа қажетті иттер болып. Бұл аталған иттер шекара күзетіндегі шекара нарядшыларына тигізетін асып-жетерлік, шекара бұзушыларды табуда, із табына түсуге, олардың соңынан түсіп қудалағанда, шекараның шебінен жасырын заттарды алып кетушілерді ұстауға көмектеседі.

Ит баулаушы маманның міндеттері: өзіне бекітілген итті ұдайы жаттықтырып отырады, өз уақытында күтіп-баптау, шекара қызметіне бір сағат шығар алдында тамағын ішкізу қажет, одан соң шекара алқабына байланысты иттің мінез-құлқын, қимылының өзгеруіне қарай, шекарадағы көлік құралдары және тасымалдан жүктерден түскен заттарды табуына қарап, болған өзгерістерді және иттің денсаулығы немесе соғыс кезінде алған жарақаты болса, оны шұғыл түрде застава бастығына баяндау қажет.

63. Шекара нарядшылары шекара күзетінде автокөлік жете алмайтын учаскелерге жылқы күшін пайдаланады. Жылқы шекара нарядтарының жүріп-тұруына ең қолайлы көлік.

Шекарашы нарядтары шекара жылқыларын күтіп-баптауды және оларды шекара шебіне қалай пайдалануды білуге міндетті.

#### 4. Шекаралық нарядты басқару

64. Екі немесе одан да көп санды шекара нарядын басқару, аға шекара нарядшысына жүктеледі.

Оған застава учаскесін жақсы игерген, білікті, жігерлі, тәртіпті, нарядты шебер басқара білетін, қабілетті, сержанттар мен солдаттардан іріктеледі, оны застава бастығы тағайындайды. Белгіленген тәртіп бойынша куәлік және кеудеге тағатын "Аға шекара нарядшысы" белгі беріледі.

"Аға шекара нарядшысы" болу әрбір шекарашыға жауапты міндет әрі үлкен құрметті атақ.

65. Шекара заставасының кезекшісі аға шекара нарядшысы тағайындалғаны туралы хабарлаған сәттен бастап, шекаралық наряд алдына қойылған міндеттерді атқарады және қару-жарақты, оқ-дәріні өткізгенге дейін, аға шекара нарядшысы осы наряд құрамының дербес бастығы болып есептеледі.

Аға шекара нарядшысы мемлекеттік шекара күзеті жөніндегі бұйрықты орындау, бекітілген учаскедегі іс-әрекеттеріне және наряд құрамасының тәртіптілігіне жауапты. Осы Тәлімдемеде белгіленген талаптарды орындауға міндетті, өзі қарамағындағы әскерлерге үлгі застава учаскесін жақсы білу, компас, карта /схема/ және жер бедерін мейлінше меңгерген, шекара бұзушылардың іздерін жақсы ажырата білетін, шекара



күзетінде қолданылатын қару-жарақ пен техниканы жақсы білуге міндетті.

#### 66. Аға шекара нарядшысының міндеті:

Бұйрықта көрсетілген уақыт бойынша нарядты мемлекеттік шекара күзетіне шығаруға дайындау және әскери қызметін атқаруды ұйымдастыру;

наряд қызметін атқару кезінде әскерлердің жауынгерлік әзірлігін және шекара күзетінде қырағылықты, өзара жарғылық қарым-қатынасты, тәртіпті сақтауды қ а м т а м а с ы з е т у ;

шекара нарядының бүркемелігін, қауіпсіз қызмет атқаруын және із режимін бұзбауды сақтауды қамтамасыз ету;

өз қарамағындағы шекара нарядының іс-әрекетін үздіксіз қадағалап және оларды қ а т а н б а с қ а р у ;

шекара нарядының қару-жарақты, техниканы ұқыпты ұстап, қызметтегі жануарларды тиімді пайдалануды қамтамасыз ету;

өз қарамағындағы шекарашылардың өміріне және денсаулығына тұрақты қ а м қ о р л ы қ ж а с а у ;

шекара заставасымен, көршілес шекара нарядымен, сондай-ақ шекара күзетіндегі кемелермен /катер/, тікұшақ экипаждарымен байланысты үзбеу.

#### 67. Аға шекара нарядшының құқтылығы:

өз қарауындағы шекарашыларға шекара мәселелері жөнінде тапсырмалар беріп, осы берілген тапсырмаларының орындалуын сұрауға;

күзетуге тиісті учаскеде және қалыптасқан жағдайға байланысты, застава бастығының тапсырмасының шеңберінде, шекара бұзушылардың ізіне түскенде, оларды ұстауға, сондай-ақ арандатушылықтың жолын кескенде, қарулы басып кіруге тойтарыс іс-әрекетін жасауда, өз бетінше шешім қабылдауға;

нарядты басқару үшін қосымша сигналдар мен бағдарламалар тағайындап және шекара нарядтарын өзара байланысты үзбеуге;

шекара заставасымен байланыс үзілген кезінде, осы Тәлімдеменің 23-бабына сәйкес , шекара күзет орнын өз бетінше қалдырып, шекара наряд қозғалысының бағытын ө з г е р т у г е .

68. Аға шекара нарядшысы мемлекеттік шекараны күзету жөніндегі бұйрықты алысымен, мына төмендегі қызметті орындауға тиісті: шекара күзетінің мақсаты, күзетілуге жататын учаске наряд түрлерін, нарядты шығару тәртібі және бағыты, мерзімі, әскери қызмет өткеру әдісі, қару-жарақты, техниканы және қызметтік жануарларды пайдалану реттері, көршілес шекара нарядтарының орналасқан жерлері, және олармен қарым-қатынас тәртібі, шекара заставасымен, көршілес нарядтармен, шекара күзетінде кемелермен /катерлермен/, тікұшақ экипажымен үзіліссіз байланыс ұстау, қай жақтан, қашан көмек күтуге болатыны, олардың өткізу, шақыру және айыру б е л г і л е р і н а н ы қ т а у ;

Шекара бұзушы /дұшпанның/ қылығын, жиналған мағлұматтарды, оның шекара

шебіндегі қорғаныстарын, бүркемелерін, жасырын келетін жолдарын, маңайға жолауға мүмкіндігі бар шекара бұзушы тығылатын жерлерін бақылау, сондай-ақ маңайланатын инженерлік қоршау, басқа да табиғи кедергілер, тыңдау арқылы бақылау жүргізуге болатын жерлерді, тәулік бойындағы ауа райының, жыл мезгілінің өзгерістерін есепке алу ескеру ;

өз қарауындағы шекарашыларға міндет қою, нарядтардың өзара іс-әрекеттерін ұйымдастыру, шешім қабылдау.

69. Аға шекара нарядшысы, қағида бойынша, жауынгерлік шешімді заставада қабылдайды, жеке нарядшыларға өз алдына міндеттер жүктеледі, өзара іс-әрекеттер тәртібі белгіленеді, ал шекара күзет орнына келген бетте, учаске жағдайына байланысты өзгерістер енгізіледі, анықтайды.

70. Аға шекара нарядшысы, шекара нарядын шекара күзетіне шығарар алдында: күзет нарядының жүру бағдарын, жер бетін бақылау-тексеру, нарядты бүркемелеу шараларын, наряд қауіпсіздігін шекара бұзушыны тапқанда немесе шекара шебінің бұзылған белгілерін байқағанда қалай іс-қимыл жасау қажеттігін, дұшпанмен кенеттен кездескенде өзара қалай әрекеттесуді және нарядты басқару сигналдарымен таныстырады .

Негізгі шекара күзетін атқаратын учаскеге келгенде, күзетте тұратын учаскені қалай қабылдау ретін шекара нарядшыларына түсіндіреді. Шекараны бұзушыны тапқанда, қару-жарақты, техниканың және қызметтік жануарларды қалай пайдалану, ал сигналдық құралдардан дабыл түскенде, шекара бұзушыны тапқанда жасайтын іс-әрекеттерді ;

Аға шекара нарядшысы өзінің тұратын жерін жағдайға байланысты анықтайды. Аға шекара нарядшысы барлық жағдайды көріп тұратын жерге орналасуы қажет. Қызметші итті баулушы маман, қағида бойынша, наряд құрамының алдында жүруге тиісті.

71. Аға шекара нарядшысы шекара күзетіндегі іс-қимылдардың ынтымақтастығын, бірлестігін, ортақ мақсаттың орындалу тәсілдерін, бірыңғай жетістікке жететіндей етіп ұйымдастыруы қажет .

72. Мемлекеттік шекара күзетіндегі шекаралық наряд, застава бастығының тапсырмасына сәйкес, көршілес нарядтармен бірлесе, шекара резервімен және тікұшақ /ұшақ/ экипажымен, сондай-ақ әскери бөлімшелерімен және Соғыс-Теңіз Флоты іс-әрекетімен қимыл жасайды. Бұдан басқа да, теңіз жағасындағы /шекара өзендерінде, көлдерінде немесе былайғы тоғандарда/ техникалық бақылау күзеті және басқалай шекаралық нарядтар, шекаралық шағын катерлер /шлюпкалар/, шекара күзетіндегі кемелер /катерлер/ және Әскери-Теңіз Флоты радиотехникалық бөлімшелерімен бірлесіп іс-қимыл атқарады .

Шекара күзетіндегі нарядтардың бірлескен іс-қимылы мына төмендегі: шекара шебіндегі хал-ахуалды жақсы білу, көршілес нарядтардың алдағы мақсаттарын шебер орындауы, қару-жарақты, техниканы тиімді пайдалануы, шекара күзеті жөнінде өзара

хабарласуы, бір-бірімен үздіксіз байланыста болу және заставамен үнемі байланысты  
ү з б е у .

73. Барлық шекара нарядтары қай минутта болса да көршілес нарядқа көмек  
к ө р с е т у г е                      д а й ы н                      б о л у ы                      қ а ж е т .

Мемлекеттік шекараны бұзушының ізіне түскенде және оны тоқтатуда екі немесе одан да көп нарядтың бірлескен күш қимылын әскери шені жоғары басқарады, ал шендік дәрежелері теңдес болғанда, онда бұл іс-қимылды басқаруды соғыс әскеріне бірінші болып кіріскен аға шекара нарядшысы басқарады.

Егер нарядқа көмекке застава резерві келген болса, онда нарядтың, резервтің іс-қимылын басқаруды шендік дәрежесі жоғары офицер, прапорщик немесе сержант  
б а с қ а р а д ы .

Бірлескен іс-әрекет аяқталған соң, басқалай жаңадан бұйрық болмаса, нарядты қолдауға келген резерв өз орнына қайтып барады да, бұрынғы жүктелген міндеттерін  
ж а л ғ а с т ы р а    б е р е д і .

Бұрынғы күзет орнына қайтып келіп әскери қызметті жалғастырып жатқаны туралы аға шекара нарядшысы застава кезекшісіне баяндайды.

74. Тікұшақ /ұшақ/ экипаждарымен өзара қарым-қатынасты үзбеу мақсатында шекаралық нарядтар мына мәселелерді орындауға міндетті:

өзара іс-қимылға қажетті белгіленген сигналды және байланыс тәртібін үзбеу;  
экипаждың талабы бойынша наряд тұрған жерді белгілеу және шекара бұзушының кетіп бара жатқан бағытын сілтеу, экипажға қай объектіні /бағытты/ әуеден қарау керектігін радиобайланыс арқылы хабарлау, экипаждан берілетін сигналдарға көңіл аударып және шекара бұзушы тұрған жері анықталғанда, оны ұстауға шара қолдану.

75. Теңіз жағалауында әскери қызметін атқарып жүрген шекара нарядшылар / шекара өзендері, көлдері немесе тоғандары/ теңіз бетіне /Қазақстан бөлігіндегі өзен, көл тағы басқа да тоғандарда мемлекеттік шекараны бұзушы кемелердің және олардың байқалған белгілерін шекара күзетіндегі байқаушы кемелерге /катерлерге/ кезінде  
х а б а р л а у ғ а    т и і с т і .

Теңіз /өзен, көл, су қоймаларына/ жағалуына шекара бұзушыларды түсіргені және оларды іздеу, ұстап алу жөніндегі шаралар қолдану қажет.

Қарулы қақтығыста - наряд және кеме /катер/ арнайы сигналды күтпей-ақ бірін-бірі  
о қ                      а т ы с п е н                      қ о л д а у ы                      к е р е к .

Наряд пен кеме /катер/ арасында байланыс радиомен және белгіленген сигналдармен жүзеге асырылады. Өзаралық байланыс кемедегі радио арқылы болса, онда барлық басқару кеме жүйесі беріледі. Айырым белгілері танымалысыз нысаналарды кемедегі нарядтар қолына алады.

76. Шекара нарядтары өзара байланыстары үзілген радио, сымды арнайы байланыс қалпына келтіруге болмаған жағдайда, онда мынадай байланыс сигналдары қолданылады: "Біздің тылды бұзып өтті", "Шекараны бұзып өтті", "Жедел

көмектесіңіздер", "Дұшпан қарумен басып кірді", "Дабыл топтары келсін", "Сәуле берілсін".

Шекара нарядына жаңа тапсырма және оларды заставаға жинау үшін мынадай: "Заставамен байланыс орнатылсын" және "Заставаға келсін" деген сигналдар белгіленеді.

Табиғат апатының қауіпті жағдайында /жер сілкінісі, қар көшкіні, опырылып құлау, су тасу, тасқын, дауыл/ "Апат" сигналы белгіленеді.

Нарядтардың заставамен қатынасуы үшін "Бағдардан адастым" атты сигналы белгіленеді.

Заставаның шекара нарядынан сигналды алғанын растау үшін "Сигнал қабылданды" деп застава кезекшісіне немесе оның бұйрығы бойынша застава сақшысы белгі береді.

Кейде, шекара нарядының заставадан қашықта орналасуына немесе ауа райы құбылыстарының жағдайсыздығына қарай /боран, жел, жаңбыр әсерінен/ берілген сигналдар заставаға жетпей қалуы мүмкін, онда заставаға жақын орналасқан наряд бұлардың сигналдарын қайталап қолдағы хабарлайтын құрамдары заставаға жеткізуге тиісті.

77. Шекарашы наряд мемлекеттік шекараның бұзылған белгісін дұшпанның шекара алқабында қалдырылған із табына қарап біледі, бұндай жағдайда "Біздің тылды бұзып өтті" деген сигнал беріледі. Бұл сигнал арқылы, мемлекеттік шекара тылында жасырынып жүрген, шекара бұзушыны іздеу, шекаралық бақылауды күшейту, сигналдың және бақылау құралдары жиі тексеріліп шекара бұзушының басқа бір жолдармен қайта өтуіне тосқауыл жасауды күшейтеді. Шекара застава бастығы шекара нарядына барлық күмәнді жерлерді нық жабуға қатаң бұйрық береді.

78. Шекараны бұзып өтуге бағытталған сигнал, мемлекеттік шекараны бұзып өтуге бағытталған немесе соған тырысып бұзып өтуге әрекет жасаған шекара бұзушылардың ізін, басқа да белгілерін шекара шебінде тапқан уақытта, онда "Шекараны бұзып өтуге бағытталған" деген сигнал қолданылады. Осы шекара застава бастығының сигнал бойынша шекара нарядшылары, шекара бұзушы осы тұстан өтуі мүмкін деген жерлерде тосқауылды күшейтіп және барлық өтпелді-өтпелсіз жерлерді жабады.

79. "Жедел көмектесіңдер" деген сигнал мемлекеттік шекара күзетіндегі шекара нарядына шекара бұзушы дұшпан қарулы шабуыл жасаса, жаралы, зақымданған шекарашылар саны көбейіп, шекара наряды бұдан әрі дұшпанға қарсы тұрарлық шамасы келмегенде, соғысты жалғастыра алмайтын жағдайда берілетін сигнал. "Дұшпан қарумен басып кірді" деген сигнал, Қазақстан Республикасының шекара аумағына дұшпанның әскери топтары мен бандалары қарумен басып кірген қауіпті уақытта беріледі.

"Жедел көмектесіңдер" және "Дұшпан қарумен басып кірді" деп берілген сигналдар бойынша, осы шекара нарядына таяу орналасқан нарядтар, сигнал берген нарядқа

қарай дереу жылжиды, таяудағы наряд өзінің жедел көмекке бара жатқаны жөнінде шекара заставасы кезекшісіне баяндайды.

Қолдаушы нарядтың келгені туралы сигнал береді де, арпалысқан жағдайға байланысты бірден соғысқа кіріседі.

80. Мемлекеттік шекараны бұзушыны ұстаған кезде, сондай-ақ басқалай оқиғаға байланысты, шешім қабылдауға немесе застава офицерінің қатысуы қажетті дейтін болса, онда шекара наряды "Дабыл топтары келсін" сигналды береді.

Шекара заставасы осы дабыл сигналын қабыл алысымен "Дабыл тобын" "Қару ұста" командасымен көтеріп, дабыл қаққан учаскеге, ауданға шұғыл бағыт алады. Енді дабыл тобын застава офицері басқарады.

81. "Сәуле түсір" сигналы, шекара күзетіндегі күзеттегі кемелер /катерлер/ жағалауда мемлекеттік шекара күзеті белгісіз болуымен бұзылған белгілерді байқағанда немесе танымалсыз нысаналар пайда болғанда ғана беріледі. Осы сигналды естісімен прожекторлық күзет орын көрсетілген бағытта және наряд командасының "Оңға", "Солға", "Жоғары", "Төмен", "Нысанаға" "Сәуле түсіруді", "Тоқтат" және кемелің /катердің/ іс-әрекетіне қолайлы жағдайда ұстап тұрады.

82. "Заставамен байланыс орнатылсын" сигналы бойынша мемлекеттік шекара учаскесіндегі барлық нарядтар, сымхабар өткізгіштер немесе радиобайланыс жүйесі арқылы заставаға шығады.

Ерекше міндет жүктелген шекара нарядынан басқалары, "Заставаға келсін" сигналы бойынша, барлық шекара нарядтары заставаға шұғыл түрде жиналады, бұл сигнал хабар өткізгіші арқылы жасалады.

"Апат" сигналы бойынша, белгіленген тәртіп ретінде іс-қимыл атқарады, қару-жарақтың, техниканың және қызметтегі жануарлардың сақтау-қорғау шараларын жүргізеді және жауынгерлік дайындықты әлсіретпейді.

"Бағдарды жоғалттым" деп сигнал беруші наряд заставадан "Сигнал қабылданды" деген жауап және көмек келгенше орнында бола тұрады.

83. Түнгі мезгілінде және көзбен көрерлік болмайтын жағдайларда, шекара нарядтары тану үшін рұқсат қағазын басқа да бірыңғай рұқсат қағаз көрсету, шақыру белгілері арқылы әскери бөлімшелердің және Әскери-Теңіз Флоты шекара нарядтарын өткізеді.

Белгісіз адамның келе жатқанын байқап шекара наряды оны тоқтатуға дайындалады, мүмкін болғанша жақын жіберіп "Рұқсат көрсет, Тоқта" командасымен оны бөгейді. Кездескен адам "рұқсатын хабарлайды" және "шақыруды" сұрайды. Егер "Рұқсат" және "шақыру" хабарланбаса, наряд белгісіз адамды ұстауға шара қолданады. Нарядтар рұқсат пен "Шақырушы" пайдалануда мейлінше сақ болуы қажет және оны дұшпан жасырын тыңдай алмайтындай болса, күндіз кездескен адам сұрау дауыс жететін қашықтықта болуы. "Сіз кім?" және "я өзіңдікі" деген белгілермен диалогтасады.

Мемлекеттік шекара күзеті жөніндегі бұйрықта шекара шебінде кіру белгілері "

Рұқсат" және "Шақыру" тану белгілері әскери бөлімшелерге және Әскери-Теңіз  
Ф л о т ы н а х а б а р л а н а д ы .

84. Аға шекара нарядшысы шекара әскери қызметін өткеретін шекара нарядшыларының жауынгерлік дайындығына баса көңіл аударады. Жоғары жауынгерлік дайындығы дегеніміз - шекара нарядшысы қай уақытта болса да шекара бұзушыны оны бөгеуге және шұғыл ұстауға, құртуға немесе соғысуға қабілеттілігі.

Шекаралық наряд саны үш және көп болса, онда аға шекара нарядшы дұшпанның кенеттен шабуылынан сақтану мақсатында шекаралықтардың қозғалу бағытында және олар орналасатын жерлерге шекаралық күзетін ұйымдастырады. Тізбек басынан, бас күзет, жанама қажет болған жағдайда - тылға шолушылар қояды. Негізгі наряд тізбегінен шолушылар қашықтығы 200 м дейін, ал түнгі шолушылар дыбыс жетер аралықта. Шекара нарядтары орналасқан жерге: күндіз - бақылау, түнде және басқа  
ж а ғ д а й д а - с а қ ш ы .

85. Аға шекара нарядшысы шекара нарядын сигналмен радиомен және дыбыс беру командасымен басқарады, ал жаяу әскерлердің соғыс машинасымен - сөйлесу құралдары арқылы. Радио арқылы сөйлескенде сигнал команда және құпия хабар беру тәртібі /N 1 қосымша бойынша/.

86. Аға шекара нарядшысы шұғыл түрде застава бастығына /застава кезекшісіне/  
м ы н а л а р д ы х а б а р л а й д ы :

- Қазақстан Республикасының аумағына қарумен басып кіру және мемлекеттік шекара шебінде қарулы және басқалай арандатушылық жөнінде;

- мемлекеттік шекараны бұзуға дайындық және бұзушыларды, бұзылған белгілері  
т а б ы л с а ;

- біздің тылдан мемлекеттік шекара маңына белгісіз адамның жақындағанын немесе шектес мемлекеттің шебінен жеке адамның, қарулы топтардың, әскери бөлімшелердің және көлік құралдарының шекарада пайда болуы;

- мемлекеттік шекара таяу жерде соғыс қақтығысы, атыс, әскерлер орналасуы  
ж ө н і н д е ;

- шекара шебіндегі шекара белгілерін бұзу, ұрлау және тасымалдау белгісі, басқалай шекара  
р е ж и м і н б ұ з у ш ы л ы ғ ы ;

- құпия белгі сөз "Ауа" әуе кеңістігінің нысаналарды бақылау /N 2 қосымша  
б о й ы н ш а / ;

- табиғи апат болатынын немесе болғаны туралы;

- шекараға таяу жердегі өндірістік жұмыстар және топырлаған көпшілік, түсініксіз дыбыстар мен шулар тағы да басқа шектес мемлекеті және біздің тылда болып жатқан  
е р е к ш е қ ұ б ы л ы с т а р т у р а л ы ;

- наряд қызметкерлерінің тәртіп бұзушылығы және басқа болған оқиғалар жөнінде;

- теңіз /өзен, көл, тоған/ жағалауларында әскери қызмет атқаруды бұдан басқа да теңіз аумағында пайда болған нысаналар /N 2 қосымша бойынша/, сондай-ақ теңіз

жағасына шығып қалған мүрделер, құтқарушы дөңгелек, кеудеше және контейнер, мина тағы басқа да қызмет мүддесіне асатын заттар туралы аға шекара наряды баяндама жасағанда құпия картаны /схеманы/ картаға белгіленген бағдарламаларды және шартты атаулары, бар жергілікті заттарды пайдаланады.

87. Нарядтар мемлекеттік шекара күзетінде қызметінің қалай атқарылып жатқаны застава бастығы немесе басқалай тексеруші адам кездескенде, аға нарядшысы бүркемелікті сақтай отырып, дауысты қатты шығармайды, шекара күзеті туралы баяндайды. Мысалы: "Жолдас капитан, шекаралық наряд құрамында ефрейтор Ильин, қатардағы жауынгер Васинмен Қазақстан Республикасының мемлекеттің күзету жөніндегі бұйрықты атқарып жүр. Мемлекеттік шекара күзетінде шекара бұзушылық байқалған жоқ /немесе шекара бұзу белгілері байқалмайды деп баяндайды/. Аға шекара нарядшысы ефрейтор Ильин". Қалған наряд құрамы күзет жұмысын жалғастырады және команда бойынша аға тексерушіге жақындайды.

88. Белгіленген уақытта байланысты аға нарядшы күзет учаскесінен нарядты алу туралы застава бастығына баяндайды да және нарядты шекара заставасына жылжытады . Аға нарядшы шекара күзетінің қорытындысын застава бастығына /немесе оның орынбасарына/ баяндайды. Мысалы: "Жолдас капитан, шекара наряды құрамында қатардағы жауынгерлер Смолин, Петров Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекара күзетінен келді. Әскери қызмет өткерген кезде мемлекеттік шекараны бұзу белгілері болған жоқ /болса болды деу керек/. Аға шекара нарядшысы қатардағы ж а у ы н г е р С м о л и н " .

89. Шекара күзетіндегі нарядтың атқарған жұмысын баяндап болған соң, аға шекарашы енді шекара нарядының қару-жарағын және оқ-дәрілерін, басқа қару-жабдықтарын өткізеді, ұйымдастырады.

Ең алдымен оқ-дәрімен, жабдық заттар өткізіледі, ал қару-жарақ басқа қарулар тазаланғаннан кейін тапсырады. Оқ-дәрілерді өткізгеннен соң қару-жарақ ұңғысынан оқтарды шығарып, мұқият тазалайды, әрбір патронды жаңғай ұяларына отырғызады және застава кезекшісіне өткізеді.

Қаруды тазалау оқ-дәріні өткізгеннен кейін басталады, арнайы бөлінген жерлерде қ а р у д ы т а з а л а й д ы .

Радиолокациялық және прожекторлық станциясына пайдаланған шекарашылар, машинамен немесе шағын катерлерді /шлюпканы/ тазалап және қаруды тазалаған соң, қарумен, техниканы қарап шығады, олардың хал-жайы жөнінде застава бастығына немесе застава кезекшісіне баяндайды және оларды келесі мемлекеттік шекара күзетіне дайындайды. Машина жүргізушілер машиналарын, катерлерін /шлюпкаларын/ жинақтылығын, түзіктігін, жанар-жағар маймен қамтамасыз етілгендігін тексереді. Тасымалды радиолокаторлық станциясын және аккумуляторларды ұйықтандырып / з а р ы д / д а й ы н д а й д ы .

Шекара күзетіндегі шекаралық наряд әскери қызметін атқару үшін жылқыны және

арнайы мамандандырылған қызмет иттерін, бұл шекарашылар наряды заставаға қайтып келгесін, алдымен қаруды, оқ-дәріні өткізіп, содан соң қызмет жануарларын күтіп-баптайды. Жануарларды орналастырғаннан кейін, қару-жарақты тазалауға к і р і с е д і .

90. Шекарашы шекара күзетін өткеру жөніндегі ережені бұзса немесе жеке тәртіпсіздік істесе, онда ол аға шекара нарядшысы деген міндетінен босатылады.

## Ү ш і н ш і т а р а у

### Шекара нарядының қару қолдануы

91. Мемлекеттік шекара күзетіне тағайындалған сержантқа және солдаттарға жеке қару бекітіледі. Әр автоматқа 50 патронды оқшантай, сигналдық тапаншаларға - 8 патрон. Шекара нарядын басқарып жүрген офицерге және прапорщиктерге дербес тапанша бекітіледі 16 патронды қос оқшантаймен жабдықталады.

Қажетті жағдайда шекара отряды бастығының жарлығы бойынша пулеметпен, гранатометпен, қолгранатасымен және басқа да оқ-дәрілермен жабдықталуы мүмкін.

92. Бүкіл құрлықтағы және теңіз жағаларындағы шекара нарядтары күзетке шығар алдында қаруды оқтамайды, ал шекараны барлап шыққаннан кейін, белгіленген тәртіпке сәйкес застава бастығының немесе застава кезекшісінің бақылауы бойынша қаруды оқтайды және оқты оқшантайларға дайын күйінде ұстайды. Қарудың атуға дайындығын қарау, нарядқа шығар алдында әдейі жабдықталған орында белгіленген командаға сәйкес және шекара заставасының кезекшісінің бақылауымен немесе нарядты басқаратын офицердің /прапорщиктің/ басқаруымен өткізіледі.

Нарядқа шығатын әскерді сапқа тұрғызып, қаруды оқтайтын жерге апарады, аға шекара нарядшысы сап басында, ал застава кезекшісі - саптың оң немесе сол қанатында , екі-үш қадам сап соңында жүреді. Шекара күзетіне наряд машинамен /тікұшақпен, катермен/ жеткізілген болса, онда қаруды оқтау аға шекара нарядшысының командасы бойынша, шекара күзетіне жеткен жерде оқаталады.

Застава кезекшісінің /аға нарядшысының/ командасы сәйкес "Қаруды тексеруге дайында" деген командасына сәйкес шекарашылар мына мәселелерді орындауға тиісті:

түрегеліп тұрып атуға дайын тұру;

қаруды оқ ату сақтандырғыштан шығарып, оқ ысырмасын шегіне жеткенше қайырып, застава кезекшісінің "Тексерілді" деген командасына сәйкес оқ ысырмасын ұңғысына қайта жіберу;

қару шаппасын бақылау ату жасап, оқ ату сақтандырғышын қайта орнына қою;

"Қару белге" жағдайында сапқа тұру.

Наряд сапқа тұрғанда қаруды оқтау және патронды оқ ұңғысына сұққылауға рұқсат е т і л м е й д і .



Осы Тәлімдеменің 98, 99, 100-бабына және аға нарядтың командасына сәйкес қаруды оқтау және патронды оқ ұңғысына сұққылауға рұқсат етіледі.

Жеке наряд құрамасы қаруды оқсыздандыру және тексеруге дайындауды аға нарядшының командасына сай жүргізеді.

Қол гранаттарын пайдалану, аға нарядшының нұсқауы бойынша және оны тек қолданар алдында ғана ұйықтандырады.

Пайдаланбаған гранаттардан шұғыл оғы алынып тасталады.

93. "Қару белге", "Қару кеудеге", "Мылтық арқаға" немесе "Атысқа дайын тұр" деген командалар шекара нарядтарына әртүрлі жағдайда және орындалатын мақсатты істерге сәйкес қойылады.

Шекара наряды күзеттегі учаскені жаяу өтетін болса "Автомат кеудеге" ұсталады. Шекара наряды қия жар және тік өр, көпірлерден, су өткелдерінен, бақылау мұнарасына көтерілгенде және түскенде, тағы басқалай жұмыс істеген жағдайда "Автомат арқаға". Сондай-ақ "Автомат арқаға" шекарашы атқа мінгенде, шаңғы тепкенде, қарда жүргіштерді пайдаланғанда, құжаттарды тексергенде және қызметтегі иттермен жүргенде қолданылады.

Техникалық бақылау пункттерінің жүргізушілері /механик-жүргізуші, мотористері/, жылжымалы шекара күзеттері, күзеттік пункттердің қаруларын өздерімен бірге орналасқан жерлерде ұстайды, бұның қаруды тез қолданудың тиімділігін тездетеді.

Мемлекеттік шекараны бұзушыны ұстап алып, жаяу айдағанда қағида бойынша, мылтықты /автоматты/ атуға дайын ұстау қажет.

94. Наряд, шипажай, демалыс үйі және басқа да көпшілік жиналатын жерлерде, күзет қызметін атқаратын болса, сондай-ақ поездарды алып жүретін болса, тағы басқа автобустарда, теміржол, автобус станциясында, порттарда күзет атқаратындарды - найза-пышақпен қаруландырады. Нарядты басқарып жүрген офицер мен прапорщиктерге қос оқшантайлы 16 патронды тапаншамен қаруландырады.

95. Мемлекеттік шекараға тікелей жақын жүретін поездарды алып жүретін нарядтарды дәрімен атылатын қарумен жабдықтауды Қазақстан Республикасы шекара әскерлері Қолбасшысы шешеді.

96. Шекара нарядшыларына ұстап алған шекара бұзушыларды байлауға, қол кісені, матау жіп беріледі, ал шекарашылардың әрқайсысына тану пакеттерін береді.

97. "Ұрысқа аттан", "Аттан", "Ауа" командасы бойынша застава құрамы өздеріне тиісті қарулармен қаруланады /пулеметшілер - пулеметпен, граната атушылар - гранатометпен, қалғандары - автоматпен және алып жүретін оқ-дәрімен жабдыкталады.

Автоматшы тобы және станокті гранатометшілер тобы автоматпен қамтамасыз етіледі.

98. Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасын қорғауды жүзеге асырушы шекара әскерлері наряды қару мен ұрыс техникасын мыналар үшін қолданады:

- ескерту оғын атпай және ұрыс техникасын қолдану;
- әскери топтар мен бандалардың Қазақстан Республикасының аумағына қарулы шабуыл жасап басып кіруін тойтару;
- шекара нарядына тұтқиылдан қарулы шабуыл жасаған кезде;
- мемлекеттік шекараны бұзушылар қарулы қарсылық көрсеткен кезде;
- ұрыс техникасын пайдаланып, қарулы басып кіруге тойтарыс беру үшін;
- ұсталған адамдардың тартып алынған қарумен қашып кетуі кезінде қару ескертусіз-ақ қолданылуы мүмкін.

99. "Тоқта!" деп дауыстап жоғары қарай ескерту оғын атқаннан кейін, шекара нарядының талабы орындалмайтын болса, қару-жарақ және жауынгерлік техникасы қолданылады;

- Қазақстан Республикасының аумағына қарумен басып кіруді және мемлекеттік шекарадағы қарулы арандатудың жолын кесу үшін;

- шекара әскерлері нарядына қарулы шабуылды тойтару үшін;

- Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасынан заңсыз өткен және қарулы қарсылық көрсеткен адамдарға, теңіз /өзен/ кемелеріне ұшатын құралдарына қарсы;

- әуе және теңіз /өзен/ кемелерін айдап әкетуге жол бермеу;

- қызмет міндеттерін немесе мемлекеттік шекараны қорғау жөніндегі қоғамдық борышын орындап жүрген әскери қызметшілерге, басқа да адамдарға жасалған шабуылға, олардың өміріне тікелей қатер төнген кезде оған тойтарыс беру;

- азаматтардың өмірі мен денсаулығына қатер төндіретін шабуылдан оларды қорғау, сондай-ақ кепілдегі адамдарды босату.

100. Шекара әскерлерін наряды қызметшілерінің дабыл белгісін беру немесе көмекке шақыру үшін қару қолдануға хұқы бар.

101. Шекара әскерлері нарядына мына мәселелер бойынша қару қолдануға тыйым салынады:

- егер олар қарулы қарсылық көрсетпесе мемлекеттік шекарасын бұзған адамдарға қатысты, соның ішінде оларды ұстаған кезде кері оралуға әрекет жасаған адамдарға қатысты;

- егер шекараны бұзу анық кездейсоқ немесе мемлекеттік шекараға жақын жерде ауыл шаруашылық және басқа жұмыстарды атқаруға байланысты /аң аулау, мал жаю, саңырауқұлақ, жидек, отын жинау және басқа/, сондай-ақ өздігінен жүретін және өздігінен жүрмейтін кемелерде шомылу мен жүзу кезінде орын алса Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасын шекарашылардың көзінше бұзған адамдарға қатысты;

- шекарадағы режим мен Қазақстан мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу бекеттеріндегі режимді бұзғаны үшін ұсталған адамдар қашуға әрекеттенген кезінде;

- егер олар қарулы қарсылық көрсетпесе Қазақстан аумағындағы суларда /теңізде/ және шекарадағы өзендердің, көлдердің және басқа да су тоғандарының Қазақстандық

бөлігінде кәсіпшілікпен шұғылданып жүрген шетелдің балық аулайтын және басқа кәсіпкер кемелеріне қатысты;

- егер мемлекеттік шекараны бұзудың нақты қауіпі болса, Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасына жақын орналасқан шекара аймағындағы аудандардың, қалалардың, поселкелердің, селолар мен ауылдардың аумағындағы жолдармен немесе шекара әскерлері күзететін теңіз жағалауымен жүріп бара жатқан және шекара әскерлерінің аялдау туралы талаптарын орындамаған кезде автокөлік құралдарына қатысты;

- Қазақстан мемлекеттік шекарасынан өтіп бара жатқан хайуанаттарға;
- мемлекеттік шекара режимін бұзушыларға қару қолдануға тыйым салынады.

102. Қару қолданған кезде, әдетте, Қазақстан аумағына қарулы шабуыл жасап басып кіруді тойтару, қарулы арандатушылар топтары, бандылардың жолын кесу мен Қазақстан мемлекеттік шекарасын қарулы бұзушылармен бетпе-бет жүздесуден басқа жағдайларда, шектес мемлекеттердің аумағына оқ пен снарядтың ұшуына жол берілмейді.

103. Қару-жарақ пен жауынгерлік техниканы шекара әскерлерінің нарядының қолдануы шекарашыларға асқан жауапкершілікті жүктейді, техниканы қолданудың әдістерін, тәртібін, ережелерін, шекара шебіндегі шиеленіскен жағдайда ғана қолданылатын жетік білулері қажет.

Қаруды заңсыз қолданған адам Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес тәртіпке шақыратын қылмыстық жауапкершілікке тартылады.

104. Шекарашылар қару-жарақты не үшін қолданылғанын застава бастығына баяндайды да, қару-жарақты оқ-дәріден ажыратып, оқ ату сақтандырғышына қойып, мемлекеттік шекараны бұзуда ұсталғандарды және жаралы болған шекара әскери жауынгерлеріне алғашқы әскери дәрігерлік көмек жасалады.

105. Шекара әскерлері наряды мемлекеттік шекара күзетінен заставаға оралғаннан соң, заставадағы қару-жарақты тексеруге жабдықталған жерде застава кезекшісінің бақылауымен немесе шекара нарядын басқаратын офицердің /прапорщиктің/ тексеруімен қару-жарақтың, техниканың сынағын қарап шығады. Қару-жарақты оқ-дәріден босатады, оқталмаған қаруды көріп, шекарашыларын бос күйінде атып көреді де,

сақтауға қойғызады.

106. Шекарашыларға мемлекеттік шекараны күзету жөніндегі міндеттерін орындаған кезде шекара нарядтарына арнаулы құралдарды /қол кісен, резеңке таяқ, көзден жас ағызатын қолдануға рұқсат етілген және басқа да заттар, газдар/, ықпалды басқа жаққа аударып жіберетін жарық-дыбыс қондырғысы, көлікті күшпен тоқтатуға арналған қондырғы, күрестің жауынгерлік әдістері мен қызметтік иттер қолдану хұқы

беріледі.

## Төртінші тарау

### Шекаралық нарядтар қызметтері

107. Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасын күзету - әрбір шекара әскерлерінің нарядының асқан табандылықты, қырағылықты, қабілеттілікті, қажымастылықты, мемлекеттік шекараны күзету жөніндегі бұйрықты қатаң сақтап, нақты орындалуын және осы Тәлімдемеде көрсетілген қағидалардың орындалуын талап етеді. Әрбір шекарашы нарядшы шекара күзетіндегі қызмет учаскесінде дара жауапты.

#### I. Нарядшыны шекара қызметін атқаруға дайындау

108. Шекарашыларды мемлекеттік шекара күзетін атқаруға дайындау күні бұрын және тікелей шекара күзетіне шығарда /кірісерде/ жүргізілуі мүмкін.

Шекара әскерін мемлекеттік шекара күзетіне дайындық жоспарлары түрде: жауынгерлік дайындықта, әскери-патриоттық, тәрбиелік жұмыстарда, сондай-ақ шекара құжаттарымен танысқанда және оқулық құралдар танысу арқылы жүргізіледі.

Шекара күзетінде қолданылатын қару-жарақ, техникамен және қызметтегі хайуанаттармен таныстырып үйрету, белгіленген тәртіп бойынша, күнделіктегі бекітілген сағаттарға сай жүргізіледі.

Шекара күзетіне шығатын уақытта дайындық, қағида бойынша, шекара күзетіне кірісерге 30 минут уақыт бұрын жүргізіледі. Шекара застапасының кезекшісі, шекара күзетіне кірісетін наряд құрамын, аға нарядшы кім екенін, қару-жарақты, киетін киім түрін, қажетті жабдықтарды және жылжу құралдарын хабарлайды.

Қару-жарақ, киім-кешек және жабдық заттарын /компас және су толтырылған қол флягасы, масахана, көзәйнек, шаңғы және басқа мүліктер/ әрбір нарядшыға атқаратын қызметіне қарай застава бастығының нұсқауымен анықталады, осыған қоса жыл мезгілі, тәулік бойынша ауа райының құбылысы ескеріледі. Әрбір нарядшыға, мемлекеттік шекара бұзушыларды ұстағанда оларды айдап жүру үшін қолдарын байлайтын матау жіп, қол кісенін береді және дара нарядшыларға беретін орайтын пакеттер беріледі.

109. Шекарашы мемлекеттік шекара күзетіне шығар алдында киетін киім түрі белгіленген тәртіп бойынша, әскери қызметкерге қажетті қаруды, оқ-дәріні, байланыс құралын, бақылау аспабын, қол шам және қажетті әскери жабдықтарды, флягіге су құйып алу және басқа да жолға қажетті жабдықтарды жинақтау.

Шекара күзетіне шығатын машиналарды, шағын катерлерді /шлюпкаларды/ түзу және оларды жанар-жағар маймен толық қамтамасыз ету механик-жүргізушілердің, мотористтердің міндетіне жауапкершілігіне жүктеледі.

Шекарашылар өздеріне бекітілген хайуанаттарды - аттарды ерттеп, қызметтегі иттерді жабдықтап, белгіленген шекара күзеті орнына шығарады.

Шекара күзетінің аға нарядшысы өзіне бағынышты шекарашылардың хал-ахуалын, киімін, қару-жарақ пен техниканың тұзулігін, саймандарын, басқа жабдық заттарының түгелдігін, ал күзет қызметін атпен атқаратын болса, аттың жағдайымен дұрыс ертұман салынғанын тексеріп шығады. Содан соң, аға нарядшы мемлекеттік шекара күзетіне шығатын нарядтың дайын екенін застава кезекшісіне баяндайды, ол өзі тексеріп шыққасын мемлекеттік шекара күзетіне кірісуге рұқсат береді.

110. Аға шекара наряды мемлекеттік шекараны күзету жөніндегі бұйрық алуға келгені туралы баяндайды. Мысалы: "Жолдас капитан, шекара наряды құрамында ефрейтор Ильясов, қатардағы жауынгерлер Иванов және Төлегенов бар. Қазақстан мемлекеттік Республикасының шекарасын күзету жөніндегі бұйрықты алу үшін келіп тұр". Аға машина жүргізуші /механик, жүргізуші, моторист/ шекара нарядын шекара күзетіне жеткізуі туралы бұйрық алады.

Аға нарядшы шекара күзеті жөніндегі бұйрықты түсініксіз мәселелер болса, оны сұрақ беріп анықтайды, бұйрықты орындауға рұқсат алғасын, аға нарядшы команда береді: наряд оң-ға /сол-ға/, Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасын күзетуге "Алға бас", "Алға бетте".

## 2. Шекара нарядының қызметі

111. Мемлекеттік шекара күзеті учаскесінде шығар алдында, аға нарядшы шекарашыларға мынадай міндеттерді анықтайды: нарядтың жүру тәртібі және жан-жақты бақылау жүргізуді, нарядты басқару сигналы, шекара бұзушыны тапқан кезде іс-әрекеттің бірлестігін және нарядқа қосымша берілген техниканың қозғалу кезегін анықтайды.

Шекарашылардың шекара күзетін өткізетін жеріне қозғалу жүрісінің ара қашықтығы, бір-біріне жақын болуы және берілген сигналдарды жеңіл еститіндері, шартты белгілерді тез ұғынатындай және нарядтың бірлескен іс-қимылын қамтамасыз етуі қажет.

Барлық жағдайда ескере отырып, нарядты басқаруға ыңғайы жерде аға нарядшы орналасады. Наряд құрамының алдында қызметші итті жаттықтырушы жүреді.

112. Аға нарядшы оған тапсырылған күзет учаскесіне келгесін, мына жағдайларды орындауға шешім қабылдайды: күзет орнын қабылдап алу тәртібі, учаскеде қозғалу реті, техникалық құралдар мен қызметтегі хайуанаттарды қалай пайдалануды, бақылау жүргізуге тиімді тактикалық учаскелерді таңдау, тұтқиыл қақтығыста және шекара

бұзушыны кездестіргенде шекарашылар қолданатын іс-әрекеті, нарядты басқару сигналы және өзара іс-қимыл тәртібі, сондай-ақ басқа да қалыптасқан жағдайдан және застава бастығының бұйрықтарынан туындайтын мәселелерді шешу, өзінің тапсырылған күзет учаскесінде әскери қызметке кіріскені туралы, аға нарядшы застава б а с т ы ғ ы н а б а я н д а й д ы .

113. Аға нарядшы застава бастығымен немесе наряд атқару қызметін тексерушімен кездесіп қалса, бүркемелікті сақтай тұрып, күзет атқарудағы барлық көрген-білгенін, наряд құрамы жөнінде ақырын баяндайды. Баяндағанда: "Жолдас капитан, шекара наряды-шолушы /құпия т.б./ құрамында /аты-жөні, шені/ Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекара күзеті жөніндегі бұйрықты орындауда. Шекараны бұзушылық байқалған жоқ /байқалса, не болғанын баяндайды/. Аға шекара нарядшысы ефрейтор П а в л о в " .

## 1 . Ш о л ғ ы н ш ы

114. Шолғыншы - мемлекеттік шекараны күзетуге тағайындалған екі немесе одан да көп шекарашылардан құралған, белгілі бір бағытты немесе учаскені күзететін шекарашы. Шолғыншы болып бақылау міндетіне мыналар кіреді: шекара күзетіндегі сигналдық және бақылаушылық құралдарды, сондай-ақ шекара режимін дұрыс бақылап-шолу сақталуын, автокөлік құралдар алып жүруді және шекара нарядтарына қалай қызмет атқаруын тексеріп-шолу.

Шолғыншылар өзінің міндеттерін жаяу жүріп немесе ат көлігі /шаңғы/ тағы басқа да машина, шекара шағын катерін /шлюпкасын/, тікұшақ және басқалай көлік құралдарын пайдалануы мүмкін.

115. Белгіленген бағыттағы жер жағдайын бақылауға қарсы шығуға жұмсалған шолғыншы, бірінші бақылау бекетінен келесі бекетке /пунктке/ бүркемелікті сақтай отырып берілген сигналмен шартты белгілерді түсінетіндей арақашықтықта отырып, аға шекара нарядшысының командасы бойынша жылжиды. Жаяу жүретін немесе ат көлігін пайдаланып жүрсе де арақашықтары сигналды ұғатындай және қажетті жағдайда нарядтардың бірлесіп іс-қимыл жасайтындай болуы қажет.

Алдыңғы шолғыншы кезекті пунктте жеткені бұл аумақта шекара бұзушының жоқ екеніне көзі жеткенде ғана, келесі бағытта қозғалысты жалғастыруға болатынын ш о л ғ ы н ш ы м е н з е й д і .

Табиғи таңбаланатын жерлерді /жыра, сай, қалың жынысты, талшілік басып кеткен, қалың қамысты/ және салынған құрылыстарды шолғыншы барлап шығады, наряд құрамасының қалғандары төңіректі және шолғыншылардың іс-әрекетіне бақылау ж ү р г і з е д і .

Шекара наряды елді мекенді жерден өткенде, бұл жерде барлық жағдайға көңіл аударады. Егер күдікті жағдай болса, ол туралы застава бастығына баяндайды.

Мемлекеттік шекара күзетіне жақын орналасқан /өзендердің, көлдердің өзге де су тоғандарының/ жағалауларын, су бетіндегі иірімдерді өте ұқыпты және өзен сағаларын, аяқ өткелдерді /кешіп өту және басқа да өткелді/ баса көңіл аударып қарау қажет.

116. Шекарадағы өзендермен өзге де су тоғандарының жағалауларын қазақстандық бөлігін шағын катермен /шлюпкамен/ жіберілген шолғыншылар, көлдердің өзге де су тоғандарының жағалауларын суда жүзудегі қауіпсіздікті сақтай отырып шекаралық бақылау қызметін атқарады. Шолғыншылықтың түн мезгілінде дыбыс тыңдаумен атқарылатын жағдайда катердің двигателін оқтын-оқтын өшіреді. Бас су арнасы арқылы шектес мемлекеттің шебіне кіруге немесе шекара шебін кесе кіруге үзілді-кесілді рұқсат жоқ. Шекара өзендерінің, көлдерінің су бетіндегі жүзу құралдарын түгел тексеріп-қарап, шығады. Күдік туғызатын жарылғыш және уландырғыш заттарға мейлінше көңіл бөліп, застава бастығына баяндайды да, оның тапсырмасына сәйкес іс-әрекет жасайды. Жағалаудағы кездескен кейбір учаскелерді өте мұқият бақылау үшін қажетті жағдайда шолғыншы сол жерде түсіп қалуы мүмкін.

117. Мемлекеттік шекара күзетін тексеруге шыққан шолғыншы, шекара бақылау соқпақ жолымен жүреді, шекара белгілерін, шекараға таяу жердегі орман ішіндегі жолдарды мұқият қарайды. Шекара шебінде дұшпан торуыл құрғаны ескертілген болса, оны шолғыншы бүркемелене отырып айналып өтеді және дайын уақытта қарулы тойтарыс беруге дайын жүреді. Жер сипатына қарай дұшпанның торуыл құруы ықтималдығын байқаса, онда ол учаскені бас шолғыншы жіберіп, содан соң олардың сигналымен нарядтың қалған құрамын шығарады.

Шекара белгісін қараған кезде оның ел таңбасының бүтіндігін және нөмірін, орналасқан жеріне баса көңіл аударады және бұзып кету мүмкіндігін ескереді.

118. Шекара шебіндегі сигналдық және бақылау құралдарын тексеруге шыққан шолғыншы, із-бақылау алқабын, сигналды қоршау жүйесін және оған таяу жерлерді қарайды, күзет шебін кесіп өтетін жолдарға, өзендерге /бұлақты, батпақты/ жерлерге ерекше баса көңіл аударады, өзге де учаскелерді, сигналдық жүйенің үзілгеніне және бақылау құралдары түзіктігіне ерекше қарайды. Әдетте, аға шекара нарядшысы, із бақылау алқабын өзі тексереді.

Із-бақылау алқабын тексеру кезінде іздің үстіңгі бетінің пішініне баса көңіл аударады. Шекара бұзушының ізін табу қиын жерлерде /балшықты, тастақты және су қаптаған жерлерді/ өте мұқият қарап шығады.

Сигналдық қоршау жүйесі төменнен жоғары және алдынан ең соңына дейін тексеріледі, қоршау сымдарының тартылуын, айыру, тіреулері, қалқалары, аң өтетін тесіктер, есікше мен қақпа ілмектерін, су құбырының құрылыстарын және олардың торларының жабылуын тексереді. Шекара нарядына сигналдық қоршау жүйесі сымдарының тұйықталуын тексеру міндеті қойылған болса ғана нарядшы тексереді, ал бұл міндет жүктелмеген болса, оны тексеруге үзілді-кесілді рұқсат етілмейді.

Тексеру кезінде байқалған бұзылғандықты өз күшімен түзетеді, ал түзетуге

шамалары келмесе - бұл туралы застава кезекшісіне баяндайды.

Қол шамын ұстап, сигналдық және бақылаушы құралдарды тексеріп жүрген шолғыншы, бұркемелік мақсатымен, оқта-текте аялдап, қол шамды өшіріп, осы жерден дыбыс тыңдайды, сондай-ақ жекелеген учаскелерді қайта тексеру үшін қайтып оралады .

119. Сигналдық және бақылау құралдарын тексеруге машинамен жіберілген шолғыншы, тексеру жұмысын жүріп келе жатып немесе қысқа уақыт аялдап жүргізеді. Машинаны жүргізу шапшаңдығы аға шекара нарядшысы шекара бұзушының ізін анық көретіндей мөлшердегі шапшаңдықта жүруі немесе сағатына 15 ш/сағаттан аспауы қажет. Жеке учаскелерді тексеру үшін шолғыншы жаяу түсіп қарайды.

Шекарадағы сигналдық және бақылау құралдарын түнде тексергенде, оларға 45 градустық машина бұрышымен фарының сәулесін түсіріп қарайды.

120. Шекара сигналдық және бақылау құралдарын шолғыншылар тікұшақ пайдаланып тексерсе, онда ұшу жолындағы жер бетін түгел шолып шығады. Ұшу бағытында мемлекеттік шекара шебінің бұзылғаны немесе бұзушының белгілері байқалса, онда шекара наряды сол жерге түсіріледі және шекара бұзушыларды іздеу және оларды ұстау мақсатын экипажбен бірлесе іс-әрекет жасайды. Егер жермен қауіпсіз ұшуға жағдай болса, онда оларды іздеу тікұшақпен жүргізілуі мүмкін.

121. Шекара шебіндегі байланыс тізбектерін шолғыншы, байланыс тіркестерін, арматуралар, байланыс желісі ұяларын, шиттерін, матау, динамик матамаларын, жайтартқыштардың, сымдардың тартылуының дұрыстығын, олардың түйін қосылыстарын, мықтылығын қарап тексереді, ал істен шыққандары болса, оларды ж ө н д е у г е к ө м е к т е с е д і .

122. Мемлекеттік шекара режимін орындалуын тексеретін шолғыншы, шекара аймағына кіруге және шекара алқабына кіруге, шекара аймағындағы теміржол және автобус станциясында, аэропортта, кемежайда /тоқтамада/ болуға рұқсат бар азаматтарының және келушілердің құжаттарын тексереді. Қажет болған жағдайда шекара учаскесіндегі жүргіншілерді де тексереді, жергілікті тұрғындардан сұрау арқылы бұл келген белгісіз адамдар тоқтатып, олардың құжаттарын тексереді. Шекара режимін бұзушыны ұстаған жөнінде аға шекара нарядшы застава бастығына баяндайды және оның нұсқауына сәйкес іс-қимыл жасайды.

Құжат тексеруші шолғыншы, адамдарды мынадай қаратпа сөзбен тоқтатады: " Шекара наряды. Құжат көрсетуіңізді сұраймын!".

Шолғыншы қызмет атқару міндетіне сәйкес шекара жағалауындағы /шекара өзені, көлдері, өзге де су тоғандарындағы/ кемежайлардың, тоқтамалардың /пункт, базаларының/ өздігінен жүретін және өздігінен жүрмейтін кемелердің /мұз үстімен жылжитын құралдардың/ есебін жүргізу тәртібін және олардың таза ұстау, күту жұмыстарын тексеруі мүмкін, тағы басқа да суда жылжу құралдарының Қазақстан бөлігіндегі шекара өзендеріне, көлдеріне, өзге де су тоғандарына шығу және олардың



кемежайларға қайтып келу шебін шолғыншы наряд тексереді.

123. Шолғыншыға көлік құралдарын алып жүру тапсырылған болса, онда шолғыншы шекара режимін бұзушыны, көлік құралымен шет елге қашпақшы болып тырыскандарды анықтап, шекара бұзушыны ұстауға міндетті. Шолғыншы міндетті қызметін атқару кезінде таяу орналасқан темір жол /тас жол/ бригадасының автоинспекция және халық жасақтарынан көмек алып және шекара наряды бірлескен іс-әрекет жасауы қажет. Алып жүру поезында /машинада/ бақылау жұмысын жақсарту мақсатында, шекарашылар алып жүру көлігінің басында, ортасында және ең соңында о р н а л а с а д ы .

Шолғыншы поезд алып жүретін болса, онда ол оқтын-оқтын поезды айналып, жолаушылардың құжаттарын тексеріп, бұзушы тығылып қалуы мүмкін жерлерді қарап шығады. Поезд қозғалысының жайлап жүретін жерлерінде тамбурдың есігін ашып, вагоннан шығып бара жатқан немесе вагонға тез мінуге асығып келе жатқан жүргіншілерге ерекше көңіл аударады, қажетті жағдайда іс-әрекетке дейін тұрады. Станцияға және торапты жолдарда поезд аялдағанда, шолғыншы жергілікті станциядағы шекара нарядшыларымен және халық жасақтарымен бірлесіп бақылауды күшейтеді және жолаушыларды вагонға отырғызу бір жақтан болуын жүзеге асырады.

Шолғыншы автотізбекті алып жүргенде /жеке машинада/ автокабинада отырып немесе автошанақтан көлік құралдарының жүрісін бақылайды және автокөліктер бірінен-бірі қалыс қалмауы үшін шара қолданады.

Автотізбек /дара машина/ аялдаған кезде, шолғыншы жаяу түсіп, автокөліктің және жер жағдайының автотізбекке бөтен адамдар жасырын отыруына және олардың заңсыз кіруге тырысушылығын болдырмауға шара қолданады.

Жүріп бара жатқан көлік құралдарынан секіріп түскен адамдарды байқаған болса, бірінші көрген шолғыншы белгіленген тәртіп бойынша дабыл сигналын береді. Аға шекара нарядшысы көлік құралдарын тоқтатады. Заңсыз түскен адамдарды іздестіруге және ұстап алуға шара жасайды.

Көлік құралдарына белгісіз жерден отырған адамдарды байқаған шолғыншы бірден дабыл сигналын беріп, аға нарядшыға қай машинаға, вагонға, қандай сырт белгісі барлығын хабарлайды. Шолғыншы шұғыл шара қолданып, көрсетілген вагонға, машинаға кіріп барып құжатты тексереді және көрсетілген белгі бойынша белгісіз адамды анықтайды және оны сол жерден тоқтатып ұстайды.

Белгіленген тәртіп бойынша жолда ұсталған адамды шолғыншы таяуда орналасқан шекара наряд пунктіне немесе осы пункттегі ішкі істер органдарына тапсырады.

## 2. Сақшы

124. Сақшы дегеніміз - құрамында бір әскер немесе бірнеше әскерлер тұратын шекара наряды, оған мемлекет шекарасының бір учаскесін маңызды объектісін, шекара заставасын немесе кемежай наряды күзету міндеттеледі.

#### Сақшы шекара учаскесінде

125. Сақшы - мемлекеттік шекара күзетінің бір учаскесіне тағайындалады.

Аға шекара нарядшысы қызмет атқару жеріне келген соң, бұрынғы алмасушы нарядтан жағдайды анықтайды да осы жерді өз күзетіне қабылдайды.

Жаңа тағайындалған наряд өз бетінше із-бақылау алқабын /теңіз таяз жерін/ және жер жағдайында шолғыншы жүретін соқпақтарда, сигналдық құралдардың және шекара заставасымен байланыс барлығын тексереді. Шекара шебінде шекара бұзушылықты немесе бұзушы із табының жоқтығына сенерліктей болған соң, бұрынғы нарядпен қоса сақшылық атқаратын орынға қайтып келеді. Күзет орнын өткізіп және қабылдап алғандары туралы аға шекара нарядшылары застава бастығына баяндайды.

Егер сақшы күзет учаскесіне келгенде, күзет наряды орнында жоқ болса, онда ол бұл учаскені өз бетінше қабылдап алады.

Сақшы күзет учаскесін мезгіл-мезгіл жүріп, бақылап, тыңдап, жердің жағдайын карап, сигналдық және бақылау құралдарын тексеріп аралайды және шекара бұзушының қай жерден өтуі ықтималдығына баса көңіл аударады.

126. Сақшы сигналды аспаптарды қызметте пайдаланып, дабыл қағу сигналы түсісімен, із-бақылау алқабын және шекара шебінде сигналдық аспап арналарын тексереді. Егер із байқалмаған болса, дабыл сигналының қайдан қағылған себебін анықтап шекара заставасына баяндайды және бұдан әрі сақшылық қызметін жалғастыра береді.

127. Сақшылық қызметін мемлекеттік шекараға таяу орналасқан сигналдық жүйеде атқаратын сақшы, дабыл сигналы түсісімен өзіне берілген тапсырмаға сәйкес немесе заставадан берілген нұсқауға байланысты, бүркемелік сақтай отырып, шекара бұзды деген бағытқа бұзушының жолын кесу мақсатында шұғыл жылжиды.

128. Мемлекеттік шекараға жуық өтетін темір жол немесе тас жол күзетудегі сақшы, осы жерлерден өтетін көлік құралдарының жүрісін бақылауды және осы көлік құралдарына мінуге тырысқан немесе көлік құралдарынан секіріп шыға қашқан бұзушыларды байқайды және оларды ұстайды.

Көлік құралдары жүретін жолдарда поездың, машинаның жүрісін баяулататын жерлеріне /өр-кезен, тік бұрылыстарға/ сақшылар шекара бұзушыларды ұстау

мақсатында

алға

жылжиды.

Поездар мен машиналар белгіленбеген жерде жүрістерін баяулататын болса, сақшы бұл жөнінде заставаға хабарлайды да, өздері осы бағытқа шекара бұзушыларды ұстау үшін жылжиды.

Көлік құралдарына жүріп бара жатқанда мінген адамдар болса, онда аға нарядшы болған оқиға жөнінде застава кезекшісіне баяндайды.

129. Шекараға орналасқан теңіз жағалауына /шекара өзендері, көлдері, өзге де су тоғандары/ учаскесіне қойылған сақшылар, жағалау алқабын және қайраңын тексереді, бақылау және тыңдау жүргізеді, өздігінен жүретін және өздігінен жүрмейтін кемелерге /мұз үстінен жылжитын құралдарға/, сондай-ақ балық аулайтын, су пайдаланатын жерлерге ерекше көңіл аударады. Белгіленген немесе белгіленбеген жерде кемелерге адамдарды отырғызу, шығару, жүктерді түсіру-тиеу, бұған сәйкес құзырлы органдардың рұқсаты болмаса, сақшы бұндай кемелерді ұстап қалады.

Жағалау алқабында белгісіз қайық, сал, ескек, құтқару дөңгелегі /белбеу, кеудеше/, су жағасында басқа заттар, мемлекеттік шекара бұзушылардың қолданатын құралдары табылса, сондай-ақ түн кезінде жылтылдаған әртүрлі оттар, тыңдаған уақытта мотор шуылы байқалған болса, онда осы жағалауды және су беттерін шекара бұзушыны табу мақсатында мұқият тексереді.

Жағаға шығып қалған немесе суға батырылған өткізіп жіберу құралдары және жағаға келіп тіреліп қалған заттар жөнінде, сақшы застава бастығына баяндайды және оның нұсқау бойынша оларды күзетуге шара қолданады.

130. Апатқа ұшыраған кемелер /жүзу, мұз үстінде жылжитын құралдар/, поездар, басқа көлік құралдары туралы, сақшы застава бастығына баяндайды, апатқа ұшыраған ауданда толассыз бақылау жүргізеді, мүмкіндігіне қарай апатқа ұшыраған адам және мүліктерді

құтқаруға көмек көрсетеді.

Апат болған жерден өз бетінше шыққан барлық адам және құтқарылғандарды сақшы қауіпсіз жерге шоғырландырады және оларға үздіксіз бақылау жүргізеді.

### Застава сақшысы

131. Застава сақшысы - заставаны күзету үшін тағайындалады. Ол застава бастығына, оның орынбасарларына және застава кезекшісіне бағынады.

Застава сақшысы мыналарды орындауға міндетті:

- заставаны тұтқиыл шабуылдан сақтайды;

- застава аумағына бөтен адамның кіруіне және одан қайта шығуы тек застава бастығының, оның орынбасарларының немесе застава кезекшісінің рұқсатымен;

- жер жағдайымен ауа кеңістігінің тұрақты бақылау жүргізу;

- застава учаскесіндегі шекара нарядшыларының сигналын қабылдап, оны застава кезекшісіне шұғыл баяндау;

- күзетшілік қарамағына құлыпталған, желімделген қоймалар мен қамбаларды қабылдау және матамалар тексеру, заставаға жасырын кіретін және шығатын жолдарды, қорғаныс құрылыстарын тексеру;

- застава кезекшісіне қайтып келген шекара нарядшыларымен көлік құралдары туралы баяндау.

132. Застава сақшысы күзеттегі аумақты аралар шығып, аумағына жасырын кірген жерлерге көңіл аударады.

Күндізгі кезде сақшы застава аумағында бақылау мұнарасына шығып күзетеді әрі бақылаушы ретінде қызмет атқарады.

Қараңғылық түсуіне қарай, көз көруге мүмкіндік болмайтын жағдайда, сақшы, застава қоршауының есігін және қақпасын құлыптайды. Заставаға жақындап келе жатқан адамды сақшы белгілі қашықтықта тоқтатып, қалыптасқан тәртіп бойынша застава бастығын және застава кезекшісін шақырады.

133. Сақшы шекара заставасының тұрған жерінде күдікті адамды байқаған болса, ол туралы шұғыл застава кезекшісіне хабарлайды да және оны бөгеу жөнінде шара қолданады.

Дұшпан шабуыл жасаса, онда сақшы ұрысқа кіріседі және дербес құрамның қорғанысын қамтамасыз етеді.

Застава тұрған жерінде өрт шыққан болса, "Өрт" деген сигналын береді және өртті сөндіруге шара жасайды. Өрт өшіруге көмекші нарядтар келісімен, сақшы өз қызметін атқаруға, бұрынғы күзет орнына қайтып барады.

Заставада тұрған сақшыға тұрғын үйлерге және шаруашылық жайларға кіруге және өзгедей жұмыспен алаңдауға рұқсат етілмейді, сақшы әскери қызметін атқаруға міндетті.

#### Ерекше объектідегі сақшы

134. Ерекше сақшы - мемлекеттік шекарасында, шекара аймағында, шекара алқабындағы ерекше объектілерді, көлік құралдарының із топтарын, өліктерді және басқа да шекара оқиғасына байланысты басқа дәлелдерді күзету тағайындалады. Бұдан басқа, шекара арқылы өтетін көпірлерді және тікұшақ /ұшақ/ әуежайларға да ерекше сақшы қойылуы мүмкін. Ерекше сақшылардың атқаратын міндеттері мына төмендегіше жүргізіледі:

- ерекше объектіні қараусыз тастап кетуге рұқсат жоқ және ауысымды күзетші келгенше, күзет орнында тұрақты болу;
- күзеттегі объектіге, застава бастығынан, оның орынбасарынан және көрсеткен тұлғаларынан басқасын жіберуге болмайды;
- күзеттегі жерде айнала бақылау жүргізу және объектіге қауіп төнетін жағдай болса, оны застава кезекшісіне шұғыл баяндау;
- күзеттегі объектіге таяу жерлердегі шекара бұзушыларды бөгеп, тағы басқа объектіге жақындаған адамды тоқтатып, дабыл тобын шақырып, тығылып қалған бұзушыларды іздестіру және ұсталған бұзушыларды айдап әкетушіні шақыру.

135. Ерекше күзеттегі заттарды ұстауға, бүлдіруге немесе оларды орнынан ауыстыруға сақшының құқығы жоқ. Ерекше объектіні басып алуға қауіп төнсе, онда сақшы жағдайға байланысты, барлық іс-әрекетті қолданады, қажет болса қару қолданады.

Күзеттегі заттарын ауа райының әсерімен бұзылмауына сақшы барлық шараны қолданады, ал соған қарамастан бұзылатын қауіп төнсе, бұл жөнінде застава бастығына баяндайды.

#### К е м е ж а й д а ғ ы    с а қ ш ы

136. Кемежайдағы белгілі бір учаскені, күзету үшін /айлақта/ - сақшы тағайындалады, оның атқаратын міндетін кемежайға кіретін және одан қайта шығатын өздігінен қозғалатын немесе өздігінен жүрмейтін кемелерді /мұз үстінде жүретін құралдарды/ бақылау.

#### К е м е ж а й    с а қ ш ы с ы н ы ң    м і н д е т т е р і :

- кемежай /айлақтар/ су бетінде жүзетін /мұз үстінде жылжитын/ құралдарды және оларға іргелес орналасқан жерлерге бақылау жүргізу, тағы басқа осы кемежайға әкімшілік ететін лауазымды тұлғаның кемелерді теңізге, өзен, көлдерге, өзге де шығарылуын бақылау;

- осы кемежайға кіруге қолында рұқсат құжаты жоқ бөтен адамдарды жіберу;

- кемежайдағы /айлақтағы/ кемелерді /мұз үстінде жылжитын құралдарды/ күтіп ұстаудың белгіленген тәртіптерін қадағалау;

- кемежайдан шығатын кемелердің /мұз үстімен жылжитын құралдардың/ және кемежайға оралып келетін кемелердің белгіленген уақытта келуін, журналға тіркеп - есеп жүргізіп бақылау және осы жөнінде застава кезекшісіне баяндау;

- кемежайға /айлаққа/ жауап беретін лауазымды адамның рұқсатынсыз кемелердің /мұз үстінен жылжитын құралдардың/ шығуына рұқсат етілмейді.

137. Аға шекара нарядшысы кемежайға /база пунктіне/ келген күзет өткізуші нарядтар жағдайымен танысып, өздігінен жүретін және өздігінен жүрмейтін /мұз үстімен жылжитын құралдарды/ журналдағы есеп санын салыстырып тексереді,

базадан шығарылған кемелердің саны мен нөмірін және олардың базаға оралып қайту уақытын шамамен анықтайды, шекара заставамен байланысты және сигналдық аспаптардың дұрыстығын тексеріп алады.

Қағида бойынша, базаға тұрған сақшы, кемежайды белгіленген тәртіп бойынша жиі - жиі аралап жүреді.

Күндіз база аумағындағы мұнараға шығып, сақшылық қызметін, әрі бақылаушы ретінде атқаруына болады.

138. Кемежай өз құзырындағы әкімшілік адамы, кемелердің келуін қабылдайтын болса, онда сақшы, кеменің келгендігі жөнінде құжаттар толық рәсімделмейінше, немесе команда мүшелерінің және олармен бірге келген жолаушылардың кемеден түсуіне рұқсат етпейді, ал кемежайдан, теңізге шығушы кеменің құжаты ресімделмейінше, бөтен адамдарды кемеге отыруға рұқсат етпейді.

Кемежай сақшысы, қажет болған жағдайда кемедегі жолаушылардың ішінде мемлекеттік шекараны және режимін бұзушыны анықтау және ұстау үшін кеменің және жолаушылар құжаттарының ресімделуін тексереді, кеме жүргізуші команда мүшелерін өздерін куәландыратын құжаттарды тексеріп және кеме ішіндегі адамдарды тексереді.

139. Кемежайға кеме қайтып келісімен, кемежай сақшысы, қызмет бабына сәйкес, кеме команда құрамысының құжаттарын, кемені қарап шығады.

Кемежайға келген кемелер өз орындарына тұруын, моторының тоқтатылуын, шағын кемелердің ескектерін алып және олардың құлыпталғанын кемежай сақшысы тексереді.

140. Өздігінен жүретін және өздігінен жүрмейтін кемелерді басып алуға немесе алып қашуға тырысқан шекара бұзушыларға, кемежай сақшысы табанды тосқауыл жасап және бұзушыны ұстап алуға іс-әрекет жасайды.

Барлық ұсталған бұзушы адамдар және кемежайға белгіленген уақытта оралмаған кемелер туралы, кемежай сақшысы застава бастығына шұғыл хабар жеткізеді.

### 3. Құпия наряд / әскер /

141. Құпия наряд - екі немесе одан да көп әскерлерден құралады және мемлекеттік шекара бұзуы мүмкін деген учаскелерге, бағыттарға жасырын орналастырылған - құпия қойылған әскер. Ол қызметін түн мезгілінде радиолокациялық, станциялы сигналдық бақылау аспаптарын және қызметші итті пайдаланып бір жерде тұрып атқарады.

142. Құпия қойылған әскер ешкімге көрінбейді, өзі тұрған жерден айнала бақылауды қамтамасыз ететін және мемлекеттік шекара бұзушыны кенеттен шабуыл жасауға, ұстап алатын жерде орналасады.

143. Құпия наряд, қызмет атқаратын ауданына келген бетте, таяу маңдағы тасадан күзетке қажетті жерді көзбен шолып шығады.

Аға шекара нарядшы, кімнің қайда орналасатынын, қалай бұрмеленетінін, қай бағытта, алаңда бақылау жүргізуді және сигналдық жүйесі аспаптарын, қондыру тәртібін, сондай-ақ нарядтар бір-бірімен қандай сигналмен байланыс жасайтынын анықтайды.

144. Құпия наряд қызмет атқаратын учаскесіне атпен келген болса онда мініп келген аттарын жасырын жерге үзеңгіні ер тоқым үстінен асырады да, төс айылын босатады, қаңтарып қояды.

145. Құпия наряд таса жерге орналасады және күзетті атқаратын орын барлық жерді көруге, әрі естуге, радиолокациялық станцияны және сигналды аспаптарды жұмыс істеуіне қолайлы болуы қажет. Шекара нарядтары бір-бірін көретін, сигналдар естілуін, сондай-ақ бірлескен іс-әрекетке ыңғайлы болуы міндетті.

Қызметше итгі басқаратын маман құпия наряд алдына, дұшпан келетін бағытқа орналасады.

146. Шекара нарядын аралап жүргенде немесе олардың қызмет атқаруын тексеру кезінде құпия наряд өздерін білдірмеуі қажет.

Егер құпия нарядтың қызмет атқаратын орны ашылып қалса, онда олар бұл орынды тастап, берілген бағытқа сәйкес басқа жерге жылжиды, өздеріне жүктелген тапсырманы орындау мақсатында алға қарай жасырын қозғалады. Орайы келген кезде, аға шекара нарядшы, құпия нарядтың орыны ауысқаны туралы застава бастығына баяндайды.

Мемлекеттік шекара күзетінде тұрған, құпия наряд, алынған бұйрық бойынша қараңғылық түсісімен, күндізгі тұрған орнын басқа жерге ауыстырады.

147. Радиолокациялық станция арқылы шекара бұзушыны тапса, онда аға шекара нарядшысы, оны танып айыру үшін жедел шара жасайды.

Құпия нарядының сигналдық аспабынан дабыл сигналы түсісімен, бүркемеліктігін сақтай отырып, наряд күшінің бір бөлігі түскен сигналды анықтайды. Құпия нарядының қалған құрамы мемлекеттік шекараны бұзушыға тосқауыл қойып, ұстаумен шұғылданады.

#### 4 . Бақылау күзеті

148. Бақылау күзеті - екі немесе бірнеше әскерден тұратын және мемлекеттік шекара күзетінің бір учаскесіне объектісіне тағайындалған күзет наряды.

149. Бақылау күзеті, қағидаға сәйкес, ашық бақылау немесе жасырын орналасқан күзет пункттерінен қызметін атқарады. Бақылау күзеті қызмет атқаруға қажетті құжаттармен және бақылау аспаптарымен жабдықталған.

Бақылау қызметін бірнеше пункттермен жүйелі жүргізетін болса, онда бақылау күзеті машинамен немесе ат көлікті пайдаланып атқарылады.

150. Шекара күзетін тасада атқаратын, тасаланып баратын жолы жоқ, жерге

орналасатын бақылау күзеті, бұл жерге таң атқанға дейін жетеді және бақылау қызметін бүркемеліктігін сақтай отырып қараңғылық түскенше атқарады.

151. Бақылау пунктіне жеткеннен кейін, аға шекара нарядшы атқаратын міндеттер: жер бетінен нысана табу, алқап шегін немесе бақылау объектісін және жағдайды өткізбекші нарядтан анықтап білу құжаттарды тексеру және байланыс құралдары мен сигналды аспаптардың түзіктігін тексеру, өткізуші нарядтан бақылау аспаптарын қабылдау, бақылау күзеті тұратын жерді өзі қарап шығып, нысана көрсету әрбір шекарашыға нысана алаңын және қай жерге ерекше көңіл аудару жөнінде нұсқау беру.

152. Шекарашылар өздеріне бекітілген алаңды дәйектілікпен қарап шығады. Жерді мұқият қарау алдыңғы шептен оңнан солға, содан кейін ортаңғы алаң оңнан солға және бұдан соң ең түпкі алаң оңнан солға қаралып шығады. Осылай түбегейлі қарап шығу кезінде шекарашылар, бекілген алаңда қандай өзгерістер болғанын қадағалайды.

153. Шекарашы, шектес мемлекет аумағында жаңадан пайда болған объектілерге ерекше көңіл аударуға міндетті: журналға объектінің қай уақытта байқалғанын жазып қояды, толассыз бақылау жүргізеді, шекара алқабынан шыққан соң бақылау күзетінде байқалған деректерді журналға жазады, бақылаудағы объектінің айырмашылық белгілерін және оның әсерін, объекті не екенін, адам болса кім екенін /әскери ме әлде қарапайым адам ба/, киген киімі қандай және қарулы ма, не істегенін, қайдан келгенін, қалай және қайда жүріп бара жатқан, бақылау алқабынан қашан және қандай жағдайда б о л ғ а н ы н .

Шектес мемлекет аумағынан пайда болған қарулы топтар мен бөлімшелердің, әскери техниканың санын /әскери тізбектерін, тереңдігін/, құрамын, қару-жарағын, әскери тәртібін және қай бағытқа /қайдан және қайда/ жүріп бара жатқанын аға нарядшы жазып алады, бақылау алқабындағы объектінің орын ауыстыруын, байланыс құрамының қолайлы жағдайын іргелес күзетші пункттен застава кезекшісіне б а я н д а й д ы .

154. Бақылау күзетін теңіз жағалауында /шекара өзені, көлдер, өзге де су тоғандары/ атқарған кезде, су бетіндегі болған уақиғаларды қарау және тексеру тәртібі, осы Тәлімдеменің 151-бабында көрсетілген қағидаға сәйкес жүргізіледі, жағалауды тексеру /қарау/ су деңгейінің су жағасына түйіскен жерінен басталып және одан әрі тыл учаскесінің жерінен басталып көзге көрінетін тереңдігіне дейін жүргізіледі.

Бақылау аумағында көрінген кеме пеленг нысанасын, оның бағытын, теңіз жағасынан қашықтығы, шапшаңдығы және қай мемлекетке жататындығын асқан шеберлікпен және тез анықтау керек.

Порт жағасында немесе тоқтамада тұрған шет ел кемелеріне бақылау жасағанда, оларға жақындағанда ерекше көңіл аударуға мән беріледі.

155. Бақылау күзеті машинамен немесе атпен атқарылатын болса, ол бір бақылау пунктінен екінші бақылау пунктіне жиі алмасып отырады. Бақылау күзеті, олардың бақылау қызметін атқару уақыты және күзет алмасу тәртібі мемлекеттік шекара күзеті



жөніндегі бұйрықта көрсетілген. Бақылау күзетін атқару кезіндегі пайдаланылған машина немесе аттар панада тұруы қажет. Арнайы жабдықталған пункттер болмаған кезде, бақылау күзеті бақылау жұмысын өздеріне қолайлы учаскелерден тұрып жүргізеді.

## 5. Техникалық бақылау күзеті

156. Техникалық бақылау күзеті - шекаралық наряд құрамының негізгі тобынан және одан да көп болуы мүмкін, мемлекеттік шекараны күзетуге радиолокациялық және прожекторлық станцияларды қызмет атқаруға пайдаланатын шекара наряды.

Олардың атқаратын міндеттері:

- бақылау алаңын нақты білу;

- байқалған нысаналарды тез және шебер топтастырып, олардың бағдарларын / азимутын, қашықтығын/ және қозғалыс /бағыты, жылдамдығы/ параметрін, байқалған нысана мәліметтерін берудің тәртібін нақты білу;

- көршілес нарядтардың қай жерге орналасқанын, шекара күзетші кемелердің / катердің/ қызмет атқаратын ауданын, тікұшақ /ұшақ/ ұшуларының уақытын және бағыттарын, оларды тану әдістерін, олармен байланыс және олармен бірлесіп әрекет жасау ;

- байқалған нысанаға шекара күзетші кемесін /катерін/ және тікұшақ экипажын, нарядты шебер бағыттау ;

- шекара бұзушы кемелерді тапқанда әрекет жасай білу тәртібі;

- күзетші журналына радиотехникалық және көз мөлшерімен байқалған барлық мәліметтерді есепке және өз кезінде қызмет бабындағы және басқа техникалық құжаттарды жазу жүргізеді.

157. Аға шекара нарядшы әскери қызмет атқаратын орнына келген соң: алмасушы нарядтан құжаттарды, қару-жарақты, техника және жағдайда анықтап тексеріп, қабылдайды; күзет орны аумағын радиолокациялық станциясы немесе прожектор сәулесін түсіріп қарайды; наряд орналасқан жердің қорғауды және күзетуді ұйымдастырады және күзет журналына бақылауды қашан бастағаны жөнінде белгілейді; құзырындағы нарядшыларға қай жерді бақылауға жауапты екенін көрсетеді, радиолокациялы, прожекторлық станциялардың жұмыс істеу режимін, радиолокациялық оператордың алмасу кезегін және күзет орнына /су бетіне/ прожектор сәулесін түсіріп жарықтандырудың уақыты және тұрақ алмастыру, байқалған нысаналар туралы мәліметтер беру тәртібі және бірлесіп әрекет жасау ерекшелігін қолдау .

158. Техникалық бақылау күзеті әскери қызмет атқаруда басқа шекара нарядтарымен, шекара күзеті кемесімен /катерімен/ және тікұшақ экипажымен бірлесіп әрекет жасауды өзара қолдайды. Техникалық бақылау күзеті бірлесіп әрекет жасайды,

шекарада байқалған нысаналар жөнінде ақпаратпен алмасады, олардың қозғалу параметрін және тану қорытындыларын, тағы басқа жауапты аумақта көрші күзетшілердің радиолокациялық, прожекторлық станциялары істен шығып қалғанда олардың орнын жабу жұмыстары жүргізіледі.

Басқа шекаралық нарядтармен нысананы табу үшін бірлесіп әрекет жасауды өзара қолдайды және оларды күзеттегі жерді /су бетіндегі/ тануды прожектор сәулесін түсіріп ,  
б і р л е с і п ж ү р г і з е д і .

Техникалық бақылау күзеті шекара күзетінде кемелермен мына әскери қызметтерді бірлесіп жүзеге асырады: байқалған нысана туралы ақпарат алмасу және күзетші кемеге /катерге/ нысана бағытын мәліметін көрсетеді, табылған кеменің және тікұшақтың қай мемлекетке тиісті екенін танып білуі және бірлескен әрекет жасауды анықтайды. Техникалық бақылау күзетшісін күзетші кеменің /катердің/ сұратуынша оны байқалған нысана бағыттайды, навигациялық қауіптілігін және жүзуі кезінде көрінушілік мүмкіндігі шектелген жағдайда, кеменің жүзу координатын дәл анықтайды .

Тікұшақ экипажымен бірлесіп, белгісіз нысананы іздестіргенде және оны танып алуда, байқалған нысанаға экипажды бағыттау және оларды тану, экипаждың талабы бойынша прожектордан сәуле түсірумен жүзеге асырылады.

159. Техникалық бақылау күзеті - жылжымайтын және жылжымалы болуы мүмкін. Жылжымайтын күзет - арнайы жабдықталған көшіп жүрмейтін, өзінде қондырылған қару-жарағы және техникасы бар тұрақ. Бұндағы әскери қызмет атқару ауыспалы түрде ,  
з а с т а в а б а с т ы ғ ы н ы ң ж о с п а р ы б о й ы н ш а жүзеге асырылады.

Жылжымалы күзет - застава бастығының бұйрығымен бекітілген график бойынша іске асырылады және бір немесе бірнеше әскери тұраққа дайындалады.

Әдетте, тұраққа, жер бетінің қыратты жері таңдалынады, радиолокациялық және прожекторлық станциялардың тактико-техникалық қуатының мүмкіндігін барынша пайдалануды және олардың бүркемелегін қамтамасыз ету үшін.

Әр тұраққа жеке бақылау схемасы дайындалады.

Техникалық бақылау күзетінің қолданылатын бақылау жүргізетін құралдарына қарай - радиолокациялық-прожекторлық, радиолокациялық және прожекторлық деп б ө л і н е д і .

#### Радиолокациялық-прожекторлық күзет

160. Радиолокациялық-прожекторлық күзет - мемлекеттік шекара күзетін радиотехникалық аспаптарды пайдаланып және жер бетін /су, мұз бетіндегі/ көзбен шолу аспаптарының көмегімен жүргізеді.

Прожектор станциясы /қондырғы/ график бойынша немесе нысананы көру үшін радиолокациялық станциясы /түнгі көру аспаптары көмегімен табылған/ нысананы

немесе шекара нарядының шақыртуы /сұрастыруы/ бойынша, шекара қарауылындағы кемеңің /катырдің, тікұшақ, ұшақ/ сұраулары бойынша қосылады.

161. Радиотехникалық көзбен байқалған мәліметтер және табылған нысаналар планшетке түсіріліп, белгіленген тәртіп бойынша шекара отрядының жауынгерлік ақпарат күзетшісіне және заставаға хабар беріледі.

Жылжымайтын күзетші тапқан және танылған нысаналарды нөмірлеу жауынгерлік ақпарат күзетшісі бергені бойынша, ал жылжымалы радиолокациялық-прожекторлық күзеті тапқан нысаналарды нөмірлеуді нарядты өз жүйесімен, нысаналарды табылу ретіне қарай - жақыннан алысқа және оңнан солға қарай жүргізіледі.

Ағымдағы ақпаратты шекара отрядының жауынгерлік ақпарат күзетшісіне және заставаға хабар беру, байланыс құрамының сым өткізгіштерімен іске асырылады.

162. Құрлықта байқалған нысаналар, радиолокациялық-прожекторлық күзетші таниды, шекара бұзушыларды өз бетімен ұстайды немесе бұзушыларды тапқан ауданға /таяудағы шекара наряды/ дабыл тобын шақырады.

Теңіз бетінде көп /шағын/ нысаналары табылған болса, аға шекара нарядшы, нысана тану үшін өз құрамымен немесе шекара отрядының жауынгерлік ақпарат күзетшісімен жедел алып жүруді ұйымдастырады.

Нысананың қозғалыс параметрін және бірлескен күш пен құралдар әрекеттері мәліметтерін белгіленген уақыт аралығымен анықталады.

Теңіз бетінде шағын /шағыннан артығырақ/ нысаналар байқалған болса, аға нарядшы, табылған нысана туралы шекара қарауыл кемесіне шұғыл хабарлайды, прожекторлық станцияны /қондырғыны/ қосуға бұйырады және қажетті жағдайда нысананы тану үшін немесе бөгеу үшін жарық түсіреді.

Планшетке анықталған жағдайға қарай өзгерту енгізіледі.

Күзет орнына таяу жерде белгісіз адам тобына, аға нарядшы нарядтың шағын бөлігімен ол адамды ұстауға шара қолданады, осы жерге дабыл тобын шақырады және олар келгенше бұзушыны күзетпен қамтамасыз етеді.

163. Белгіленген жерде күзеттік қызмет біткен соң, жылжымалы радиолокациялық-прожекторлық күзеті радиолокациялық станцияны жинақтайды, прожектор станциясын жорыққа шығу қалпына келтіріп және графика сәйкес басқа т ұ р ғ ы ғ а ж ы л ж и д ы .

Жылжымайтын радиолокациялық-прожекторлық күзетші әскери қызметін атқарып болғаннан кейін, радиолокациялық станциясын, жабдықтау агрегатын және прожекторлық станциясы ажыратады, оларды таса жерге қояды.

Р а д и о л о к а ц и я л ы қ к ү з е т

164. Радиолокациялық күзет - мемлекеттік шекара күзетін жер бедерін немесе су бетін /мұз айдынын/ радиолокацияны пайдаланып, әскери қызметін атқарады. Шекара

шебінде байқалған нысаналарды топтастырып, белгілі уақыт аралығы арқылы олардың координаттарын анықтап, шкала станциясымен есептеп және планшетке түсіреді. Күзетші көрінген нысананың бағытын, қозғалыс шапшаңдығын анықтайды және оған шекара нарядын, шекара қарауыл кемесін /катерін/, тікұшақ экипажын жіберуге қажетті мәліметтер дайындайды. Нысананы анықтағанша /ұсталғанша/ дейін бақылау жүргізеді.

165. Радиолокациялық күзетші шектес мемлекеттің аумағында байқалған нысаналарды топтастырып, олардың сипатын білу мақсатында толассыз бақылау жүргізіледі. Бақылау алаңындағы нысаналардың орын ауыстырғаны немесе бақылау аймағынан шыққаны жөнінде аға шекара нарядшысы застава кезекшісіне баяндайды.

166. Күзетке таяу жерде байқалған шекара бұзушыларды, шекара наряды өз бетімен ұстайды немесе дабыл тобын /жақын жердегі нарядты/ шақырады және осы нарядқа қалыптасқан сигнал бойынша шекара бұзушыға бағыттап тұрады.

167. Радиолокациялық күзеті әскери қызметін атқарғаннан кейін, күзет учаскесін алмастырушы нарядына радиолокациялық станцияны және басқа нарядтарда қалыптасқан тәртіп бойынша өткізеді, жағдайда және бақылау мәліметтерін хабарлайды.

168. Радиолокациялық комплексті пайдаланып әскери қызмет атқаратын радиолокациялық күзетші, шекара заставасында /күзетінде/ тұрақты орнатылған басқару тұғырығы арқылы толассыз бақылау жүргізіп, қызмет атқарады. Радиолокациялық комплекстің кезекші операторы, шекара бұзушыны экран арқылы тапқан болса, ол жөнінде шұғыл застава кезекшісіне баяндайды, нысананы топтастырады, қозғалыс шапшаңдығын және оның қозғалу бағытын басқа да мәліметтерді есепке алып күзет қызмет журналына жазып нысананың соңына ілеседі.

Аға нарядшы шекара нарядын, шекара қарауыл кемесін /катерді/, тікұшақ экипажын нысана бағытына бұрады және бұлардың іс-қимылдарын экран арқылы нысана ұсталғанша бақылайды.

#### Прожекторлық күзет

169. Прожекторлық күзет - мемлекеттік шекара күзету қызметін аумақ бедерін, су бетін /мұз айдынын/ прожекторы сәулесін түсіріп, көзбен шолып байқаумен атқарылады. Шекара нарядының, шекара қарауылы кемесінің /катердің/, тікұшақ экипажының сұрауына қарай график бойынша нысана беттеріне жарық түсіріледі. Сәуле жарығын беру үзілістерінде, күзетші күзет учаскесін түнде көру аспаптарын пайдаланып бақылауды жүргізеді. Күзет алдына қойылған міндетке және жағдайға байланысты жеке анықталған шеткі сәуле жарығын бұркеу, кейбір учаскелердегі қимыл-әрекеттерді көру үшін тылдық жарық түсіріледі.

Прожекторлық күзет - жарық түсіруге қай уақытта болса да дайын тұруы қажет.

170. Прожекторлық күзет - сигналдық комплекс /жүйесі/ немесе із бақылау алқабына таяу жерде әскери қызметі болса, прожекторлық күзет учаскесінің толық сәуле түсіру жарығымен қамтамасыз етуге тиісті.

171. Мемлекеттік шекара учаскесіне жақын жүретін темір жол бойына түсіріп жарықтандырып локомотив жүргізуші машинистерінің көзін шағылыстыруға болмайды .

Поездар өтіп кеткен соң, темір жол бойының екі жағына бірдей жарық түсіріп, поездан секіріп түсіп қалған бұзушыларды мұқият іздеп табу және оны ұстау м а қ с а т ы н д а .

172. Мемлекеттік шекара күзетіне таяу жерде шекара бұзушы байқалған болса, онда шекара наряды шағын қолмен бұзушыны ұстайды. Егер шекара бұзушы, күзет орнынан едәуір қашықта байқалған болса немесе теңіз жағасынан қашуға тырысса, бұл туралы шекара наряды шұғыл түрде застава кезекшісіне баяндайды. Осы бағытта күзет қызметін атқарып жүрген шекара қарауылы наряд белгілеген сигнал береді және бұзушының тұрған жеріне прожектор сәулесін түсіріп жарықтандырады.

173. Көрсетілген тұрғыда, прожекторлық күзет міндетті әскери қызметін атқарған соң күзет жорық қалпына келтіріліп, қалыптасқан тәртіп бойынша заставаға қайтып оралады немесе басқа тұрғыға ауыстырылады. Бір тұрғыдан екінші тұрғыға орын алмастыру алынған графикке байланысты болады.

### Ш е к а р а л ы қ к ү з е т

174. Шекаралық күзет мемлекеттік шекара учаскесінде және заставадан аулақтау жерді күзетуге тағайындалады, жеке құрам бір әскери бөлімшеден кем болмайды. Шекаралық күзет құрамына радиолокациялық және прожекторлық станция топтары, қызметтегі иттер маманы, байланыс және сигналдық топтар беріледі. Шекаралық күзетті офицер, прапорщиктер немесе сержант басқарады.

Шекаралық күзет көбінесе арнайы жабдықталған пункттерге орналасады, әскери шекаралық күзет қызметін осы пункттер шекара нарядын жіберу жолымен, застава бастығының жасаған графигі бойынша орындайды.

175. Аға шекара нарядшысы, мемлекеттік шекара күзеті жөніндегі бұйрықты алысымен, күзет қызметін қалай атқару тәртібін, күзетке шығу және күзет орнына жету , заставадан дабыл сигналы түскенде істейтін әрекет, шекара бұзуы белгілерін тапқанда және застава резервімен бірлесіп қызмет атқаруды қолдауды анықтайды. Шекаралық күзетші, шекара заставасымен байланыс құралдарын пайдаланып, радио арқылы және кезекші қабылдау радиостанциясы қолдауымен хабарлайды.

176. Шекаралық күзет - әскери қызмет атқару кезінде сигналдық аспаптарды орнатады, радиолокациялық және прожекторлық станция арналарын жайып-жаздырады. Аға наряд учаскені күзету үшін алға наряд жібереді /шекара

нарядының санына қарай/ және резерв қалдырады.

Қызметтегі итті басқарушы бапкер-маман шекара бұзушы осы жерден өтеді-ау деген жерге иттерді орналастырады. Радиолокациялық және прожекторлық станция күзетке жақын орналасып және алдына қойылған әскери қызметті графикке сәйкес а т қ а р у ғ а к і р і с е д і .

Алға жіберген және резервте қалған наряд шекара учаскесіндегі күзетті нақты қамтамасыз етілуін, оның бүркемелігін, шекара бұзушыны тез ұстауға және күзет құрамын жинап алуға қамтамасыз етуі қажет.

177. Шекара заставасын дабыл сигналы немесе шекара бұзушының майда болуы жағдайында шекара нарядшылары бұзылған учаскеге төте шығып, тасаланып орналасады, бұдан соң застава бастығының бұйрығына сәйкес іске кіріседі немесе жағдайға қарай байланыс әрекет жасайды.

178. Аға шекара нарядшысы күзет учаскесіндегі әскери қызмет атқарылған соң нарядшылардың қару-жарақты, оқ-дәріні және басқа жабдық заттарын түгелдейін тексереді және тексеріс қорытындыларын застава бастығына немесе застава кезекшісіне баяндайды.

## 7. Жылжымалы шекаралық күзет

179. Жылжымалы шекаралық күзет - құрамы 5 шекара нарядын және одан да көп шекаралық наряд, шекара заставасынан аулақ учаскелерді күзетуге тағайындалған, мемлекеттік шекараны бұзушыларды ұстап алуға қиындыққа кездесетін учаскелерге қ о й ы л ғ а н н а р ы д .

Жылжымалы шекара күзеті құрамына - радиолокациялық және прожекторлық станция топтары, қызметтегі ит бапкер-маманы, байланыс және сигналды топтар кіреді. Жылжымалы шекара күзетін офицер, прапорщик немесе сержант басқарады.

Әдетте, бұл топ шекара күзетін машинамен атқарады. Застава бастығының бұйрығына және ол жасаған графикке сәйкес, олар мемлекеттік шекара күзетінің жеке у ч а с к е с і н к ү з е т е д і .

180. Аға шекара нарядшы, мемлекеттік шекара күзеті жөніндегі бұйрықты алғасын, шекара нарядының қозғалысын және күзет атқаратын жерін, заставаға сигналдық комплексінен дабыл сигналы түскенде қалай әрекет жасауды застава резервінің қалай қолдау тәртібін белгілейді.

181. Қызмет атқару ретіне байланысты шекара жылжымалы күзеті бір учаскеден келесі учаскеге белгіленген жылдамдықпен қозғалып жүреді. Күзетші жеке құрамы машина үстінде отырып айнала бақылайды, қарайды, сигналдық және бақылау құрамдарының жұмысын тексереді. Шекара бұзушы тасаланып /жасырынып/ қалатын учаскелерді, із-бақылау алқабын тексеріп, мұқият қарау үшін, аға нарядшы жаяу ш о л ғ ы н ш ы л а р д ы а л ғ а жібереді.

Күзетші жерді таңдау және учаске жерін қарап шығу үшін оқтын-оқтын аялдап, машина двигателін өшіреді. Застава күзетшісімен радио арқылы байланысады.

182. Күзет қызметі машинамен атқарылса, онда машинаны тасаға қойып, шекара наряды жаяу жүреді, сигналдық аспаптарын іске қосады, радиолокациялық және прожекторлық станцияларын жаяды.

Аға нарядшы көзге көріну түнде тыңдауға қашықтығына бір-екі нарядты алға жібереді және резерв тағайындайды. Резерв машина тұрған тасада немесе осыған жақын орналасады, бүркемеленіп шекаралықтарда көрсетілген жерге орналастырады және белгіленген алаңға бақылау жүргізеді, тыңдау жасайды, сигналдық аспаптардың жұмыс істеуін қадағалайды.

Әдетте, мемлекеттік шекара бұзушы өтулері ынталанған жерге, қызмет иттерімен итбапкер маманы орналасады.

Радиолокациялық станция тобы станцияны машина немесе оған жақын жерге жайып орналастырады және белгіленген графикке сәйкес әскери қызметтерін атқарады.

Мемлекеттік шекара бұзылуын мүмкін болатын учаскеге бүркемелікті сақтап, күзетші құрамын және олардың қауіпті жедел баруын қамтамасыз ететін жерге алға жіберілген наряд және резерв орналастырылады.

183. Графикке сәйкес әскери қызметті атқару уақыты өткен соң, аға шекара нарядшысы, нарядтың шұғыл жиналуына және күзеттің басқа жерге көшіп орналасуына сигнал береді. Алдымен алдамшы күзет орнын көрсетіп, содан соң бүркемелікпен негізгі орнына барып бақылау жүргізеді және застава бастығы бұйырған жерге орналасады.

184. Заставаға сигналдық комплекстен /жүйеден/ дабыл сигналын алысымен немесе күзет учаскесінде шекара бұзушының байқалғаны жөніндегі сигнал берген учаскеге бүркемеленіп, наряд ең төте жолмен тосқауыл жерге жетіп және бұдан әрі застава бастығының бұйрығымен әрекет жасайды немесе жағдайға байланысты әскери қызмет атқарады.

185. Күзет қызметін атқарғаннан кейін, аға шекара нарядшы, сигналдық және бақылау құралдарын тексеруді ұйымдастырады, нарядшылар қару-жарақты, оқ-дәріні және жабдық заттарын түгел тексереді және тексеру қорытындысын застава кезекшісіне баяндайды.

## 8. Бақылау күзеті

186. Бақылау күзеті - құрамында екі немесе одан да көп, шекара аумағында және алқабында шекара режимін сақтауды бақылауға тағайындалған шекара наряды.

Бақылау күзеті, әдетте, күзет қызметін арнаулы жабдықталған тұрақты орында немесе уақытша шлагбауммен /керме бөрене/ жабдыкталады, пункт арқылы өтетін

құралдарды тексеруге арнайы құрылыс салынады, автокөліктерді тоқтатып және олардың құжаттарын тексеру үшін қызыл жалаумен және қызыл шаммен ж а б д ы қ т а л а д ы .

187. Қызмет атқаратын орынға келген соң, аға шекара нарядшы ауыстырушы нарядтан күзет орнын жағдайын қабылдап алады және мыналарды анықтайды: көлік құралдарының тасымалдау жүктерін және олардың құжаттарын қарап-тексеру тәртібін; шекара режимін бұзушыларды және іздестіруде жүрген адамды тоқтату, көлік құралын және бақылау пунктіне жақын жерлерді бақылау, белгісіз адамның бақылау пунктін айналып өтуге тырысқандығын, көлік құралын тоқтатуда және оны тексеру кезінде қауіпсіздік шараларын қамтамасыз ету.

188. Шекара аумағын және шекара алқабына кіруге-шығуға қажетті құжаттарды және Қазақстан азаматы екені тексеру көлік құралдарын және ондағы тасымалдағы жүктерді тексеріп-қарау, сондай-ақ жақын аумақты тексеріп бақылау.

Көлік құралдарымен құжаттарды әдетте, аға шекара нарядшысы тексереді.

Бақылау күзетінде қалған наряд құрамы, осы бақылау пунктінің тексеруіне бұлтарып, айналып кетпекші болған шекара режимін бұзғандарды тоқтатады және қ а ш у ғ а т ы р ы с қ а н д а р д ы ұ с т а й д ы .

189. Шекарашы құжат тексеру кезінде мыналарға көңіл аударуға міндетті:

- құжат берушінің түрін, құжаттағы фотосуретімен салыстыруға байқау;

- құ ж а т т ы қ а р а п ш ы ғ у ғ а ;

- өткізу құжатының дұрыс ресімделуін тексеру /мәтіннің дұрыстығы, қолы, мөрі, ж а р а м д ы м е р з і м і / ;

- құжатты көрсетіп тұрған адамға сенімді болу, бұл адамды ұстау жөнінде бұйрық жоқтығын, оның алып бара жатқан жүгін және басқа мүлігін мұқият қарап шығу;

- құ ж а т т ы и е с і н е қ а й т а р ы п б е р у .

Көрсетілген құжаттарды тексеру кезінде тазартуын өшіру, қосымша жазу, қойылған мөрді жалған жасау, фотосуретті ауыстыруға баса көңіл бөлу қажет. Көрсетілген құжаттардың мерзімі дұрыс, жалғандығы жоқ, фотосуреттері өзіндік, түзетулер мен басқалай түсініктер жазылмаған болса, онда бұл құжат сенімді әрі жарамды деп е с е п т е л е д і .

190. Шекара шебінде құжат тексеру қызметін шекара наряды осы Тәлімдеменің 121 бабына сәйкес жүргізеді, құжат тексеру кезінде азаматтарға әдептілік және құрметпен қ а р а у к е р е к .

Құжат тексеру кезінде іздестіруде жүрген адам табылса, немесе құжаттары жоқ адамдар болса, шекара наряды бұндай адамдарды ұстап қалып, өзі бағынатын шекара застапасына немесе бөлімше командиріне баяндайды.

191. Көлік құралдарын қарап шығу, олардың келіп тоқтау кезегіне қарай, ал автобусты - бірінші кезекпен тексеріп өткізеді. Автокөліктің шонағындағы мүліктерді және басқа жүктерді тексеру эстакада арқылы тексеріледі. Жеңіл машинаның



багажнигін ашып қарау, қашып жүрген нақты адамды табу-ұстау үшін жүргізеді. Багажникті автокөлік жүргізушісі ашады.

192. Әскери автокөлік тізбегінің құжаттарын аға автокөлік сұрап-тексеріп қарайды, бұған дейін лауазымды бастықтан бұйрық түспеген болса, бақылау күзеті автотізбекті тоқтатып, аға автокөлік тізбегінен, автотізбекте бөтен адам жоқ па деп міндетті түрде с ұ р а й д ы .

193. Шекара нарядына құжатты көрсетуден бас тартып немесе көлік құрамының құжаттарын және тасымалды жүктерді қарап шығуға бөгет жасаған адамдары ұстап қалады және дабыл тобы келгенше күзетке қояды.

194. Бақылау күзетін айналып өтуге тырысқан бұзушы табылса, немесе сигналдық аспаптан дабыл сигналы түскен болса, онда шекара нарядының бір бөлігі сигнал түскен жаққа шекара бұзушыны ұстауға жылжиды немесе сигналдың түсу себебін тексереді, ал нарядтың қалған құрамы тапсырылған әскери міндетін бұдан әрі жалғастырады.

195. Мемлекеттік шекара мен инженерлік қоршау арасындағы бақылау күзеті осы күзет орнына арнайы жабдықталып салынған жерге орналасады. Бұл жерден азаматтар шекара аймағына және жер алқабына өтуді бақылау күзеті жүзеге асырады. Бұл аталған алқапқа, бұл жерде тұрақты тұрмайтын азаматтарды өткізу. Застава бастығының, шекара комендатура комендантының, шекара отрядының және оның орынбасарларының қол қойған рұқсат қағазымен жүзеге асырылады.

Шекара аймағын және осы жер алқабында, мемлекеттік шекара аймағы мен шекара инженерлік қоршауы арасында, тұрақты тұратын азаматтар, сондай-ақ жергілікті әкімшілік органдардың және басқармалар бастықтарын шекара өткізу өздерін куәландыратын құжаттарын көрсету арқылы өткізіледі.

Инженерлік қоршау ішіне өткізілген барлық адам саны, белгіленген тәртіп бойынша есепке алынады. Әдетте, аға шекара нарядшысы, олардың құжаттарын тексеріп және шекара журналына жазып қояды, ал қалған шекара наряд құрамы жергілікті жерді және аудан аймағын бақылайды және жағдайда байланысты шұғыл әскери қызмет атқаруға д а й ы н т ұ р а д ы .

Аға нарядшы, егер шекара шебінде мал жаюға рұқсат беретін болса, ең алдымен мал бақташысын /шопанды/ шекара аймағында мемлекеттік шекара күзету режимін хайуанаттардың шекара шебіне жақындамауын, шекаралық із-бақылау алқабының тапталмауын, инженерлік құрылыстың және қоршаудың бұзылып зақым келтірмеуін е с к е р т е д і .

Аға нарядшы шекара аймағына және алқабына адамдарды өткізу аяқталғанын және өткізілген адамның есебі жөнінде застава бастығына баяндайды.

Бақылау күзеті өзінің іс-әрекетімен мемлекеттік шекара аймағында және жергілікті алқапта орналасқан шаруақожалық кәсіпорнына, мекемелер мен ұйымдардың жұмыс істеулеріне қиындық келтірмеулері тиіс.

196. Бақылау күзеті пунктiнен адамды, көлік құралдарын, жүктерді мемлекеттік

шекара арқылы оңайлатып өткізу тәртібі арнайы бекітілген нұсқауларға сәйкес жүргізіледі.

## 9. Барлаушы-ізвестіруші топ

197. Барлаушы-ізвестіруші топ - құрамы әскери бөлімдерден және шекара күзетінің осалдау жерін бақылауға тағайындалған шекара заставасынан алыстау орналасқан шекара н а р я д ы .

Қағида бойынша, барлаушы-ізвестіруші топ құрамы және атқыштар бөлімшесінен, қызметші ит маманынан, байланыс және сигналдық мамандардан құрылады, әскери қызметке қажет болғанда халық жасақтары, сондай-ақ жер жағдайын жақсы білетін, мекенді ел тұрғындары да қосылады. Барлаушы-ізвестіруші топты офицер, прапорщик немесе с е р ж а н т б а с қ а р а д ы .

Барлаушы-ізвестіруші топ қолына карта /схема/ беріледі, бұнда топтың жүру бағдары, қозғалыс азимуты, бір нүктеден екінші нүктеге жүру нысанасы, орны, жүру жолында кездесетін қауіпті жерлер, оларды айналып өту, мемлекеттік шекара бұзушының келеді-ау деген жеріне тосқауыл қою және дұшпан жасырыну мүмкіндігі бар жерлер және басқа да мәліметтер көрсетілген.

Барлаушы-ізвестіруші топ жаяу /шаңғымен/, атқа мініп немесе машинаға мініп қозғалулары мүмкін. Олар әскери қызметті жаяу /шаңғымен/ атқаратын болса, оларға күзет жеріне тікұшақпен /ұшақпен/ жеткізіледі.

198. Барлаушы-ізвестіруші топтың атқаратын әскери міндеттері мына төмендегідей:

- мемлекеттік шекара бұзушыларды іздеу немесе шекара бұзылған белгіні ізвестіру;
- мемлекеттік шекара бұзушының кіретін бағытын анықтау;
- мемлекеттік шекара шебіне төте шығатын асуларды, сай-саланы, орман алқабын, терең жыраларын қарап шығу және іздеу салып жүрген дұшпанның, диверсанттардың топтары тығылатын, жасырынатын мұқият қарауды жүзеге асыру;
- шекара рәсімінің сақталуын бақылау;
- шығуы қиын тау асуларын, өзен өткелдерін, батпақты және көлді жерлердің тар өткелдерін, өтуге болатын жерлерін барлап шығу.

199. Шекара күзетіне тағайындалған барлаушы-ізвестіру тобы мына мәселелерге анықтауы және нақты білулер қажет: бағытты қозғалуы бойынша нысанаға шығу уақытын; ізвестіру жол сапарының баратын ауданын мұқият қарап шығу; мақсатты әскери қызметті атқарып-орындау әдеттерін; жеке құрамының негізгі /түнгі/ демалыс ауданын және оларды қорғау; шекара заставасымен қалай байланысты қолдануды; бірлесіп әрекет жасау сигналын; ауа райының қолайсыз жағдайын паналайтын жерді; апатқа ұшырағандағы әрекетті және әскери күзет қызмет атқару кезінде қауіпсіздік ш а р а л а р ы н ж а с а у д ы .

200. Мемлекеттік шекараны күзету жөніндегі бұйрық алған соң, аға шекара нарядшысы күзет сапары жөніндегі кезіндегі жер жағдайын қарау, шекара бұзушының тапқанда немесе шекара бұзылған белгілері байқалғанда резервтегі нарядпен өзара қалай бірлесіп әрекет жасауды анықтайды.

201. Шекара шебінің бірінен келесісіне бүркемелі түрде барлаушы-ізвестіруші тобы тікелей күзеттің қорғауымен, өзінен бас шолғыншы, қажетті жағдайда жанама және тылдағы шолғыншыны, қажетті жағдайда жібереді. Мемлекеттік шекара бұзушының ізвестіруі алдымен алғы шолғыншы жіберіп жүзеге асырады, содан соң сигнал бойынша нарядтың қалған құрамымен алдыңғы шолғыншыға қолдау жасауға дайын тұрады.

Шолғыншы жүру бағытында жол бойын тексеріп, шолып шығады. Жол бойында күмәнді оқиға байқалмаса, алдынан шолғыншы шығарады.

202. Аға шекара нарядшы, шекара бұзушы тығылатын, дұшпан барлаушы десант түсіреді-ау деген жерлерге бақылау жүргізеді, жер бетіндегі заттарды мұқият қарап шығады.

Шекара бұзушы жасырынуы мүмкін болатын сай-сайларды, ойпаттарды, жеке үйлерді және құрылыстарды тағы басқа жерлерді түгелдей қарап шығады.

Шекара барлаушы-ізвестіруші тобы, шекара бұзушы өтуі мүмкін болатын жерлерге құпия нарядты, бақылау күзетін және торуыл, тосқауыл қояды.

203. Барлаушы-ізвестіруші топ демалатын жерлерге өздерін қорғайтын наряд қояды. Ең маңызды бағыттарды қорғау үшін арнайы нарядтар тағайындалады. Бүркемелік қалпында және тұтқиылдан шабуыл жасауды болдырмау мақсатында, барлаушы-ізвестіруші топ түнгі демалысына, бұдан қашықтау аудан таңдау қарастырылады.

Әскери қызметтің қорытындысына және жағдайдың өзгеруіне қарай, барлаушы-ізвестіруші топ құрамына міндеттемелер түрі анықталуы мүмкін.

204. Мемлекеттік шекара бұзылғаны немесе шекара бұзу белгілері байқалған болса, аға шекара нарядшы, бұл жөнінде шекара застава бастығына баяндайды, жаңадан алынған нұсқау бойынша және жағдайға сәйкес, шекара бұзушының ізіне түсіп, оны ұстауға әрекет жасайды.

## 10. Д а б ы л т о б ы

205. Дабыл тобы - құрамында бес шекарашы және одан да көп әскерден тұратын, сигнал комплексінің дабыл сигналы бойынша әрекет жасайтын, шекара бұзушыларды және белгісіз адамдарды ұстауға тағайындалған, шекара күзетші нарядына көмектесетін, тағы басқа кенеттен пайда болатын міндеттерді орындайды.

Дабыл тобының құрамына кіретіндер, қағида бойынша, ізвестіруші иттердің ит бапкері, кейбір жеке жағдайларда - қызметші иттердің аға ит бапкері, байланыс және

сигнал бөлімдерінің мамандары. Дабыл тобын офицер немесе прапорщик басқарады және бақылау алқабымен, байланыс және жарық беру құралдарымен жабдыкталады. Дабыл қаққан жерге оларды машинамен жеткізеді.

206. Аға шекара нарядшысы қажетті жағдайда дабыл тобы құрамына бақылау жүргізу аспабын, байланыс құралдарын, жабдық заттарын, басқа мүліктерді бөліп береді және олардың шығу уақытын, дайындық тәртібін анықтайды.

Дабыл тобы әр уақытта дабыл қаққан учаскеге шығуға дайын болуға тиісті. Дабыл тобына ұйықтауға застава бастығы бекіткен уақытта рұқсат етіледі.

207. Дабыл тобын көтеру "Ұрысқа аттан!", "Қарулан" командасы бойынша жүзеге асырылады. Жеке құрам қаруланып, жабдықталып, көлік құрамымен дабыл қаққан учаскеге аттанады. Аға шекара нарядшысы дабыл тобының алдына қойылған міндеттерін жүріп бара жатып түсіндіреді және дабыл тобының жауынгерлік тәртібін, сигналдық және бақылау құралдарын тексеру тәртібін, сондай-ақ мекен-жайды қараудың және бақылау жүргізу ретін анықтайды.

208. Сигналдық құралдардан дабыл сигналын сигналдық комплекстің мемлекеттік шекара шебінен қашықтығына қарай түріне байланысты, дабыл тобының іс-әрекеттері әр түрлі болуы мүмкін.

Сигналдық комплекстен /жүйеден/ дабыл қабылданып, дабыл тобы шекара шебінен сигнал түскен учаскеге шығады, қағида бойынша, жауынгерлік тәртіппен жазылыңқы сапқа тұрып, соқпақ жолдарды және із-кесу бақылау алқабын қызметтегі ит бапкер мамандарымен бірлесе дабыл қаққан учаскені мұқият тексеру жүргізеді.

Аға шекара нарядшысы бақылау-із кесу алқабын жеке өзі тексереді. Дабыл сигналы түскен жерді тексеру кезінде шекара бұзушылық немесе оның бұзу белгілері табылмаса, онда дабыл тобы шектес учаскені тексереді.

Дабыл түскен учаскеден, шекара бұзушы ізі немесе басқа белгілері табылса онда аға шекара нарядшысы қызметтегі ит бапкерімен бірлесе, із-табын зерттеп біледі, жағдайды застава бастығына баяндайды, шекара бұзушының ізіне түсіп, оны ұстап алуды ұйымдастырады.

209. Дабыл сигналы түскен учаскені тексергенде мемлекеттік шекараны бұзушының ізін басқалай бұзу белгілері табылмаған болса, онда дабыл сигналдық комплекстің /жүйенің/ қоршауынан жабайы хайуанаттардың сүйкенуінен немесе комплекстің бұзықтығын дабыл сигналы түсуі мүмкін болған, бұл қорытындыны застава бастығына баяндап, дабыл тобы заставаға қайтып оралады.

Аға шекара нарядшысы заставаға қайтып оралып, шекара кітабінің 4-тарауына дабыл сигналының түсу жөніндегі себептерін жазады және өз қолын қояды.

210. Мемлекеттік шекара бұзушының немесе белгісіз адамды ұстау үшін келген дабыл тобы, келген ауданның жергілікті тұрғындарынан, шекара бұзушыны көргендерден, оның түр-түсін, қай бағытқа кеткенін, қай жерге жасырынғанын сұрастырып біледі. Аға шекара нарядшысы, шекара бұзушы немесе белгісіз адам

тығылу мүмкін деген жерлерді мұқият қарап және тексеріп шығады. Бұл ауданды қарап-тексеру кезінде, барлық адамдардың құжаттары тексеріледі, ал күмәнді деген адамдар ұсталады және олар заставаға жеткізіледі.

211. Шекара нарядына сигнал бойынша көмекке келген дабыл тобы, әскери қызметін атқаратын учаскесіне келген соң, жағдайда анықтайды, тексеру барысын застава бастығына баяндайды және алынған жарлыққа сәйкес іс-әрекетті жалғастырады.

Дабыл тобы шекара бұзушыны немесе белгісіз адамды табуға кіріскен соң, бұл дабыл тобы іздеп табушы ретінде әскери қызметін атқарады.

## 1 1 . І з д е у т о б ы

212. Іздеу тобы - құрамында бес әскері және одан да көп әскерлері, мемлекеттік шекара бұзушыны іздеп табуға және оны ұстау үшін тағайындалған шекара наряды. Іздеуші топ құрамына қызметтегі ит бапкері жақсы жаттықтырылған іздеуші иттер бар ит жетекшісі кіруі мүмкін, қажетті жағдайда жергілікті халық жасақтары, сондай-ақ мекенді жердің жағдайын жақсы білетін жол сілтеушісі қосылады. Іздеуші топты офицер, прапорщик немесе сержант басқарады. Іздеуші топқа қойылған әскери қызметті орындау үшін, оларға сол учаскенің картасын /схемасын/ табыс етеді, олар іздеу қызметін жаяу /шаңғымен/ жүріп, ат көлікпен, машинаға, катерге мініп атқаруы мүмкін, ал кейбір жағдайларда тікұшақты пайдаланып та атқарады.

213. Іздеу тобы - мемлекеттік шекараны бұзушыны іздестіруді із табылған жерден немесе бұйрықта көрсетілген негізгі пункттен бастауы мүмкін. Аға шекара нарядшысы, негізгі пунктке келген соң, іздестірудің негізгі бағытын, оған шығудың жауынгерлік тәртібін, учаскені бақылау және қарау, наряд қауіпсіздігін сақтауды және шектес орналасқан шекара нарядымен, тікұшақпен қалай байланысты қолдану қажеттігін анықтайды.

214. Іздеу тобының жауынгерлік тәртібі қағида бойынша, бас шолушы /жанама, тылдағы шолушы/ және іздеу тобының негізгі құрамынан құралады. Барлық шолушылардың ара қашықтары, олардың үздіксіз әрекетін және оқ атумен қолдайтындай болуы тиісті.

Қызметтегі ит бапкері бас шолушымен бірге болады.

215. Іздеуші топ мемлекеттік шекара бұзушыны өз бетінше іздестіруі мүмкін немесе шектес нарядпен бірлесіп учаскедегі заттарды және жерді бақылай-қарайды.

Мекенді жердің тұрғындарынан бұзушы туралы толық сұрастырады. Қажет болса, шекара бұзушыны тану үшін жергілікті адам іздестіруші топқа көмекке шақырылуы мүмкін.

216. Батпақты-тоғайлы жерлерде мемлекеттік шекара бұзушыны іздестіру, орман жолдарын, соқпақтарды, орман шеті араларында жүргізіледі, бұлардың өзі іздестіруші

т о п қ а                      ж а қ с ы                      н ы с а н а                      б о л а д ы .

Тоғай арасында іздестіру жүргізгенде ағаш басына, қираған шөптерге, үйілген бұтақтарға, қопаларға, тұрғын үйлерге және адам тұрмайтын құрылыстарға және басқа жерлерге б а с а                      к өң і л                      б ө л і н у і                      қ а ж е т .

Таулы жерлерде іздестіру қызметін ең зәулім бөлігінен бастап, тау жолдарын, алқаптарын, қыраттарын, шатқалдарын, өзендерін, тау соқпақтарын, бұзушы жасырынатын жерлерді қарау қажет. Негізгі іздеу бағытынан таралатын жолдарды шатқалдар, соқпақ жолдарды тексеру қызметін шолушылар немесе бақылау пункттері н а р ы д т а р                      ж ү р г і з е д і .

Шөлейтті-далалық жерлердің бұзушыны іздестіру, негізгі бағыттан таралатын керуен жүретін жолдарды, соқпақ және елді мекенге, ылғалды алқапқа және құдықтарға апаратын жолдарды тексереді. Жергілікті жерді қарау биіктен басталады да құмға барып тіреледі. Аға шекара нарядшысы, іздестіру қызметі барысында сусындау режиміне және негізгі қозғалыс бағытын дұрыс сақтайды.

Қыс уақытында, іздестіру тобы жол бойын, соқпақтың, дұшпанның жасырынып қалу, демалу, жылынуына мүмкін жерлерді тексеріп қарайды.

Іздестіру тобы қатқан шығанақтар арқылы, шекара бұзушының жүруі мүмкін болатын мұз бетін, мұз шоғырларын бақылап тексереді. Нысана болмаса, аға нарядшы, наряд жүру бағытын оқтын-оқтын, азимутқа қарап бағдарлайды. Бұл жағдайда жеке құрамның және қызметші иттердің үсімеуіне қатты көңіл аударып шара қолданылады.

217. Мемлекеттік шекара бұзушының ізін тапса, немесе ол бір елді мекенде тығылып отыр деген мәлімет түссе, онда аға нарядшы іздеу тобының бір бөлігін белгілі елді мекенге жібереді, ал нарядтың қалғанымен елді мекеннің шегіне жасырынып тұрып, кірген-шыққандарға бақылау жүргізеді. Іздестіруге жергілікті халық жасағы және елді мекен адамдары қатыстырылады. Қажетті жағдайда елді мекен учаскеге бөлінеді, әр учаскеге халық жасақтарының қажетті саны тағайындалады, оларға шекара н а р ы д ы                      б а с ш ы л ы қ                      е т е д і .

Шекара бұзушы жасырынатын объектілер /тұрғын үйлер және салынып жатқан құрылыстар/ бау-бақшалар түгелдей қаралып бақыланады, бұзушыны іздестіреді.

Үйлерді тексеру олардың иелерінің көзінше немесе жергілікті мемлекеттік органның қатысуымен жүзеге асырылады.

Қыста жер беті қар жамылған кезде, елді мекенді айнала тұйықталған шаңғы жол с а л ы н у ы                      м ү м к і н .

Елді мекенге кіретін /келген/ және одан шығатындардан бұзушының немесе белгісіз адамның қайда тығылғанын сұрастырып, осы жердегі тұратын барлық адамдардың құжаттары тексеріледі, күмәнді адам ұсталып заставаға жеткізіледі.

218. Іздестіру тобы әскер қызметін машина жүретін жолмен қозғалып атқарады, егер жер жағдайының жүруге мүмкіндігі жараса, онда мемлекеттік шекараны бұзушының бағытына тура шығады. Жүру сапарында жол бойы бақылау жүргізіледі

және оқта-текте аялдама жасайды. Шекара бұзушы жасырынады-ау деген жерлерге шолғыншы жіберіліп тексеріледі. Қалған наряд құрамы айнала бақылау және шолғыншы соңынан бақылауды және әрдайым іс-әрекетке көмектесуге дайын тұрады.

219. Мемлекеттік шекара бұзушыны іздестіруге тікұшақ пайдаланылса, тікұшақ бірден бұзушы жүретін бағытқа ұшып шығып, бұзушы тығылатын жерлерді бақылайды /орман ішіндегі жаққан алаудың түтіні, егін және қопа алқабындағы іздерді, суға батырып қойылған судан өту құралдарын/ түгел қарап шығады. Әуеден қарауға мүмкіндігі жоқ немесе бұзушының жеке түрін анықтау үшін шолғыншы түсіріледі.

220. Қараңғылық түсісімен, іздеуші топ, қызметші итті және түнгі көрсету аспаптарын белсенді пайдаланып, мемлекеттік шекара бұзушы жүруі мүмкін болған бағытқа қозғалады. Іздеу тобы бір-бірін өзара қолдау жасау үшін шағын қашықтық және аралық қозғалады. Елді мекенді басып өткенде, орман шегіне, шекара бұзушы тығылатын қыратты, ойпаңды жерлерге көңіл аударып - тексеріп бақылайды. Іздестіру бағытының дыбыс тыңдау және жүру нысанасының дұрыстығын білу мақсатында, іздеуші топ қысқа аялдама жасайды. Іздеу құрылысы әрбір шекарашы жарықтандыру және дыбыс бүркемелігін қатаң сақтауға тиісті.

## 1 2 . Т о с қ а у ы л

221. Тосқауыл - бес әскерден немесе одан да көп әскерден құралған, мемлекеттік шекара учаскесін күзетуге және шекара тылына шекара бұзушыларды және бөтен қылмысты адамдарды кіргізбеуге тағайындалған шекара наряды.

Тосқауыл құрамына радиолокациялық және прожекторлық станциялар, қызмет иттерін басқаратын - жетекші ит бапкер, байланыс және сигналдық мамандар тағайындалады. Қажет болғанда, тосқауыл құрамына Қазақстан Республикасының Армия әскери бөлімдері мен Соғыс-теңіз күші және халық жасақтары қосылады. Тосқауылды, қағида бойынша, прапорщик немесе сержант басқарады.

Тосқауылдың жауынгерлік құрамы дербес әрекеттесуші бөлімнен және резервтен тұрады.

222. Қызмет атқару орнына келген соң аға шекара нарядшысы: тосқауылдың жауынгерлік тәртібін, наряд саны мен құрамын, алға жіберілетінін, олардың қозғалу бағытын және орналасуын, резерв, оның құрамын және орналасатын жерін, орындайтын міндеттерін, сигналдық аспаптардың қондыру жерін, радиолокациялық және прожекторлық станция тұрғыларын анықтайды.

Тосқауылды көрсетілген жерге кешіктірмей шұғыл орналастыру керек.

223. Аға шекара нарядшысы тосқауыл құрамынан шолғыншы, құпия наряд, бақылау күзетін және басқа нарядтар жібереді. Тосқауыл құрамының үштен бір бөлігін, үштен екісінен кем емес бөлігін, резервке бөледі, шекара бұзушылардың ізіне түсіп және оларды ұстап алу үшін, күзетке қойылған нарядтарды алмастыруға немесе

қосымша наряд жіберуге, тағы басқа да кенеттен пайда болған мәселелерді шешуге.

224. Шекара наряды мен резервін орналастыру: алынған міндеттің түріне, шекара бұзушы әрекетінің сипатына қарай жер жағдайына, тәулік уақытына және ауа райына байланысты анықталады.

Мемлекеттік шекара бұзушының қозғалу бағытына шекара нарядшылары барынша жиі орналастырылады /шекараны қолайлы жабатын жерге, елді мекенге, орман алқабына және өзен арасындағы тар өткелдерге/ шыға алатын жерлерге. Осы бағытты жарықтандыру үшін прожектор станциясы, жарықтандыратын патрондар пайдаланады, тосқауыл құрамында машина және жарық беретін құралдар болса ғана.

Тосқауыл наряды алдыңғы жақсы көрінетін /дыбыс тыңдалатын/ және шекара нарядтарының қимыл бірлігі қамтамасыз етілетіндей жерге орналасуы керек. Қыста, қар жамылысымен, тосқауыл учаскесіне бақылау шаңғы жолы жасалынады. Дұшпанға тұтқиылдан соққы беру үшін, тосқауыл тұрған жер мейлінше бүркемелеу және қамтамасыз жарықтандыруды бөлмейді.

225. Тосқауыл әскери қызмет учаскесінде бақылау /дыбыс тыңдап/ жүргізеді және қоршау учаскесінен өтетіндердің құжаттарын тескереді. Жабық учаскенің алды және екі жақ қана тосқауылдан наряд жіберіліп бақылау жүргізіледі.

Түнде және қараңғылық түсуіне байланысты бақылау қызметін жүргізу шектелген жағдайында, жан-жақты бақылау қызметіне радиолокациялық және түнде көру аспаптары қолданылады. Қарауылшы, ит жетекшісі, қағида бойынша, шекара бұзушы келетін бағытта, резерв наряды құрамында болады, олар тосқауыл тұрған қоршау учаскесінің алдын таң сәріде байқау жүргізіп шығады.

226. Тосқауыл сигналдық аспаптан түскен дабыл сигналының себептерін анықтайды. Тосқауыл қоршау учаскесінде мемлекеттік шекараны бұзушы табылғанын ескеріп, шекара бұзушының ізіне түсуге және оны ұстап алуға, тосқауыл нарядының аз бөлігін жібереді. Тосқауыл радиолокациялық станция көмегімен, түнгі көру аспабын пайдаланып шекара бұзушыларды таниды және сол жерде орналасқан шекара нарядына хабар береді. Аға шекара нарядшысы қолындағы күш және құралмен тосқауыл қоршауы учаскесін бұзушыны ұстауға тиімді айла жүргізеді.

Тосқауыл қоршау учаскесін тастап кетуіне құқығы жоқ, оны тастауға немесе заставаға қайтып оралуына, застава бастығының жаңа жарлығы қажет.

### 13. Т о р у ы л

227. Торуюл - құрамы шекара әскери бөлімінен тұратын және одан да көп болуы, мемлекеттік шекара бұзушыларды /агенттерді/ контрабанданы, диверсия-барлаушы топтарды бұрын алынған мәліметтер бойынша ұстап алуға тағайындалған шекара күзетіндегі наряд.

Торуюл құрамын, қағида бойынша, атқыштар бөлімінен немесе арнайы іріктелген



солдаттармен сержанттардан тұрады және бұларға қару-жарақтық топтарын, қосымша оқ-дәрімен жабдықтайды, қажетті жағдайда бронетранспортер беріледі. Торуыл құрамына бұдан басқа да әскери құрамдар тағайындалады: радиолокациялық станция тобы, қызметтегі иттер бапкер маманы, байланыс және сигналдық құрамдар. Торуыл нарядын офицер немесе прапорщик басқарады.

228. Торуыл наряды, мемлекеттік шекара учаскесінің шекара бұзушы жүруі мүмкін болатын бағытқа және дұшпанды тұтқиылдан шабуыл басып алуға /құртуға/ болатын жерге орналастырылады.

Торуыл орналасқан жерге оқпана қазылып және оқпана мұқият бүркемеленуге тиісті.

Торуыл маңайдың жасырын кіре берістерінде сигналды қоршаулар қондырылады.

Торуылдағы әскери қызметкерлер төзімділікті, асқан қырағылықты және тұрған жерді бүркемелеуге шараларын қатаң сақтауға қажетті.

229. Торуылдың жауынгерлік құрамы шабуыл жасау тобы және бақылаушы тобымен қамтамасыз етіледі. Торуыл құрамы - берілген әскери қызметке және мемлекеттік шекараны бұзушының санына байланысты.

Шабуыл жасау тобы - жақсы дайындалған, денсаулығы күшті солдаттардан құралады, бұл топты аға шекара нарядшысы басқарады. Бұл топ шекара бұзушының қозғалыс бағытына және тұтқиылдан шабуыл жасап, шұғыл басып /қыруға/ алуға болатын жерге орналасады.

Атыс тобы қарумен жабдықталып, торуыл нарядын оқ атумен қамтамасыз етеді. Бір шекарашыны атыс тобын басқарушы етіп тағайындайды. Бұл топ шекара бұзушыларды құртып бөгеуге және торуыл нарядын, оқ атумен қолдау жасайды.

Бақылау аспабымен және байланыс құралдарымен жабдықталған екі-үш шекарашы бақылау қызметін атқаруға тағайындалады. Бұлар торуыл нарядының алдыңғы шебіне, сигнал құралдарымен және барлаушыларды қоршауы оқ атумен қамтамасыз жасайтындай қашықтыққа орналастырады.

230. Торуыл наряд атқаратын орнына келген соң аға шекара нарядшы: нысананы және торудың жауынгерлік тәртібін, торуылдағы әрбір шекарашының атқаратын міндеттерін және орналасуын шекара бұзушыны ұстау /құрту/ үшін оқ жаудыру, ұстау кезіндегі қимылдардың тәртібін, наряд ішіндегі сигналмен бірлесіп әрекет жасауды анықтайды.

231. Торуыл нарядына қызмет атқару тұрғысына келгенін ешкімге білдірмеуі қажет.

Барлық шекарашылар бақылауға тұрады және жер жағдайындағы дыбысты тыңдайды, сигналдық құралдарды жұмыс істейтін бақылау жүргізеді.

Түнгі және түн қараңғысында радиолокациялық станцияны және түнгі көретін аспаптарды пайдаланады. Бақылаушыларды қорғау және торуыл нарядының қанаттарын бақылау-қорғау мақсатында кезекші атыс құралдарын тағайындайды.

Аға шекара нарядшысы бақылаушылардың сигналдарын және наряд құрамының бүркемелену шараларын қадағалайды.

232. Мемлекеттік шекараны бұзушылардың торуыл наряды орналасқан жерге жақын келгені жөнінде бақылаушылар белгіленеді, тәртіп бойынша, аға шекара нарядшысына олардың саны, қару-жарағын, қозғалыс бағытын баяндайды, шекара бұзушыларды өткізіп жібереді де, бұзушылардың кейін қайтатын бағытына жасырын түрде орын ауыстырады. Шабуыл тобы шекара бұзушыларды мейлінше жақын жіберіп және оларды тұтқиылдан шабуыл жасап, ұстап алады. Атыс тобы, шабуыл тобының әрекетін оқпен қолдауға дайын қалпына келтіріліп, торуыл тұғырына бұзушы өтуге тыйым салуға дайын.

233. Мемлекеттік шекара бұзушыларды ұстап алу кезінде, кейбір бұзушылардың жасырынып қалатыны болады, аға нарядшы ұсталғандарды күзетуге қарауыл қояды, нарядтың қалған құрамымен жасырынып қалған бұзушыларды іздеуге кіріседі.

Шекара бұзушылар қарулы қарсылық көрсететін болса, онда оларға қарсы аға нарядшысы командасы бойынша атыс тобы оқ жаудырады. Шабуыл жасау тобы тірі қалған шекара бұзушылардың қашып кетуіне жол берместен, оларды ұстап алады. Дұшпанның диверсия-барлаушы тобын, торуыл наряды тұтқиылдан және батыл қимылдап ұстап алады, ал бас салуға шама келмесе, оларды атып құртады. Оларға қарсы оқ ату аға нарядшы команда сигналы бойынша орындалады.

234. Торуыл наряды бұйрықты орындаған соң, тұрған жерін застава бастығының жарлығы болмайынша тастап кетуге құқықсыз.

Торуыл наряды тұрған жері ашылып қалған болмаса, аға шекара нарядшысы, застава бастығына баяндайды және бұдан әрі заставадан алынған жарлыққа сәйкес әрекет жасайды.

#### 14. Шекаралық айдауыл

235. Шекаралық айдауыл - құрамы екі әскер және одан да көп болуы ықтимал мемлекеттік шекара бұзушыларды ұсталған және бұрын іздестіруде жүрген қылмысты адамды ұстағандары айдап-алып жүретін шекара наряды. Ол бұл қызметті жаяу жүріп, ат көлікті, машинамен, катермен, ұшақпен немесе тікұшақты пайдаланып атқаруы мүмкін. Қажетті жағдайда бұл қызметке иттер маманы қосылуы ықтимал.

Айдауыл құрамына кіргізілген шекарашылар атқаратын міндеттер:

- әр уақытта есте сақтау қажет, ұсталған адамдар, айдаушы нарядтың қателігін немесе қырағылықты босаңсытатынын пайдаланып шабуыл жасауы және қашып кетуі;
- ұсталған адамды бір бағытпен жүргіздіріп және ол жететін пунктке көрсетілген мезгілінде жеткізу;
- тұтқындардың өзара және бөтен адамдармен қатынас жасауына рұқсат етілмеуін;
- жер жағдайының қолайсыздығына қарай және басқа тыл жағдайына байланысты

тұтқындалған адамдарды жақын аралықпен амалсыз алып жүреді.

236. Тұтқындалған шекара бұзушыларды, мемлекеттік шекара бұзған жерінен заставаға алып бару үшін, тұтқындар тұрған жерге аға шекара нарядшысы мынадай тапсырма беруге міндетті:

- бұзушыларды алып жүру кезінде, нарядшыға қандай тапсырма берілгені тұтқындағыларға естілмесін;
- күзет нарядынан тұтқындарды қабылдау және олардың құжаттары, заттарды алу;
- тұтқындардың қолында нарядқа шабуыл жасайтын және өз өміріне қастандық жасайтын қару-жарақтың, улы заттардың қалып қоюын тексеруден өткізу;
- тұтқындардың барлық заттарын алып оларды шекарашылар іс-қимылына ыңғайлы етіп үйлестіреді, тұтқындардың қолдарын мықтылап байланған /қол кісені тағылған/ сенім тартып, тұтқындарды қысқа тізбекке тұрғызып, ал түріне қарап денсаулығы мықты тұтқындар тізбектің ең соңына тұрғызылады;
- тұтқындарды өзара әңгімелесуге, бөтен адамдар және айдауыл наряд құрамымен сөйлесуге тыйым салынады, шекарашылар талабын орындамағандарға немесе қалуға тырысқандарға қару жазасы қолданылатынын ескертеді.

237. Айдаушы нарядтар жаяу немесе атпен тұтқындарды алып жүргенде айдаушы нарядтың қозғалыс және аялдамада жүру тәртібі мынадай:

- егер айдауыл екеу болса - екеуі де тұтқыншылардың екі жақтағы соңында;
- егер айдауыл үшеу болса, онда екі жақта екі айдауыл, үшіншісі ең соңында;
- егер айдауыл төртеу болса, онда біреуі тізбектің алдында, екеуі екі жағында, төртіншісі тұтқындардың ең соңында.

238. Қызмет иттерінің маманы /итбапкер/ тұтқындардың қашуы мүмкін жағын қадағалап, тізбектің соңында жүреді.

Аға шекара нарядшысы, тұтқындардың жүрісін бақылауға және нарядты басқаруға қолайлы жерде тізбек соңында жүреді.

Шекара нарядшысы мен тұтқындалғандарды алып жүру қашықтығы, тұтқындағылар шекара нарядына кенеттен шабуыл жасай алмайтындай және шекара наряды қару жұмсайтындай қашықтық сақталуға тиісті, бекітілген ара қашықтығы - 1,5 - 2 м жаяу алып жүргенде, ал атпен алып жүргенде - 5 метрге дейін.

239. Тұтқындардың қолын бұғаулап машинамен алып жүргенде, ұсталғандар машина ішінде, шекарашылар ортасына отырғызылады. Айдауыл құрамы үш шекарашы болса жеңіл машинаны жүргізуші жанына бір шекарашы отырады. Тұтқындарды жүк машинасымен алып жүргенде, түріне қарағанда денсаулығы күшті тұтқын топ ортасына отырғызылады.

240. Шекара бұзған аз көлемді кемені алып жүруге шағын катер тапсырылады. Мұндай бұзушы кемені, шағын катерге тіркеме жасауға рұқсат етілмейді. Шағын катер мемлекеттік шекара жағына шығып, аз ғана аралық сақтап, тұтқындалған кемені алып жүреді. Тұтқындалған кемеден су бетіне тасталған заттарды және кеме әскери

мүліктерінің кемеден қашып кетпеуін болдырмау мақсатында үздіксіз бақыланады.

Өздігінен жүрмейтін кемелер шекара шебінде ұсталған болса, онда кемедегі бұзушыларды катерге отырғызады да, кемені тіркеуге алады.

241. Тұтқындарды ұшақпен /тікұшақпен/ алып жүргенде бұзушылардың қолына бұғау салып, шекара наряды арасына отырғызылады. Ұшаққа ең алдымен шекара нарядшысы көтеріледі, содан кейін бұзушы тұтқындар кіргізіледі. Аға шекара нарядшысы ұшаққа ең соңынан көтеріледі, есіктің шыға бересінде орналасады. Тұтқындарды ұшақтан бұған қарсы жүргізіледі.

242. Айдауыл құрамына тағайындалған шекарашыларға мыналар рұқсат етілмейді:

- аса қажетсіз тоқтай беруге;
- тұтқындарды көпшілік жиналған жермен алып жүруге;
- наряд құрамына бір мезгілде темекі тартуға, тамақ ішіп, сусындауға;
- қызметке ден қоймауға, қырағылықты босатуға және әрекетке дайындықты н а ш а р л а т у ғ а ;
- жолай кездескен көлік құралдарын тоқтатып және пайдалануға.

243. Тұтқындарды алып жүрген қысқа уақытқа тоқтап және тұтқындарды ретке келтіру, табиғи қажеттілікті өтеуге шекарашыларды орын ауыстыру, тамақ ішу үшін д а м ы л д а у ғ а б о л а д ы .

Тоқтау және дамылдау үшін, елді мекеннен аулақ жазық жер таңдап алынады және тұтқындарды күзету қамтамасыз етіледі.

244. Тұтқындарға шабуыл жасаған кезде, аға шекара нарядшысы тұтқындардың қашпауын қамтамасыз етеді, оларға жерге етпетінен жатындар деп әмір береді және шабуылға тойтарыс беру шарасын қолданады.

Тұтқыншылар қашуға әрекет жасаған кезде, аға нарядшы, бір шама күшті күзетке қалдырып, нарядтың құрамымен қашқынды қуалауға кірісіп және оларды ұстайды.

Ұсталғандарды айдап келе жатып, басқа да шекара бұзушыларды кездестіретін болса, онда аға нарядшы ұсталғандарда күзет қойып, жаңа бұзушыларды ұстауға шара қолданады. Жаңадан табылған шекара бұзушыны заставаға хабарлау мүмкіндігі болмаған шақта заставаға сигнал береді "Шекараны бұзып өтті!", "Біздің тылды бұзып өтті!", содан соң дабыл тобы нарядының келуін күтеді.

245. Тұтқындарды заставаға немесе белгіленген пунктке жеткізгені және күзетпен қамтамасыз еткені жөнінде және тұтқындарды сипаттап, одан басқа да жол бойында кездескен оқиғаларды застава бастығына баяндайды. Баяндалған соң, ұсталғандардан алынған заттарды және олардың құжаттарын ретімен заставаға өткізеді. Аға нарядшы барлық өткізілген заттарға, бұзушыларға қабылданғаны туралы қолхат алады және бұдан былай айдауыл жұмсаған бастықтың жарлығы бойынша іс-әрекетін ж а л ғ а с т ы р а д ы .

246. Шекара поштасы - құрамы екі және одан да көбірек әскерден тұратын бөлімшелерді және әскери құрамды пошта байланысымен қамтамасыз етуге тағайындалған шекара наряды. Бұл нарядқа келген хат-хабарларды қабылдау және қызмет бабындағы қатынас қағаздарын жеткізу және пошталық жеделхаттарды қажетті жерлерге жіберу міндеттеледі.

Пошта нарядына - жер жағдайын және қозғалыс бағытын жақсы білетін шекарашы тағайындалады.

Қағида бойынша, осы нарядты прапорщик немесе сержант басқарады және олар қызмет бабына ат көлігін, машинаны /көтерді/ немесе тікұшақты пайдалануы және жаяу жүруі де мүмкін.

247. Аға шекара нарядшысы мемлекеттік шекараны күзету бұйрығын алғанға дейін, поштаны қабылдауға міндетті және бұлардың түзулігін тексереді және өткізуге дайындалған қатынас қағаздарын бүлінбестей етіп сөмкеге салады және пакеттерді /құжаттарды/ тапсыруға белгілейтін журналды алады.

Нарядқа тағайындалған шекарашылар мыналарды анық және нақты білулері қажет:

- тағайындалған жерге баратын бағытты және жету уақытын;
- демалуға тоқтайтын жерді және қозғалу тәртібін;
- поштаны кімге тапсыратынын және тағайындалған жерге жеткен соң демалу уақытын;
- заставаға /бөлімшеге/ қайтатын бағытты, қайтып алу мерзімін және аралау тәртібін.

248. Шекаралық пошта нарядының атқаратын міндеттері: поштаны тартып алудан сақтану; пошталық қағаздарын жаңбыр суынан, қар, бұршақ тиюден қорғау, поштаны бұйрықта көрсетілген уақытында жеткізуді қамтамасыз ету.

Пошта алып келе жатқан нарядқа елді мекенге және тұрғын үйге кіруге, жүретін бағытын өзгертуге, бұйрықта аталмаған межелерге тоқтауға және жолай көлік құралдарын пайдалануға тыйым салынады.

249. Шекаралық наряд жүрген бағытына үздіксіз бақылау жүргізеді. Тап болған шекара бұзушыларды ұстап алып, кездескен күзетші нарядына немесе шекара әскери бөлімшесіне тапсырады.

Пошта нарядына шабуыл жасалған болса, таяудағы күзетші наряд қолдау жасап, поштаны тартып алуға жол бермейді, нарядқа шабуыл жасаушыларды ұстайды немесе біржолға құртады.

250. Өте қашық межелерге пошта хабар қағаздарын жеткізу басқа аралық нарядтардың көмегімен жүзеге асырылады. Хат-хабарды беру үшін бұлар өзі аға нарядтың куәландыратын құжаттардан көрсету арқылы алыс-беріс жасайды. Аға наряд, пошта қабылдау /өткізуші/, ораулы қағаздардың бүтіндігін, мөрінің, мекен-жайының дұрыстығын, алыс-беріс журналына жазып-тіркеп, күні, айы, жылы, куәліктерінің

нөмірін, сериясын жазып, алдым-бердім деп қол қойылады.

Ораулары немесе мөріне зақым келгенін байқаса онда бұндай орамды бірлесе отырып, ашып көреді және хат-қағаз тіркелген тізіммен салыстырып көреді. Екі нарядта алдым-бердім журналына орамның бүлінгені және алынғаны жөнінде ескертіліп жазылады. Қызмет қағаздарының жетпейтіні болған жағдайда, поштаны қабылдаушы екі дана акт жазады, жазылған актінің бір данасын пошта өткізушіге береді, ал екінші данасын өзіне қалдырады. Қызмет хат-қағазды өткізгенде жетпеген хаттар болғанын, ретін тауып, пошта нарядын жіберуші адамға баяндайды.

251. Белгіленген пунктіне жеткен соң, аға шекара нарядшысы пошта қабылдаушы адамға, поштаны әкелгені туралы баяндайды және поштаны қолхат жазу арқылы оған табыстайды. Нарядшы қайтадан оралғанда берілген бұйрыққа сәйкес қимыл жасайды.

## 16. Шекарадағы жұмысшылар тобы

252. Шекарадағы жұмысшылар тобы - құрамы екі әскерден және одан да көп болуы мүмкін, застава учаскесіндегі техниканы күтуге және сигналдық комплекс пен байланыс құралдарын, оларды қондырғыларды жөндеу, сондай-ақ инженерлік құрылыстарды, қоршауларды күту-жөндеуге тағайындалған шекара наряды. Олар өндіріс учаскесі күзетіне жауап береді.

253. Қызмет атқаратын пунктіне жеткен соң шекара жұмыскер тобы, жер жағдайын қарап танысады, күзет учаскесіндегі сигналдық және бақылаушы құралдарды тексереді. Аға нарядшы осы учаскеге күзет ұйымдастырады.

Учаскені күзетуге және жеке бастарын күзетуге жұмысшы тобы бақылаушы тағайындалды.

Күзетші жасырын түрде, мемлекеттік шекара жағынан қойылады және айнала төңіректі бақылау жүргізеді. Аға нарядшының нұсқауы бойынша, қарауылшы мезгіл-мезгілде ауыстырылып тұрады.

Апат әсерінен істен шығып қалған сигналдық жүйені жөндеу /қалпына келтіру/ кезінде жұмыскер топтары олардың орнына сигналдық аспаптар қояды.

254. Шекарадағы техниканы күтуге және сигналдық желілерді жөндеуге тағайындалған жұмыскерлер тобы, осы құрамдардың түзіктігін тексереді, сигналдық қоршаудың қондырылуын, қазуды бақылайтын қондырғыны, матама желілерін, таратушы тетікті, дыбыстық сигналды, сарқыраманы қорғау тетігін әуе кабелдік жалғаулық желілерінің түзіктігін тексереді.

Қажетті болса, сигналдық комплекстің /жүйенің/ электр және механикалық параметрін жөндеп, байқалған ақауларын түзеп, сигналдық қоршауға тірелген заттар мен шөптерден тазартылады.

Застава аумағында сигналды аспаптар және электр сепкіштер тұрақты орнатылған болса, онда бұл құрамдардың түзіктігін жұмыскер тобы тексеріп шығады, түзік

еместерін жөндеп қалпына келтіреді.

Сигналдық комплекстің /жүйенің/ түзіктігін техникалық нұсқау құжаттарын сүйеніп тексеріліп шығады. Шекара заставасына қайтып оралған соң, аға шекара нарядшысы сигналдық комплекстің /жүйенің/ түзетілген жерлерін жазып шекара журналына тіркейді және өз қолын қояды.

255. Шекарадағы инженерлік құрылыс техникасын және қоршауды жөндеуге тағайындалған жұмыскер тобы, техниканың байқалған ақаулық, бұзылған жерлерін жөндеп, қайтадан жаңа құрылыс және қоршау тұрғызуы мүмкін. Шекарадағы құрылыс көлемін және тұрғызу ретін застава бастығының бұйрығымен анықталады.

256. Барлық шекарашылар қаруын және жабдықтарын өзімен бірге ала жүріп, жер бедерін бақылайды және байқалған өзгерістері туралы застава бастығына баяндайды, шекарашылар із табы режимін қатаң сақтауы қажет және шекара шебінде шекара бұзушы пайдаланатын құрал-сайман, жабдықтар қалдырып кетуіне жол берілмейді.

257. Сигналдық комплекстен /жүйесінен/ шекара бұзды деген дабыл сигналын қабылдасымен, жұмыскер тобы, шекара заставасы бұйрығына сәйкес іс-әрекетіне к і р і с е д і .

Мемлекеттік шекараны бұзушыны тапса, онда жұмыскер тобы өз бетінше оның ізіне түсіп және басқа шекара нарядтарымен бірлесіп іске кіріседі.

## 17. Байланыс және сигналдық кезекші

258. Байланыс және сигналдық кезекші - шекара заставасын шекара отрядтарымен /комендатурасымен/ шекара нарядтарымен, шектес заставамен, қарауынша шекара кемелерімен /катермен/, тікұшақ /ұшақ/ экипажымен бірлескен органдармен және әскер бөлімшелерімен үздіксіз байланысты қолдап, сондай-ақ шекарадағы сигналдың құралдық қызметін тұрақты бақылап отыруға тағайындалған шекаралық наряд.

Бұл нарядқа байланыс әскерлері тағайындалады, олар найза-пышақпен қаруланады, сол қолында белгілі үлгіде дайындап байлау болады, қызметін белгілі бір жерде атқарады және застава бастығына, оның орынбасарларына және шекара застава к е з е к ш і с і н е б а ғ ы н а д ы .

259. Байланыс және сигналдық кезекші мынаны білулері керек:

- радио және сым байланыстарының құжатын ұйымдастыру /радио, телефон станциялары және лауазымды бастықтардың шақыру сигналын/;

- шекара заставасы және байланыс, сигналдық комплекс жүргізілген жерлердің с х е м а с ы н б і л у ;

- шекара отрядтарымен /комендатурасымен/ көршілес шекара заставасымен, халық еріктігі жасағымен, Ұлттық қауіпсіздік және ішкі істер органдарымен, Армия және соғыс-теңіз флотымен тікелей және сигналы өтетін байланыс арналарын белгілейтін тәртіпке сәйкес, сондай-ақ жақын жердегі әуе шабуылына қарсы қорғанысының радио

техниканың бөлімшелері байланысын реттеуді;

- байланыс және сигналдық құралдардың жолын құрылысын радиохабарлағышты электр күші байланыс қондырғысының және оларды пайдалану тәртібін, басқа да аккумуляторлы батареяны ұйықтандыру тәртібін;

- байланыс құрамаларының сөйлескенде сөйлесу ережесімен құпиялықты қамтамасыз ету талабын;

- мемлекеттік шекара күзетіне тікұшақ /ұшақ/ және шекара қарауыл кемесінің /катердің/ шыққаны туралы және оларды өзара байланыстыру жөнінде;

- шекара заставасындағы лауазымды адамдарды хабарландыру;

- өрт қауіпсіздігінің ережесін және байланыс торабына және заставада өрт бола қалған жағдайда атқаратын міндеттерін;

- сигналдық комплекс /жүйені/ және электр құралдары негіздерін пайдалану кезінде қауіпсіздік шараларын қолдану.

260. Байланыс және сигналдық кезекші бұрынғы кезекшіден қызметті қабылдағанда мыналарды тексеріп алуы керек:

байланыс хал-жайын сигналдық комплекстің /жүйенің/ түзіктігін, байланыс құрамын және ізкесу фонарының түзіктігін және сигналдық комплекстің есеп көрсеткішінің журналдағы жазылуымен сәйкес келуін тәуліктегі телефон шақырымы мен радио мәліметі, сондай-ақ қызмет бабындағы құжаттарды, байланыс құралы мен берілген хат хабарды қабылдау.

Кезекші өткізгені және қабылданғаны туралы застава бастығына немесе оның орнын атқарушысына баяндайды.

261. Байланыс және сигналдық кезекші мыналарды атқаруға міндетті:

- абоненттердің шақыруына және бір-бірімен уақытша сөйлестіруге жауап беру;

- сигналдық комплекстің /жүйенің/ жұмысын бақылау, түскен дабыл сигналдарын тізімге жазып, оны шұғыл түрде застава кезекшісіне баяндау;

- шекара нарядының және көлік құралының өтуіне сигналдық комплекстің /жүйенің / қақпаларын, құлыптарын дистанциялық ашылуын застава бастығын және орынбасарларының тапсырысына байланыс жасау;

- шекара отрядымен /комендатурасымен/ радиобайланыс сеансын істеп шығу;

- шекара отрядымен /комендатурасымен/ сым байланыс үзілген болса, онда шұғыл түрде радиобайланыс қондырылады;

- радиоалмасу хабарын және байланыс құралдарымен сөйлесудің ережесін қатаң сақтауды;

- шекара застава кезекшісінің жарлығы бойынша сигналдық комплекстен /жүйеден/ дабыл сигналы түскенін шекара нарядына және шектес заставаны хабарландыруды;

- аккумулятор батареясын ұйықтандыру және оның дұрыс ұйықтандырылғанын белгілі ережеге сәйкес бақылау;

- қызметтік құжаттарды өз мезгілінде жүргізуі;



- байланыс құрамдарының бұзылғаны жөнінде застава бастығын және байланыс жөніндегі отряд кезекшіге баяндау.

262. Сигналдық комплекстен /жүйеден/ дабыл сигналы түскесін байланыс және сигналдық кезекшінің атқаратын міндеті:

- дабылжарық таблосын және дыбыс дабыл сигналын қосады, егер бұл құралдар автоматты түрде қосылмаса;

- застава кезекшісіне дабыл сигналы түскенін баяндайды;

- сигналдың комплекс /жүйе/ журналына түскен дабылын есепке тіркейді;

- застава бастығын немесе орнында қалған адамның рұқсаты бойынша аппаратурадағы дабыл сигналын шығарады;

- шекара заставасының шекара нарядына қай учаскеден дабыл сигналы түскенін немесе соған жақын жерден түскені застава кезекшісінің командасына сәйкес хабарландырылады;

- шекара нарядтарынан шекара хал-ахуалы жөнінде ақпарат алып оны шекара заставасының кезекшісіне баяндайды.

263. "Ұрысқа аттан", "Аттан" командасы бойынша байланыс және сигналдық кезекші наряд өздеріне бекітілген қару-жарақпен қаруландырылады, жеке құрамаға байланысты құрамдарын, іс-кесу фонарын, сигналдық аспаптармен қамтамасыз етеді және олар шекара заставасында болады, застава бастығын және застава кезекшісінің жарлықтарын орындайды.

"Өрт!" сигналы бойынша кезекші байланыс құрамын, құпия құжаттарды және аппараттарды аман сақтап қалу шараларын іздестіреді.

264. Байланыс және сигнал кезекшісіне әскери қызмет атқару кезінде мыналар рұқсат етілмейді:

- өзі бағынатын адамның рұқсатынсыз қысқа уақытқа болса да құжаттарды, байланыс құралдарын беруге;

- өз бетімен сигналдық комплекстен "Аттан" сигналын шығарып тастауға және застава бастығының рұқсатынсыз сигналдық комплексті немесе жеке учаскедегі сигналды ажыратуға;

- сигналдық комплекстің аппаратурасындағы дыбыс сигналын ажыратуға, есеп сигналын өзгертуге немесе сигнал көрсеткіштер қосып жағуға;

- шекара застава офицерінің рұқсатынсыз солдаттарға және сержантқа байланыс арналарын пайдаланып қашық жерлермен сөйлесуге;

- қызмет бабына қатысы жоқ жерлермен сөйлесуге және басқа қажетсіз жұмысынан алаңдауға;

- застава кезекшісінің рұқсатынсыз қызмет орнын тастап кетуге болмайды.

265. Байланыс және сигналдық кезекшіні басқаратын адамнан сигналдық комплекстен /жүйеден/ дабыл сигналының түсу деректерін жасырғаны үшін, байланыс наряды Қазақстан Республикасының заңына сәйкес жауапқа тартылады.

266. Застава кезекшісі - бір әскери шекарашыдан тұратын шекара наряды, шекара заставасын ең жоғарғы жауынгерлігін қолдайтын, мемлекеттік шекараны күзету жөніндегі застава бастығының барлық шешімдерін орындалуын қамтамасыз етуге, заставаның ішкі тәртібін қолдауға, бақылауға және күнделікті тәртіпті сақтауға тағайындалған наряд. Бұған өте жақсы әскери дайындықтан өткен сержант тағайындалады, найза-пышақпен қаруландырылады, сол қолында белгіленген үлгіде - б а й л а у ы ш т а ғ ы л а д ы .

Застава кезекшісі ішкі мәселелер жөнінде застава старшинасына бағынады.

267. Застава кезекшісі мыналарды білуге тиісті:

- шекара нарядтарының /орналасқан жерінің/ учаскесін, қозғалу бағытын, наряд атқару уақытын және олармен байланыс жасау әдісін;

- ерікті халық жасақтарының орналасқан жерін және олардың күзетті атқару б а ғ ы т т а р ы ;

- дабыл сигналы /команда/ бойынша әрекет қимыл тәртібі;

- әуе және теңіз нысаналарын көзбен бақылаудағы хабарларды жеткізу және оның қ ұ р а с т ы р у р е т і н ;

- заставада жеке құрам санын, оның ішінде шекара нарядында жүргендерін, қызметтен шығарылғаны, демалыстағысын, іссапардағысын және науқастығын;

- шекара нарядына құрамына бөлінген қару-жарақтың және оқ-дәрінің, машинаның шекара шағын катерін /шлюпкасын/ және қызметтегі хайуанаттардың нарядтағы және застава қарамағындағы саны, сондай-ақ теңіздегі /өзендердегі, көлдердегі/ учаскелердегі - аудандарындағы шекара қызметіндегі және шекара қарауылында жүрген кемелер /катер/ саны, тоқтамадағы өздігінен және өздігінен жүрмейтін кемелер (катер) саны, застава учаскесінде олардың қаншасы бар немесе қазіргі кездегі қаншасы жоқтығын, кәсіби аудандарға саны және кемелердің тоқтамаға оралып келгендердің /мұз үстімен жылжитын құрамдардың санын білу/;

- мемлекеттік шекара күзеті және инженерлік қоршау аралығына және шекара аумағын және жер алқабына өндірістік жұмыс атқаруға жіберілген, адамдар санын, олардың қайсысы жұмыс бабына осы ауданда түнеп қалатындар және оларды шекара н а р я д ы м е н қ о р ш а у т ә р т і б і ;

- застава учаскесінде сигналдық және бақылау құралдарын қызметке жарамдылығын реттеу, сигналдық комплекстің қоршаудың /жүйенің/ және ажыратылған учаскелермен тас жолдардың жалғаспай тұрған жерлерін күзету тәртібін, к е л т і р у ш а р а л а р ы н қ о л д а н у д а ;

- мемлекеттік шекара жақын орналасқан темір жол және тас жолдармен жүретін поездбен және рейске шығатын автобустардың жүру графигінен хабарлы болу;

- ауа райы мен теңіз жағдайын деректі хабарлы болу;
- застава бастығы мен оның орынбасарлары қай жерде екенін білу.

268. Жаңа тағайындалған застава кезекші бұрынғы застава кезекшімен қару-жарақты, оқ-дәрілерді және мүліктерді тізім бойынша тексеріп қабылдайды және автокөліктің шекара застава қақпасының, кіші есіктерінің құлыптарын, автомашина және шекара шағын катерлерінің от алдыратын кілттерін, құжаттарын қабылдайды, сондай-ақ күзету құралы сигналының түзіктігін тексеріп алады қару-жарақты номерімен және жабдық жинақтарын, қаруға берілген, оқ дәріні біртіндеп санап қабылдайды.

Кезекші қабылдағанын және оны өткізгені туралы, екі кезекші де застава бастығына немесе оның орнындағы адамға баяндайды. Мысалы: "Жолдас капитан! Застава бойынша кезекшіні өткізген сержант Петров". "Жолдас капитан! Застава кезекшілігін қабылдап алған сержант Степанов".

269. Застава кезекшісінің атқаратын міндеттері:

- шекара нарядтарымен, шектес шекара заставамен, шекара отрядымен /шекара комендатурасымен/ ұдайы байланысты қолдау, байланысты бұзылған учаскелерін застава бастығына баяндау;

- шекара нарядтарының баяндамаларын қабылдау, әуе және теңіз нысаналарын бақылаушылардың хабарларын және болған оқиғалар туралы шұғыл түрде застава бастығына жеткізу;

- радиациялық және химиялық бақылаулар жүргізу;

- белгіленген уақыт бойынша кезекші шекара нарядтар ояту, кім аға нарядшы болып тағайындалғанын киім түрін және жабдық заттарын, наряд құрамына қол қойдырып бекітілгені қару-жарақты, оқ-дәрілерді, байланыс бақылау, сигналдық құралдарын және басқа құралдардың зауыттық нөмірлерін жазып береді, нарядтың әскери қызметті атқаруға дайын екенін өзі тексеріп шығып, содан соң белгіленген уақыт бойынша застава бастығына немесе оның орнындағы адамға баяндайды және мемлекеттік шекара күзетіне шығуына болатындығын хабарлайды.

Мысалы: "Жолдас капитан! Шекара наряды құрамын ефрейтор Петров, қатардағы Иванов және Зубов бар, Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасын күзетуге дайын. Застава кезекшісі кіші сержант Серов".

- учаскеге кеткен шекара нарядының уақытында қайтып келуін бақылау, оларды застава аумағында қарсы алу, нарядтан қару-жарақты, оқ-дәріні, байланыс, сигналдық құрамалар және басқа құралдарды қабылдау және олардың түзіктігін тексеріп алу;

- қаруды оқтауды және қаруды оқсыздандыруды өз бақылауына алу;

- застава сақшыларын ауыстыруды жүргізу және олардың /әрбір 30-40 минутта/ әскери қызмет атқаруын мезгіл сайын тексеру;

- Застава сақшысына застава аумағына кіретін және одан шығатын адамдар мен көлік құралдары жөнінде жарлық беруді;

- застава сақшысы күндіз әскери қызметін мұнара басында тұрып бақылау жүргізетін болса, нарядтарды кіші есіктен немесе Застава қақпасынан өткізуді қ а м т а м а с ы з е т у ;

- Заставадағы күндізгі және ішкі тәртіп ережелерінің орындалуын, киім-кешектері және аяқ киімдерін құрғатып кептірілуін қадағалау;

- застава учаскесіндегі тоқтамалардан /базалық пункттерден/ өздігінен жүретін және өздігінен жүрмейтін /мұз үстімен жылжитын/ кемелердің шыққаны жөнінде шекара отрядының /шекара комендатурасының кезекшісіне/ оперативтік кезекшісіне уақытында баяндап және шектес шекара заставасына хабарлап, сондай-ақ застава учаскесінде кемелердің /мұз үстімен жылжитын құрамдардың/ қозғалып жүргенін б а я н д а й д ы ;

- Заставадан рейске шыққан және заставаға қайтып оралған машиналардың есебін жүргізу, машина жүргізушінің жолға шығар қағазын тексеру, машинаның тағайындалған пунктке уақытында баруын, шекара отрядының /шекара комендатура кезекшісіне/ оперативтік кезекшісіне машиналардың застава шеңберінен шығып кеткенін және олардың бөлімшеге қайтып оралғаны жөнінде баяндайды, қыс жағдайында жылы автокөлік болмаған жағдайда, машина радиаторына құятын ыстық с у б о л у ы н қ а д а ғ а л а у ;

- мемлекеттік шекара және инженерлік қоршау арасына, шекара аумағына және елді мекен алқабына кірген және одан шыққан адамдардың есебін жүргізу, сондай-ақ тоқтамаларға /бағыттық пункттерге/ кірген және одан шыққан өздігінен жүретін /мұз үстінде жылжитын/ және өздігінен жүрмейтін кемелердің санын есепке алу;

- шекара отрядының /шекара комендатура кезекшісінен/ оперативтік кезекшісінен жарлық немесе бағдарлама, сигнал түскен болса бұл туралы застава бастығына хабарлап және алынған құптама алады.

270. Застава кезекшісі қызмет атқару кезінде солдаттар мен сержанттар қару-жарақты, оқ-дәрілерді тұрақты орындарына қойылуын, дабыл тобы өз мезгілінде демалуын дабыл тобына бекітілген аттар ауыздықтары алынулы, мойындары босатулы, ерттеулі тұруын қадағалауы қажет. Учаскеден келгесін, шекара наряды қаруларын тазалайды, дымқылданған аяқ киім және киім-кешектерін кептіруге жаяды, шекара аттарын босатады, жүргізушілер /механик-жүргізуші, моторы/ машинасын /катерін/ тәртіпке келтіреді, қараңғылық түсісімен застава есіктері жабылып, терезелер пердесі ілініп, атқорамен басқа қараңғы жерлерге жарық түсіріледі. Шекарашылар тұратын бөлмелерге жарық беріледі және терезелер пердемен /қақпақпен/ жабылады.

Застава кезекшісі арнаулы журналға барлық қызметтері жағдайды жазып, басқа құжаттар мен бірге жаңадан келген кезекшіге өткізеді.

271. Заставаға келетін офицерлерді застава кезекшісі міндетті түрде қарсылап алады, өзінің кім екенін таныстырады, ал застава бойынша оларға рапорт беруге және оларды алып жүруге міндетті емес. Жаңадан келген застава бастығына қарсылап алуды және

оған рапорт беруді офицер жүргізеді, ал застава кезекшісі оған қатынасады, өзінің кім екенін таныстырады.

Шекара отрядының /шекара комендатура кезекшісіне/ оперативтік кезекшісіне белгіленген уақытта шекара жағдайын баяндайды, заставада сағаттың дұрыстығын тексереді, ауа райы мөлшерін қабылдайды, оны застава бастығына баяндайды.

272. Сигналдық комплекстен /жүйеден/ дабыл сигналы түсісімен шекара заставасы кезекшісінің атқаратын міндеттері:

- "Қару ал" сигналымен шекара заставасын шулы тұрғызады, застава бастығына баяндайды, шекара нарядын және көршілес заставаны хабарландырады;

- сигналдық комплекс /жүйе/ қоршауы учаскесіне жарық түсіріледі /егер жарық беру аппараты істемейтін болса/;

- наряд жеке құрамына қарау, оқ-дәрімен және жабдық заттарын берумен қамтамасыз ету;

- застава бастығының бұйрығы бойынша шекара учаскесінде нарядқа қосымша міндет жүктеу, суреттеу құрамдары арқылы іздеу топтарын деректеріне сәуле түсіру;

- застава бастығының нұсқауы бойынша белгіленген сигналын беріп, ерікті халық жасағын жинау;

- шекара отрядының /шекара комендатура кезекшісіне/ оперативтік кезекшісіне жағдайды баяндау;

- заставада қалдырылған шекара резервінің іске кірісуге дайындығын тексеру;

- шекара нарядтарынан түскен жағдай мәліметтеріне және оны жинақтау, қорытындысын шұғыл застава бастығына айту;

- мемлекеттік шекарадан қашықтау орналасқан сигналдық комплекстен /жүйеден/ дабыл сигналы түсісімен, Застава резерві шекара бұзушіні шекара қоршауында ұстауға болатыны кепілденіп тұрғанда, кезекші, аға бастықтың белгіленген тәртібіне сәйкес "қару ұста" сигналымен дабыл тобы көтеріледі, олардан шекара бұзушының ізі және басқа да шекара бұзушы белгілері табылды десе, онда бүкіл заставаны "Қару ұстауға" көтереді.

273. "Біздің тылды бұзып өтті", "Шекараны бұзып өтті", "Шұғыл көмектес" аттан, шекара нарядының сигналы бойынша кезекші "Қарулан" сигналымен заставаны сапқа тұрғызады, оларға қару және оқ-дәрі үлестіреді, застава бастығына баяндайды. "Сигнал қабылданды" деп нарядты және көршілес заставаға шекара оқиғасы жөнінде хабарлайды, застава бастығы нұсқауы бойынша "Заставамен байланыстырылсын" сигналын береді және нарядтар байланысқа шығысымен оларға қосымша тапсырмалар беріледі; болған оқиғаны шекара отряды /шекара комендатура кезекшісіне/ баяндайды, нарядпен байланыс жасалады, шекара хал-ахуалы жөнінде жаңа мәліметтер алынып, және оны застава бастығына айтады.

274. Қазақстан Республикасының аумағына қарумен басып кіруді, әскери топтармен бандылардың шабуыл жасауын тойтару үшін кез келген "Дабыл" "Аттан" сигналымен

шекара заставасын көтереді; оларға жеке құрамына қару-жарақ және оқ-дәрі үлестіреді. Застава бастығына шекара отрядының /шекара комендатура кезекшісіне/ оперативтік кезекшісіне баяндайды, шекара нарядтарын және көршілес заставаға хабарлайды, өздеріне бекітілген қару-жарақпен қаруландырылады және застава бастығының нұсқауымен сәйкес іс-қимылға кіріседі.

275. "Дабыл тобы келсін" деген сигналы қабылданысымен, застава кезекшісі "Қарулан!" сигналымен дабыл тобын көтереді және оларға қару-жарақ, оқ-дәрі жабдық заттарды үлестіреді және застава бастығына баяндайды.

276. Застава сақшысын атуына қарай заставаға жақын жерде күдік қайда болса, онда застава кезекшісі дабыл көтереді, застава бастығына хабарлайды, бұдан әрі застава бастығының нұсқауына сәйкес істеледі.

Заставаға шабуыл жасау қаупі төнсе, кезекші "Ұрысқа аттан!" сигналымен шекара нарядын көтереді, оларды қару-жарақпен, оқ-дәрімен қаруландырады, застава бастығына, шекара отрядының /шекара комендатура кезекшісіне/ оперативтік кезекшісіне баяндайды. Застава сақшысымен бірлесіп заставаның қорғанысын жасайды және шекара нарядын және көршілес заставаны хабарландырады, застава бастығына телефон арқылы болған оқиғаны хабарлайды, бұдан жоғары бастықтарға жеткізу үшін және олардан жаңа бұйрық күтеді.

277. Шекара заставасында өрт қаупі болған жағдайда, кезекші "Өрт" сигналын /команда/ береді және застава бастығы келгенше өртті сөндіруге, қару-жарақты, техниканы, мүліктерді және қызметтегі хайуанаттарды құтқару шараларын жүргізеді.

278. Шекара аумағында радиоактивтік әсері пайда болғанда /0,2 рад/сағ және одан да жоғары/ кезекші бұл жөнінде застава бастығына шұғыл хабарлайды және оның нұсқауына сәйкес "Радиациялық қауіп" сигналын береді.

Химиялық, бактериологиялық /биологиялық/ жұқпалы ауру мәліметтері алынысымен, застава кезекшісі "Химия қаупі" жөнінде дабыл сигналын береді және застава бастығына хабарлайды.

279. Күтпеген апат қаупі төнгені жөнінде застава кезекшісі "Апат" сигналын береді және застава бастығына нұсқауына байланысты шекара нарядын жаңа тапсырма тағайындалады, қажеті болса жеке құрамды тұрғызады, қару-жарақты, техниканы, мүліктерді және қызметтік хайуанаттарды қауіпсіз жерге көшіреді, көршілес шекара заставасына хабарлайды, хал-ахуалды шекара отрядына /шекара комендатура кезекшісіне/ оперативтік кезекшісіне баяндайды және олармен байланысты үзбейді.

280. Әскери қызметті застава кезекшісі талассыз жүргізеді. Байланыс және сигналдық кезекші болмай қалса, оның міндетін өзі атқарады.

Қажетті болып бір жаққа кететін болса, онда застава бастығының немесе оның орынбасарының рұқсатымен, өзінің орнына кезекшілікке бос жүрген шекарашыны қ о й ы п к е т е д і .

Шекара отрядының із табын тапқандағы және мемлекеттік шекараны бұзудың басқа белгілерін байқағандағы істейтін іс-қимылдар.

281. Шекаралық наряд, мемлекеттік шекара күзеті учаскесінде шекара бұзушының ізін байқағанда, оның кетпек бағытын және бұзушының немесе адам екенін, іздің көнелігін, табылған жерін белгілеп және өз бағытын белгілеп алған соң, мыналарды а н ы қ т а й д ы :

- егер із табылмаса мемлекеттік шекара жағына бағытталған болса, застава бастығына шұғыл хабарлайды, байланыс құралы істемей қалса, онда шекарашы "Бұзып өтті" сигналын беріп және бұзушының соңынан қуалап ізіне түседі немесе осы бағытқа жүруі мүмкін жаққа өз бетінше шапшаң қозғалып немесе көршілес нарядтарға бұзушыны ұстап алуға бірлесе іс-қимыл жасайды, егер бұзушы ұстай алмағанда - онда оның кеткен бағыттағы із табын сақтауға шара қолданып және застава бастығына б а я н д а й д ы ;

- іздер застава учаскесінің тылына апаратын болса - онда бұл оқиғаны застава бастығына байланыс құралы арқылы баяндайды, егер байланыс құралы істен шыққан болса - "Тылға бұзып өтті" сигналын береді, іздің айрықша белгілері сипаттарын жадына жаттап, ізді сақтауға шара қолданып және бұзушының ізіне түсіп қуалайды немесе бұзушы жүруі мүмкін бағытына шапшаң қозғалады.

Шекара бұзушыны қудалау екі әдіспен жүргізіледі: бірі Застава тылынан - бұзушыны ұстап алғанша, екінші - тылдан мемлекеттік шекараға жеткенше ұстау.

Шекара бұзушының соңына түсіп қудалау және оны ұстауға - шекарашылардың жер жағдайын жақсы білуі, із табын анықтаудағы тәжірибелігі, жақсы дайындалған және денсаулығы мықты жаттықтырылған шекарашы табысқа жеткізеді.

282. Шекара бұзушының соңына түсіп қудалауды ұйымдастырғасын аға шекара нарядшысы жағдайды тез анықтап, қарамағындағы нарядшыларға тапсырма береді.

Ол мынадай нұсқаулар: бұзушыны қудалау кезіндегі әрбір шекарашы атқаратын қызмет, жер жағдайын және тығылып қалатын қапаларды бақылау, ізді жоғалтып алғанда және бұзушыны тапқан кездегі берілетін сигнал және өзара бірлесіп қимыл ж а с а у .

283. Шекара бұзушының ізіне түсіп қудалау кезінде, іздің оң жағымен жүреді, жан-жақты бақылай, із табын таптамай және жол-жөнекей бұзушыдан түсіп қалған заттар болса, оларға қол тигізбей тасталған жерлерді /тас қойып, қарақшы қойып/ белгілейді. Ізден адасып қалмау үшін, оқтын-оқтын табылған ізді алғашқы ізбен с а л ы с т ы р ы п қ а р а й д ы .

Қызметтегі ит маманы /итбапкер/ алда жүреді, артта қалған шекарашылар соңында, шұғыл көмекпен қамтамасыз ететін қашықтықта жүреді.

Қыста шекара бұзушыны шаңғы жолына түсіп іздейді.

284. Шекара бұзушының ізіне түскен наряд кідірместен қудалап, шекара бұзушының жасырынатын жерлерін және оның жүру жолының бағытын тиянақты бақылау - қарау жүргізледі.

Бұзушы жасырынып қонатын жерлеріне шолғыншы жіберіліп, нарядтың негізгі олардың соңынан бақылау жүргізеді, қару-жарақты іс әрекетке дайын ұстайды. Бұзушы соңына түскен наряд шекара заставасымен байланыс ұстап, өздерінің қай жерде екенін, қайсы бағытқа жүріп бара жатқан жерлерін белгілеп және бағытын айтады.

285. Шекара бұзушының ізін наряд жоғалтып алған болса, онда осыған таяу жерлерден із кеседі, бұл жерде із қайта табылуы мүмкін. Шекара бұзушының ізін табу керек жүріспен ізделеді.

Қатқақты және тасты жерлерден із кескенде бұзушы жүрген жерлердің тастары қозғалғанын, тас бетін шаң басқан немесе ұзақ тас шөгінділері жиналған жерлерге көңіл аудару керек.

Өзеннің немесе бұлақ бойларынан шекара бұзушының ізін кескен су жағалауларын жоғары және төмен жүріп іздестіру қажет.

Елді мекен жерлерін із кесу, жолдарды, соқпақтарды және айдалған учаскелерден қарастырылады. Жолдардың жүретін бөлігін және жол жағалауларына із тобын іздестіреді.

Шекара бұзушы көлік құралын пайдаланғаны анықталса, онда наряд оның ізін және кеткен бағытын анықтайды және застава бастығына хабарлайды және оның нұсқауы бойынша іске кіріседі. Застава бастығымен хабарласуға шама келмесе, бұзушыны іздестіруді көлік құрамы жүрген бағытта жалғастырады.

Жоғалтқан ізді таба алмаса, онда бұрын ізді наряд жақсылап белгілейді де, іздестіру жұмысын тастамай, із кесуді бұдан әрі жалғастыра береді.

286. Шекара нарядшысы, бұзушыны мемлекеттік шекара шебінен жеткенше іздестіріп, оны таба алмаған соң, бұзушылар өтуі мүмкін болатын учаскені жауып тастайды, бұл жөнінде застава бастығына хабарлайды және бүркемеленіп, қазақстан аумағында және шектес мемлекет аумағында бақылау жүргізеді.

287. Мемлекеттік шекарасындағы теңіз жағалауына /шекара өзені, көлі, өзге де су тоғандары/ шекара шебін бұзушының түсірілген із табы байқалса, бұл жөнінде шекара наряды застава кезекшісіне хабарлайды, белгіленген тәртіп бойынша шекара қарауыл кемесіне /катерге/ баяндайды және бұзушылардың ізіне түседі. Теңіз жағасында /өзен, көл өзге де су тоған жағасында/ барлық күдікті мәселелер жөнінде техникалық бақылау күзетіне хабарлайды және қажет болса "Сәуле түсірілсін" сигналын береді.

Шекара бұзушылардың жағалаудан теңізге /шекара өзеніне, көліне, өзге де су тоғандарына/ кеткен іздері және басқа белгілері байқалған болса, онда наряд бұл жөнінде шұғыл түрде белгіленген сигналмен шекара қарауыл кемесіне /катерге/ және техникалық бақылау күзетіне хабарлайды /егер олар күзеттің қызметін атқарып жүрген



болса/, застава кезекшісіне баяндайды және осы учаскедегі су айдынын бақылауды жалғастырады.

288. Мемлекеттік шекара бұзушының анық емес іздерін немесе басқа белгілерін анықтауға шекара нарядының шамасы келмесе кеткен бағытын анықтай алмай қиналған жағдайда, онда наряд, бұл жөнінде застава бастығына баяндайды, ол жоқ болса - радио және сым байланыс арқылы "Шекараны бұзып өтті" сигналын береді, табылған ізді сақтау жөнінде шара қолданады, қарғып шекараға жылжиды және осы бағытты жауып тастайды.

### Алтыншы тарау

#### Мемлекеттік шекараны бұзушыны ұстаудағы шекара нарядының атқаратын іс-қимылы

289. Шекара нарядымен табылған мемлекеттік шекараны бұзушы қалай болса да ұстауға тиісті.

Табылған мемлекеттік шекара бұзушы, шекара нарядына тура қарсы шығатын болғанда, онда шекара наряды бүркелінбей-ақ, мүмкіндігінше өздеріне жақындап, кенеттен соққы беруге ыңғайланып, оларды бірден ұстап алады. Шекара бұзушы шекара наряды орналасқан жерден аулақтау жүрген жағдайда, наряд олардың қозғалысын бақылай отырып, өз орындарынан олар жүрген бағытқа жасырын және тез ауысып, олармен қатарласа жүріп, жақын арадағы жерлерге жасырынуға шектес мемлекет аумағына өтуіне мүмкіндік бермей және бұзушыларды ұстауға тиісті.

Егер шекара бұзушылар шекара нарядынан аулақтайтын болса, наряд оларды көзден таса қылмай, бүркемеленіп, қысқа жолмен бұзушыларды қуып жетіп және шекара жолын бөгеп, ұстап алады.

290. Шекара наряды әскери қызметін теңіз жағалуында /шекара өзені, көлдер, өзге де су тоғандары жағасында/ атқарған кезде шекара бұзушының сыбдырын естісе немесе бұзушының түсуін байқаған болса, оның жүру бағытына алға жылжып және жаға шетіне шыға берісінде бас салып ұстайды.

Жағаға шыққан шекара бұзушылар қайта теңізге шығуға тырысатын болса, олардың кашуына мүмкіндік бермей, батыл қимылдап ұстайды. Егер шекара бұзушыны ұстай алмай қалған болса, онда бұл жағдайды белгілеп тәртіп бойынша шекара қарауыл кемесіне /катерге/ немесе техникалық бақылау күзетіне хабарлайды және застава б а с т ы ғ ы н а б а я н д а й д ы .

Шекара бұзушылар шекара өзеніне /көлдеріне және өзге де/ қарай жүретін болса, шекара наряды олардың су жағалауларына жеткізбей ұстап алуға ұмтылады, оларды қуалайды, егер ұстай алмай қалса шұғыл түрде шекара катеріне, застава бастығына хабарлайды және оның нұсқауына сәйкес іс-әрекетіне кіріседі.

291. Мемлекеттік шекара бұзушы үйлерге /ғимарат/ тығылса, онда аға шекара нарядына, айнала бақылауын қойып және бұзушы үйлер арасынан іздеп-табуға кіріседі. Егер бұл ғимараттардан /үйлерден/ шекара бұзушы табылмаса, онда наряд аяқ киімді, киім-кешекті салыстырып қарап, жергілікті тұрғындардың қайсысы осы қылмысқа қатысты екенін, бұлтартпайтын дәлел іздейді.

292. Мемлекеттік шекараны бұзушыны ұстау кезінде, шекара наряды батыл қимылдап және қорғалақтамай, шусыз және кенеттен ұстау қажет, реті келгенше, шектес мемлекеттің бақылаушылары көрмейтіндей таса жерде бұзушыны ұстаған  
д ұ р ы с .

Шекара бұзушы шусыз ұстауға болмайтын жағдайда, аға шекара нарядының нұсқауына сәйкес "Тоқта" деп айғайлап тоқтату қажет /Тоқта айқайы оқыс және өктемді шығуы қажет/, оған тоқтамаса ескерту оғын атады. Нарядтың қалған құрамы, бүркеленіп, шұғыл бас салып ұстауға немесе құртып жіберуге дайын тұрады.

293. Шекара бұзушы ескерту оғын атқанға тоқтамаса және шекара нарядының талабын орындамаса, онда шекара наряд осы тәлімдеменің 99-бабына сәйкес, шекара б ұ з у ш ы ғ а қ а р у қ о л д а н а д ы .

294. Шекара бұзушы тоқтаған соң, жасырын жерде орналасқан шекарашының біреуі оған, "Қолыңды көтер" артқа бұрыл, қаруды және басқа да заттарды жерге таста және тастаған заттардан үш-бес қадам аттап шетке шығып тұр деп бұйрық береді.

Аға шекара нарядшысы шекарашылардың біреуіне шекара бұзушыға жақындап және қолын байлайды да /қол кісен/ сал деп бұйырады.

Шекара наряды құрамынан көп санды шекара бұзушылар тобын ұстаса, шекара нарядына көмекке дабыл тобын шақырады. Дабыл тобы келгенше, аға шекара нарядшысы барлық тұтқындалғандарға айналып артқа қарап тұрындар, қару-жаракты және қолдағы заттарды тастаңдар, бір-біріңнен үш қадам аралығында жерге етпеттеп жатындар жеп бұйрық береді және оларды күзетпен қамтамасыз етеді. Шекара бұзушыларға барлық команда орыс тілінде бұйырылады, ал қажет болса - қазақ тілінде немесе шектес мемлекет тілінде қайталанылады.

295. Мемлекеттік шекара бұзушыларды ұстағаннан соң, күзет қызметін нашарлатпай, жер жағдайын қарауды және дыбыс тыңдауды мұқият қадағалап, тұтқындалғандардың соңынан жаңа бұзушылар ілеспеуіне келмеуіне сенімді болуға  
м і н д е т т і .

Шекара шебіне пайда болған шекара бұзушыларды, аға шекара нарядшысы, жағдайға байланысты наряд тұрған жерге мейлінше, жақын келтіріп және оларды тұтқындайды немесе нарядтың аз бөлігін бұзушыларды күзетуге қалдырып, нарядтың

қалған құрамымен шекара бұзушылардың соңынан қуалап және оларды ұстайды. Аға шекара нарядшысы, шекара бұзушылардың барлығы тұтқындалғанына көзі жеткен соң, застава бастығына хабарлайды, егер бұл оқиғаны хабарлау мүмкіндігі болмаса, онда "Дабыл тобы келсін" деген сигналды береді.

Тұтқындарды күзетуге мүмкіндік жоқ немесе шекара жеріне жақын болса және шектес мемлекеттерге көрініп тұратын жер болса, наряд бұл жерге шартты белгі қояды және тұтқындарды басқа паналы жерге айдатқызып жібереді.

296. Мемлекеттік шекара бұзушыларды ұстап алу кезінде, олар қарулы қарсылық жасаса, онда наряд олармен соғысқа кіріседі және "Шұғыл көмек керек" сигналын береді. Бұзушылардың кері шегініп кетуіне бөгет жасап, жер бетінің табиғи қыртыстарын, қатпарларын және ойлы-қырларын пайдаланып оқ-жаудырып бөгет жасайды немесе оқ атып құртып жібереді.

297. Шекара наряды, тұтқындалған шекара бұзушылардың қару-жарағын, уландырғыш және басқа заттарын тартып алады. Қару-жарақ және басқа заттарын алу тәртібін, қалыптасқан жағдайға қарай, аға шекара нарядшысы анықтайды. Шекара бұзушылар ұсталған жерде киім-кешектерін шешіндіруге болмайды.

Шекара бұзушылардың қару-жарақты және басқа да заттарды алуға тағайындалған нарядшы, өз қаруын оң тежеуішке қойып иығына асады. Қалған наряд құрамы, қарусыздандырушыға көмектесер жерде және бұзушы қашқандай болса, онда шұғыл а т у ғ а д а й ы н т ұ р а д ы .

Бір мезгілде бірнеше шекара бұзушы ұсталған болса, ең алдымен түріне қарағанда ең мықты көрінген шекара бұзушыдан қару-жарақ пен басқа заттар алынады. Қаруландырылған шекара бұзушы әлі қаруы алынбағандардың алдына етпетінен жатуға немесе олардан шеткі жағына жатуға бұйырады.

Жарақатты болған шекара бұзушылардан қару-жарақ, уландырғыш және басқа заттарды алу әдеттегіше жүргізіледі. Ауыр жараланғандар қару-жарақ тартып алынғасын, оларға алғашқы дәрігерлік көмек көрсетіледі.

Шекара бұзушыдан алып және оларды ұстаған жерде табылған заттар бір будаға салынып, сыртына кімге тиісті екені жазылады.

Аузы жабулы қапшық, жәшік, кілттеулі қолсандықтар ашылмайды, сол күйінде тартып алынған заттар застава бастығына жеткізіледі.

Шекара бұзушы әйел ұсталса, онда оның қару-жарағы, құжаттар мен басқа заттары және сыртқы киімін қарап шығады.

298. Шекара бұзушылардың қару-жарағын және басқа заттардан алынған соң, аға шекара нарядшысы, қызметтегі итгер маманына, тапсырма береді, егер ол болмай қалса, шекара нарядының біреуіне шекара бұзушылар ұсталған аудан жерінде олар лақтырып тастаған заттар қалғанын іздестіріп қарауға тапсырма береді, егер бұл тапсырма наряд ұсталғандарды күзету үшін нашарлататын болса, онда сол жерді қарауға дабыл топтарын шақырады.

Бұзушылар ұсталған ауданын қарау шеңбері 100 м кем болмау керек, ал шақырылған дабыл тобы бұзушылардың жүрген жерін түгел қарайды.

- бұзушылардың шекара шебінен өтіп олар ұсталған жеріне дейін;
- тылдан шыққан жерінен - застава бастығы көрсеткен шекара шебіне дейін.

Егер шекара бұзушылар түнде ұсталған болса, жарық түсісімен шекара бұзушылар ұсталған аудан және оларды айдалуға алынған жерлер түгелдей қайта қаралып, т е к с е р і л і п ш ы ғ а д ы .

299. Шекара наряды күзетінің көз алдында білместіктен мемлекеттік шекараны бұзу шектес мемлекет тұрғындарына өтуі байқалса немесе ауыл шаруашылығы жұмыстарын өткізуіне малды жайылымға апару /аңшылық, саңырауқұлақ жинау, отын теру/ сондай-ақ суға шомылу немесе өздігінен жүретін және өздігінен жүрмейтін кемелер келіп суда жүзуіне, шекара наряды дауыстап немесе қол сермеу арқылы шекара бұзушыларды өз аумағына қайтып оралуына түсінік береді. Егер шекара нарядының талаптарын орындамаса, онда оларды шекара наряды ұстайды.

Қазақстан аумағына кірген үй-хайуанаттарын, өздері келген аумағына қайтарып а й д а п ж і б е р е д і .

## Ж е т і н ш і т а р а у

Мемлекеттік шекараны қарулы басып кіруге тойтарыс беру, арандатудың жолын кесудегі шекара нарядтарының а т қ а р а т ы н і с - ә р е к е т т е р і

300. Қазақстан Республикасының аумағына қарумен басып кіруді әскери топтарымен бандылардың шабуыл жасауын тойтару үшін, қарулы және басқалай арандатушылық болдырмау мақсатымен шекара шегінде қақтығысты, дау-жанжалды, сондай-ақ дұшпанның өз еркімен әрекет істеуге мүмкіндік бермеу үшін мемлекеттік шекара күзетіндегі наряд барлық шараларды қолдануы тиісті.

Бұл шаралар шекара күзетінде шекарашыларды жүріс-тұрыс бет алысымен, тәртіп және қару-жарақты және жауынгерлік техниканы қолданып білуіне саяси біліктілігіне және шекарашылардың табандылығымен, аға шекара нарядшысының қалыптасқан шекара жағдайын жан-жақты дұрыс бағалай білуімен табысқа жетеді және алдағы оқиғаны пайымдап шешім қабылдауымен анықталады.

301. Шекараны қарулы басып кіруге тойтарыс беру, арандатудың жолын кесудегі іс-әрекеттерінің негіздері мынада: қорғалақтамай, тұтқиылдан және дұшпан күшінің басымдығына қарамастан батыл қимылдап олармен соғысқа кірісу, жер жағдайын ыңғайлап, қару-жарақты және жауынгерлік техниканы қорғаныс құрылыстарын және қоршауларды шебер пайдалану, оқ ату дәлдігін айлакерлік қозғалыстарын үйлестіру.

302. Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекара аумағына дұшпанның басып

кіруге немесе арандатушылық дайындалып жатқанын байқаған шекара наряды күзеті; осы бағыттағы тұрғыға немесе қорғаныс құрылысына жасырын орналасады да, бақылау жүргізеді және соғысқа дайын тұрады. Аға шекара нарядшысы шекара ахуалын және қабылдаған шешімін застава бастығына баяндайды.

Аға шекара нарядшысының шешімінде мыналар анықталады: қарулы басып кіруге / арандатушылыққа/ тойтарыс беру іс-қимылының тәртібі; қарамағындағы әскерлерге тапсырма береді және олардың өзара бірлескен іс қозғалысы.

Ол тапсырма бергенде мыналарды көрсетеді: әр шекарашының оқ жаудыру кезіндегі жауынгерлік тәртіппен орналасатын жерін; оқ жаудыру немесе дұшпанның арандатушылық жолын кесуді нарядтың іс-қимылы; өзара бірлесіп және іс-әрекет қимылының сигналын беру тәртібін.

303. Дұшпан қарулы басып кіргенде, шекара нарядшысы шұғыл түрде застава бастығына баяндайды, "Дұшпан қарулы басып кірді" сигналын береді және бірден соғысқа кіріседі. Аға шекара нарядшысының команда сигналын барынша шекара наряды дұшпанға оқ жаудырады.

Шекара наряды оқ атуға қолайлы жерге немесе қорғаныс құрылысын пайдаланып, дұшпанмен кескілесіп соғысады. Застава учаскесінің тылына өтуге немесе өз шекарасына шегінуіне мүмкіндік бермейтіндей оқ жаудырады.

Шекарашылар соғыс кезінде бір-бірімен оқпен қолдау жасайды. Өзара көмек жасайды және жаралы болған серіктестеріне көмек береді.

Аға нарядшы соғыс бағытына бақылау жасап, уақыт өткен сайын шекарашыларға тапсырмаларын анықтап, атысты басқарып және оқ-дәрінің таусылмауын бақылайды.

304. Шекара наряды қоршауға алу немесе басып алу қауіпі төнетін басқалай, онда аға наряд, айлакерлік жасап және шекара нарядын басқа оқ атуға қолайлы тұрғыға ауыстырып, бұл кезде дұшпанға қарсы оқ жаудыру талассыз жүргізіледі.

Бастапқы тұрғыдан жаңа тұрғыға жер бедерін, ой-шұңқырларын, кедергілерін, қыртыстарын, түтінді паналай жүгіріп өту, бір-бірін оқ жаудыру астынан алу арқылы жүзеге асады. Жаңа тұрғыға ауысу тәртібін аға шекарашы анықтайды.

Бұл соғыс кезінде өлгендер және жаралы болған шекарашыларды қару-жарағымен қоса шығарылады.

Соғыс болып жатқан жерге көмекке келген, көршілес шекара нарядтары, қағида бойынша, дұшпанға оқ жаудыруды екі жақ қанаттап және тылынан бастайды, жауды шекарадан кесу үшін және дұшпанға соққы беріп құртуға ұмтылады. Соғыс жүзіндегі оқ ату өз әскерлерінді жараламайтын жағдай жасап және келіскен түрде жүргізілуі қажет.

Аға нарядшы көмекке келген резерв аға нарядшысына шекара ахуалымен таныстырады және оның нұсқауымен іс-қимылға кіріседі.

305. Дұшпан тұтқиылдан шабуыл жасаса немесе дұшпанның торуылын тапса, онда шекара наряд шұғыл оқ атуға дайындалады және "Шұғыл көмек керек!" сигналын

береді. Аға шекара нарядшысы дұшпанды тез керек деген нарядшыларға тапсырма  
қ о я д ы .

Көршілес наряд көмекке келгенше немесе застава резерві наряды келгенше жер бетінің ой-шұқырын, табиғи қыртыстарын пайдаланып паналайды, шекара нарядшылары дұшпанға оқ жаудырып, дұшпанның қозғалуына кедергі жасайды және шекарашыларды басып алуға мүмкіндік бермейді.

306. Шекара наряды, шектес мемлекеттің әскери қызметтері шекара бұзғанын байқаған соң, өздері оған жақын жердегі тұрғыға орналасады. Аға нарядшы болып тағайындалған шекарашы, аңдушылық шараларын сақтай отырып, шекараны бұзғаны туралы оған дауыстап ескерту немесе қол бұлғап ескерту жасайды және қазақстан аумағынан кетуін талап етеді. Бұл уақытта шекара нарядының қалған құрамы шұғыл іс-әрекетке дайын тұрады және дұшпанның қозғалысына және шектес мемлекет аумағында жақын жер әскери топ /бөлімше/ жоқ па деп бақылау жүргізеді. Аға нарядшы шекара ахуалын застава бастығына хабарлайды және оның нұсқауына сәйкес  
і с - қ и м ы л ж а с а й д ы .

307. Шектес мемлекет аумағынан шекара нарядшыларына оқ жаудырылса, оныңайлы жерге тұрғаны ауыстыруына, дұшпанның іс-әрекетін бақылайды, жаудың қарулы басып кіруіне тойтарыс беруге дайындалады. Оқ астында қалған шекарашылар, оқ жаудырған аумақтан жасырын түрде шығады.

Қазақстан Республикасының шекарасы арқылы оларға жауап беру оғын атуға  
т ы й ы м с а л ы н а д ы .

308. Мемлекеттік шекараны бұзудың қарусыз арандатушылық жолын қолданбай  
к е с у м е н т о қ т а т ы л а д ы .

Қазақстан аумағын қасақаналық пен кірген қарусыз азаматтар тобының соңынан, арандатушылар тобы өткен аудан аумағын және шектес мемлекет шекарасынан іргелес жерлерге, шекара нарядына бақылау жүргізеді, шекара заңсыз өткендерге ескерту жасап және оларды қазақстан шекара аумағынан тез кетуін талап етеді. Арандатушы келген аудан аумағына, дербес бақылауын тағайындайды, ол шекара арандатушылардың арасында әскери қызметші, сондай-ақ шектес мемлекет шекарасына жақын жерде әскери бөлімшелер, топтар жоқтығын анықтайды.

Кейбір жағдайларда застава бастығының нұсқауына сәйкес, застава резерв наряды келгенше шағын азамат топтарын шекара нарядшысы ұстап тұрады және оларды застава тылы учаскесіне жіберілмейді. Осы мақсатты орындау үшін инженерлік қоршаулармен түтін түтетуді қолданады.

Дұшпанның қазақстан аумағына өтіп кірген топтарымен тікелей қақтығысудан  
ж а л т а р у к е р е к .

Арандатушылардың жолын кескенде атысты болдырмауға және шекарашылар дұшпанның қолына түспеу шараларын сақтандырып және оларға соққы беруге дайын  
т ұ р у к е р е к .

309. Мемлекеттік шекарада қарусыз арандатушылық кездесе /қазақстан шекарашыларына наразылық көрсетіп, шекара арқылы, заттарды лақтыруы мүмкін/ мұндайда шекарашылар тасада отырып бақылау жүргізіп, барлық шекарада болған ахуалды застава бастығына баяндайды. Шекара арқылы лақтырылған заттардың қай жерге түскенін және нендей заттар екеніне шекарашылар бақылау жүргізеді.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасы аумағына /заңсыз кіру немесе шекара белгілерін ауыстыру, қасақаналықпен малдарды айдап жіберу, көптеген халық топтарынан шекараны басып кіруі және жекелеген учаскеге өтуі/ жағдайында шекара нарядшысы шұғыл застава бастығына баяндайды және оның нұсқауы бойынша  
і с - қ и м ы л ғ а к і р і с е д і .

310. Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасын қарулы басып кіруге және арандатушылық жолын кесудің тойтарыс берілген соң, дұшпанның заңсыз шекара шебін бұзғанын дәлелдеу үшін, шекара күзетінде наряд, барлық дәлелді мәліметтерді жинап және шекара бұзушының ізін сол қалпында сақтауына шара қолдануы қажет.

С е г і з і н ш і т а р а у  
Б ү р к е м е / ж а с ы р ы н у /

311. Бүркеме - мемлекеттік шекараны күзетуді дұрыс атқаруда табысқа жеткізілетін ең маңызды әдістің бірінен саналады. Бүркемеліктің негізгі мақсаттары: дұшпанға шекара наряды орналасқан жерін білдірмеу; дұшпанды бағыт-бағдардан ауыстыру; қарулы басып кірген дұшпанға және оның арандатушыларына кекеткен тойтарыс беру.

Бүркемедегі шекара нарядының негізгі қағидасы: бүркемеленген бәрін көреді, ал  
о н ы е ш к і м к ө р м е й д і .

312. Бүркемедегі шекара нарядының жеңіске жетуі мынада: қызмет бабында наряд құпиясын сақтау, шекара учаскесінде орын ауыстыру мен күзет орынын жасыру, қырағылық пен басқа көзге түспейтін жерлерді және жергіліктегі заттарды пайдаланып бүркемелену, дыбыс және жарық бүркемелікті құралдарын дұрыс пайдаланып, байланыс құралдарын қолданғанда бүркемелік тәртібін қатар сақтау қажет.

313. Шекара наряды бүркеме жабдықтарын жасау үшін - бүркеме киім, табельдік құралдарды және жергілікті материалдар /көл астындағы құралдардың бәрін  
п а й д а л а н а д ы .

Шекара нарядтарының бүркемелі пішінді киім-кешектерін /жазғы және қысқы/ бүркемелі әскери бешпет шалбарын пайдаланады. Былайғы уақытта далада бешпет шалбарды  
ш а л б а р д ы к и ю г е т ы й ы м с а л ы н а д ы .

Дала жайшылық киімдер және бүркемелі тарлы маталар машиналарды, оқпана және жасырын  
ж а с ы р ы н п а н а л а р д ы б ү р к е м е л е у ү ш і н қ о л д а н ы л а д ы .

Жергілікті жағдайға байланысты қолданылатын бүркемелі материалдар: ағаш бұтақтарымен  
б ұ т а қ т а р ы м е н ш ы б ы қ - ш ө п ш е к т е р ж әне б а с қ а д а қ о л д ы м а т е р и а л д а р .

314. Шекара нарядшылары күзет қызметін барарда және одан қайтып заставаға оралғанша, бүркемелікпен жүреді. Бүркемелікті ұйымдастырғанда, аға шекара нарядшысы мыналарға көңіл аударады: бүркемелікке табельдік және қолдағы құралдарын пайдалану ретіне, қарудан және техниканы қалай бүркемелеу керектігін, нарядтың қозғалу және ашық учаскелерден өткенде қалай бүркемеленіп жасырын өту тәртібін; наряд күзет орнына тұрғанда қалай бүркемелеу керектігін түсіндіреді.

Аға шекарашы жоғарыдан нұсқау күтпей-ақ, бүркемелікті өзі ұйымдастыруға м і н д е т т і .

315. Шекара нарядшысы күзет учаскесімен жүрген кезде, бүркемелеудің ережесін және жүрудің мына тәсілдерін сақтауға тиісті:

- күзет учаскесіндегі жер бедерін шебер пайдаланып, дөңесті және ашық жерлерге жоламай, айлы түні жер бетіндегі заттың көлеңке жағымен және жарық түскен жерден т е з д е п ө т у к е р е к ;

- жазық жермен өткенде жер бетіндегі шөптердің мейлінше бүркемеленіп қасиетін және жер қыртысын тиімді қабылдау;

- орман ішінде ағаштардың көлеңке жағына және ағаштардың тасасымен жүру;

- сыбдырлатпай, шусыз ақырын жүру, қатты жерде өкшелеп, жұмсақ жерді табанының жұмсақ жерімен басып жүру;

- су өткелін кешіп өткенде, алдымен аяғынды ақырын суға батырып, содан соң алға ж ы л ж у ;

- қалың жыныс немесе қамыс арасымен өткенде олардың жоғары жағының шайқалуын білдіртпей, бұтасын жан-жаққа ажыратып, еңкейіп ақырын өту керек.

Шекарашы наряд қызмет атқаратын орнын және қолындағы қару мен техникасын және қызмет иттерін қолындағы бар құралдарды шебер пайдаланып бүркемеленуі қажет. Олардың жердің бетіндегі заттардың көлеңке жағына, тоғай түбіне, төбелі / жоталы/ жердің етегіне, табиғи қыртыстарды пайдаланып орналасуы қажет. Ашық жерге орналасуға ешуақытта болмайды.

Шекара нарядының қайта орналасқаны дұшпанға білдірмеу үшін, бүркемелендірудің бір-ақ түрін қолданып, бір орында ұзақ тұруға болмайды, сондықтан орындыға, тұратын да айнымалы жасауы керек.

316. Шекараның наряд дыбыстық және жарық бүркемені түнгі кезде қатаң сақтау қ а ж е т .

Дыбыс бүркемелігін сақтамау - ол шекара нарядына өте қауіп туғызады, сондықтан ешуақытта дыбыс шықпауы қажет. Ол үшін: күзет учаскесінің жер бедерін, ондағы кедергі болатын заттарды өте жақсы білу керек; қару-жарақ және жабдық заттар сылдырламауы қажет; ақпарат алмасқанда сыбырлап сөйлеу керек немесе ымдап алмасу; қозғалыстағы двигательдің шуын азайту қажет.

Шекарашылардың әруақытта есінде болуы қажет: байланыс құралдары арқылы хабарласқанда дұшпан тыңдауы мүмкін. Наряд радио немесе байланыс құралы



сөйлесуіне белгілі уақытта жүргізілуі бұйрықта көрсетілген уақытта. Сөйлесулер қысқаша және жергілікті заттардың атымен аталуы немесе шекара нарядына белгілі ш а р т т ы б е л г і л е п а т а у .

Жасырын тұрған шекара нарядының тұрған жерін білдірмеу үшін барынша жарық бүркемесін азайту қажет. Ол үшін автокөліктердің және бронетанк, бронетехниканың ішкі және сыртқы жарық беру аспаптарына бүркемелеу орнату, прожектор сәулесін және із шалу жарық беру құралдарын шебер пайдалану, сигналдық және сәуле түсіретін патронды құрамдар үлгілерін шебер қолдану қажет.

317. Мемлекеттік шекара бұзушылардың ізіне түсіп қудаламағанда және оларды ұстауда, іздесу салғанда, шекара нарядшылары жер жағдайын ой-шұқырын және бетіндегі заттардың бүркемелік қасиетін шебер пайдаланып, дыбыс және жарықтандыру бүркемелерін пайдаланып жылжуы қажет.

Шекара наряды шекарадағы қоршау /дұшпанды матау/ орнында бүркемелікті дұшпан сезбейтіндей болып тұруын жасау керек. Қоршау шебінде нарядтың қару-жарағымен және қызмет иттерімен ашық жерге орналасуына тыйым салынады.

318. Қарулы басып кіруге және арандатушылыққа тойтарыс беру кезінде шекара бүркеме жасау мақсатына мыналарды орындауға міндетті:

- қарулы басып кіруге /арандатушылыққа/ тойтарыс беру мақсатында, дұшпанға кө р і н б е й т і н ж е р г е о р н а л а с у ;

- жер бедерінің және жер бетіндегі заттар бүркемелік қасиетін пайдаланып, дұшпанға оқ атуға оңтайлы және шекарашылар бір-біріне оқ жаудырмайтындай етіп о р н а л а с т ы р у ;

- басқа тұрғыға шекара нарядын көшіру айласы жасырын түрде жүргізіліп және ол жер жауға көрінетін нысана болмауы қажет.

319. Шекара наряды мемлекеттік шекара күзетін атқарғанда бүркемелік тәртіпті сақтауға тиісті. Бұның әрбір шекарашының барлық қажетті әдістерді және бүркемелік ережелерді нақты қолданып, нарядын темірдей әскери тәртіптілікті сақтағанында және аға бүркемелікті мейлінше орындай білуінде. Шекара нарядының біреуі, шекара күзетіндегі, бүркемелік тәртібін бұзатын болса, онда жауынгерлік тапсырманы о р ы н д а у д ы ң б ү л і н г е н і .

## Т о ғ ы з ы н ш ы т а р а у

### Шекаралық ізші және ізшілдік режимі

320. Шекаралық ізші - шекара қызметкерінің шеберлігінің негізін құрайтын бөлімі болып есептелінеді. Ізшілдік шеберлік - ізге ұдайы назар аудару, зер салу, көп уақыт бойы дағдыланудың және зерделі қызмет істеудің нәтижесінде ізшілдік шеберлікке ж е т е д і .

321. Шекара нарядшы мемлекеттік шекараны бұзушыны табу және оны айырып танылатын белгілеріне жататындар: іздер, инженерлік қоршаудың бүлінуі /үзілуі, сымдардың созылуы немесе сымдардың тұйықталуы/, сымқоршауы астын қазу, астына кіретін тесік және басқа бөтен заттар, бұзушы адамның белгілері /шөптер жапырылуы, камыс арасындағы саңылау, ағаш бұтақтарының сынуы, өшкен алаң, жаңа пайда болған немесе жоғалған заттар, хайуанаттар және құстардың әдеттен тыс өзгерістері және басқа да шекараның бұзылуына байланысты болған немесе оны бұзуға тырысқан өзгерістер .

322. Іздер үш негізгі топқа бөлінеді: адамның іздері, мал іздері, көлік құралдарының іздері. Түсу ерекшеліктері бойынша іздер көлемді /басылған/ және сыртқы /қабатталу немесе қыртысталу/ болуы мүмкін.

323. Жерде және жергілікті заттарда адам аяғының, қолдардың және денесінің басқа бөліктерінің іздерін, сондай-ақ олар қолданатын заттардың іздерін қалдыруы мүмкін.

Мемлекеттік шекара бұзушылар із-қадағалау алқабында және жергілікті жерде көбінесе аяқтарының іздерін қалдырады. Олар формасымен және табан /аяқ киім/ із таңбасының мөлшерімен, іздер жолын, олардың айыру белгілерімен ерекшеленеді.

324. Адамның табан ізі - іздің жалпы ұзындығымен, табан сүйектерінің енімен, өкше енімен және табанның ең еңсіз жерінің өлшемімен өлшенеді; аяқ киім ізі - іздің жалпы ұзындығының, табан бөлігінің ендігімен, өкше ендігінің өлшемдерімен қажет болса өкшенің ұзындығы, ұстап ұзындығын, табанның /3 қосымша/ бөліктері аралық ендігі мен ұзындығы өлшенеді.

325. Бірінен соң бірі басылған іздердің жиынтығы іздер жолы деп аталады. Адам аяғының іздер жолының элементтері /4 қосымша/ болып табылатындар:

- қозғалыс сызықшасы - сол аяқпен оң аяқтың арасында өтетін ойдағы тік /осьтік/ сызықша ;

- қадам ұзындығы - сол аяқпен оң аяқтың бірінен соң бірі қалдырылған бірдей екі нүкте арасындағы арақашықтық ;

- табанның бұрылу бұрышы - қозғалыс сызықшасы мен табан ізінің осі арасындағы бұрыш ;

- аяқты қоса енділігі - сол және оң аяқ арасындағы ендік арақашықтық;

- жүру сызықшасы - өкшенің бастырылған іздерінің орта нүктелерін бірінен соң бірін біріктіретін сызықшасы .

Іздер жолы бойынша мемлекеттік шекара бұзушының бағытын және қозғалу жылдамдығын, оның жынысын, дене күйін және жүрісінің ерекшеліктерін, сондай-ақ бұзушылар санын, олардың іздерінен әдетте кездесетін кейде кездейсоқ кездесетін жерлерді білуге тиісті, жануарлардың және құстардың жүріс тұрыстары бойынша күзету учаскесінде мемлекеттік шекара бұзушылардың пайда болуын дұрыс қорытындылау жасай білу, сондай-ақ жануарлардың іздерін оларға ұқсатылып жасалған бұзушылардың іздерінен ажыратып білу. Учаскедегі әрбір жаңа құбылыстар /

шошыған құстар мен аңдар, шу, кейбір дыбыстар/ шекара нарядының көңілін аулауға тиісті және олармен мұқият зерттелуге тиісті.

326. Жануарлардың іздері төрт топқа бөлінеді: қостұяқты емес, қостұяқты, саусақпен және табанмен жүретіндерге.

Қостұяқты емес жануарлар іздерін мүйіз қабырғасын төменгі жақтарын басып қалдырады. Қостұяқты жануарлардың басылған іздері екіге бөлініп, қозғалу жылдамдығы кезінде тұяқтың екіге бөліну бұрышы жүретіндердің жолдары түзу тізбек болып көрінеді, ал аяқтарының іздері бірінен соң бірі сызықпен орналасады. Табанмен жүретіндердің алдыңғы аяқтарының іздері артқы аяқтарының іздерімен толық ж а б ы л а д ы .

Шекарашылар табиғатқа көңіл аударуға, застава учаскесінде ұдайы тұратын / ұсталатын/ жабайы және үй жануарларын, олардың іздерін және жануарлардың соңына қатысты шекарашыларды бағыттан адастыруына із-қадағалау алқабы арқылы өту кезінде әртүрлі айлалар, сырғауыл, ағашаяқты, ағаштарды және басқа да заттарды қолданады. Олар із қадағалау алқабынан өтудің әртүрлі әдістерін іздерін жояды, жануарлардың іздерін жасайды және өзге айлаларды қолданады.

327. Көлік құралдары жергілікті жерде екі ізді жол жағасының дөңгелектердің / гусеницалардың/, тежелу және тоқтау іздерін, сондай-ақ су батпақ, техникалық май т а м ш ы л а р ы н қ а л д ы р а д ы .

Көлік құралдарының түрлері дөңгелектерінің саны және орналасуы, екі ізді жолдың ендігі және дөңгелек іздерімен протектор суретінен /трактердің басылған іздерінен/ а н ы қ т а л а д ы .

328. Мемлекеттік шекара бұзушылар өздерінің іздерін жасыру үшін іздерінің қозғалу бағытына және шекараны бұзушылар жүкшелері мен немесе жүксіз қозғалуларын анықтауға болады. Бұл үшін ақырын жүрген ер адамның қадам ұзындығы 80 см, тез жүргенде - 90 см, жүгірген кезінде - 100 см, құрады. Әйел адамның қадамы ақырын жүрген кезде әдетте 55-60 см тең. Кәрі және ауру адамның қ а д а м д а р ы қ ы с қ а б о л а д ы .

329. Мемлекеттік шекара бұзушылардың іздерін тапқаннан кейін шекара наряды осы жерге жататын жерді қарауға және із-қадағалау алқабын іздер табылған жерден екі жаққа қарай басуын іздерді /кері қайтатын/ анықтау мақсатында тексеруге, табылған іздерді реттеуге, сондай-ақ белгі беру жиынтығының /жүйесінің/ қоршауларын қарауға т и і с т і .

Аға шекара нарядшысы іздерді зерттеу кезінде:

- іздер жолын оң жағымен 40-50 см. қашықтықта шектеуші сызықшамен сызуға;  
- жолдың элементтерінің ерекшеліктерін және жалған іздерін айыру белгілерін а н ы қ т а у ғ а ;

- қозғалу бағыттарын, бұзушылар санын және іздерін ескілігін белгілеуге міндетті.

Іздерді зерттеу жағдайларға сәйкес және бұзушыларды іздестіру ізіне түсу мен

ұстауы бойынша іс-әрекеттерге зиян келтірмей жүргізуге тиісті, барлық жағдайларда да іздерді зерттеу аз уақыт алуға тиісті.

330. Іздерді зерттеу кезінде шекарашылар келесі ережелерді сақтауға міндетті:

- іздер жолын тек қана оң жағынан қарауды, бұл кезде ізді таптауға және қалған немесе тасталған заттарға тиісуге болмайды;
- із қадағалау алқабында қалдырылған іздердің барлығы қаралады, бұл кезде іздерге мүмкіншілік бойынша күте қарсы қарайды;
- қол шаммен пайдалану кезінде іздерді олардың басылған ерекше белгілерінің бәрі жақсы көрінуі үшін әртүрлі бұрыштан жарықтандыру;
- жеке іздерді зерттеп отырып ең ерекше белгілері бар өте анық басылған іздерді анықтау және оларға көңіл бөлуді шоғырландыру;
- мемлекеттік шекара бұзушылардың қозғалу бағытын, олардың санын және іздердің ескіргендігін дұрыс анықтау үшін бірнеше ұқсас белгілерді табу керек.

331. Мемлекеттік шекара бұзушылардың қозғалу бағыттары жолдың элементтері және басылған іздер бойынша анықталады.

Жол элементтері бойынша қозғалыс уақыты қозғалу сызықшасын, қадам ұзындығын, аяқ қою ендігін және табанды бұру бұрышын зерттеу барысында анықталады.

Басылған іздер бойынша қозғалыс бағыты келесі белгілер бойынша анықталады:

- аяқтың басының немесе өкшесінің ең үлкен тереңдігі, сүйретілуі /өкшемен жердің беткі қабатын жылжыту/, сүйретіп шығару /аяқтың басымен жердің беткі қабатын жылжыту/ қозғалу жағына қарайды;
- іздің түбіндегі жердің қабаты қозғалыстан қарсы жағына бағытталған;
- жердегі шөптің қисаюы, батпақ жердегі тамшыларының аяқ қозғалған жағына, ал тастардың /жердің қаттылары/ - қозғалысқа қарсы жағына қараған;
- шаңғымен қозғалған кезде шаңғы ағаштарының ізі /қардағы сызық/ үшкір жағымен шаңғышы қозғалу бағытына қарсы қараған; шаңғымен таяқсыз қозғалған кезде шаңғының "П" түрлі басылған ізі ашық жағымен қозғалу жағына қараған.

332. Із-қадағалау алқабынан айлалар қолданып өткен кезінде мемлекеттік шекара бұзушылардың қозғалысының бағыттары келесі белгілермен анықталады:

- іздерді ағаштың бұтақтарымен, сыпыртқымен және басқа да заттармен бітеген кезде - сыпыру іздері доға түрлі шеттерімен шекара бұзушылардың қозғалыс жағына қараған, ізді бітеу көлденең тіліктерінің шұқырларының бұзушы жүрген жақтың шеттері дүзуірек болады;

- шекара бұзушының арқасымен алдыға жүрген кезде - тәртіп бойынша, қозғалу сызықшасы қисық, қадам әдеттегідей қысқа, табанды бұру бұрышы біркелкі емес, өкшенің басылу тереңдігі аяқ басынан үлкенірек, іздің түбіндегі топырақ итерген кезінде қарсы жаққа қарай сырылуы, аяқты шығару өкшеден басталады және қозғалыс жағына бағытталады;

- қырындап аяқты аяққа немесе аяқты алып жүру кезінде іздің шеттері қиғаштанады , күш салып жылжыған кезде топырақтың артқа қарай қозғалуы көрінеді, басылған іздің шұңқырлау жағы қозғалу жағына бағытталған;

- із-қадағалау алқабынан секіріп өткен кезде - күш салып жылжыған жердегі топырақ, тастар немесе жердің қаттылары қозғалысқа қарсы жаққа сырылады;

- із-қадағалау алқабынан қада немесе ағашаяқтың көмегімен өткен кезде - шұңқырлар және шекара бұзушы түскен жерде басылған іздің болуы, бұл кезде топырақ сырылады және қозғалыс жағына қарай тығыздалады;

- із-қадағалау алқабынан маттарды, киізді, сырғауылды, ағаштарды қолданып өткен кезде - топырақтың сырылуы және заттардың қозғалу іздері қозғалыс жағына бағытталған .

333. Мемлекеттік шекара бұзушылардың автомобиль /машина/ қолданған кезінде олардың қозғалыс бағыты көлік құралдарының қатырылған көлік құралдарының қайырылған іздері бойынша анықтауға болады, ол үшін: екі ізді жол, Әдетте, жолға қатысты оң жағында орналасатынын, машинадан түскен сұйықтық машиналары жол бойынша ұзыншақ дақ болып жайылады; үшкір бөлігі қозғалыс жағына қарайды; шалшық судан өткен кезде дөңгелектер су мен батпақты екі жаққа және алдыға, қозғалу бағыты бойынша желкеуіш тәрізді етіп шашылады, ал дөңгелектердің су іздері машина қозғалған жағына жүргізеді; тежеу іздері машина қозғалған жағынан күрт үзіліп және келе жатқан жағына байсалды түседі; дөңгелектердің тұрып қалуы кезінде топырақтың бір бөлігі машинаның қозғалыс жағына қарсы лақтырылатынын білу керек .

Арба көлігінің қозғалу бағыты жегілген жануардың іздері бойынша анықталады.

334. Мемлекеттік шекара бұзушылардың санын із жолдарының немесе жолдардың элементтерінің өзіндік ерекшеліктері бойынша және бұзушылардың із-қадағалау алқабынан өту кезінде айлаларды қолдануды /бір бұзушы екіншісін көтеріп өткізу кезінде - аяқ қойылуынан, қадам әдеттегіден қысқа және іздердің басылуы тереңірек; ізбен ізге басып қозғалу кезінде - іздер әдеттегіден тереңірек басылады, іздің түрі анық емес шеттері саты тектес, іздің түбіндегі топырақ бір адамы қозғалған кезінен тығыздау болып келеді/ көрсететін жеке басылған іздермен анықталады.

335. Іздің ескіргендігін өзінің жаңа ізімен табылған басылған ізбен салыстырумен анықталады .

Жұмсақ шара басылған із 1-1,5 сағаттан кейін көрінісі анық, шеттері үшкір және тік болады .

Бұлтсыз күні іздің түбінде 4-5 сағаттан кейін жарылулар пайда болады, шеттері тегістеледі және шамалы түседі .

Шабындықты және орманды жерде, шөп өскен жерлерде із 3-4 сағатқа дейін ол құрғақ күні 30 минуттан 1 сағатқа дейін сақталуы мүмкін, жаңадан басылған ізді шөп толық басылады .

Ауа температурасының және желдің әсерінің астында 3-4 сағаттан кейін іздің басылған жерінің түсі қараяды, оның ішінде жарылыстар, шаң және ұсақ топырақ п а й д а б о л а д ы .

Қатты жаңбырдан кейін жерде қалған іздері жайылған түрлі болады, із-қадағалау алқабында тайғанау белгілері көрінеді, аяқ табанының басылған белгілері ұзара түседі.

Тасты жердегі - іздің ескілігін жылжытылған тас астындағы жердің ылғалдылығымен анықталады. Ылғалдығы 1-1,5 сағаттай сақталады.

336. Мемлекеттік шекара бұзушылардың үлкен шам іздеріне ұқсатылған іздерін келесі белгілермен айыруға болады: басылған іздің басылуы олардың табиғи тереңдігіне сәйкес келмейді, жүріс сызықшасы бүлінген, қадамы қысқа, алдыңғы және артқы аяқтарының іздері жасанды орналасады, ізі қадағалау алқабы арқылы қозғалу кезіндегі жердің сырылуы онша көп емес.

Ұсақ жануарлардың іздеріне ұқсастырған кезде қандырылған белгілер табиғи іздерден тереңірек басылады, алдыңғы және артқы аяқтарының іздерінің басылуының өзара орналасуы сәйкес келмейді, қадам ұзындығы және аяқтарды қою ендігі ж а н у а р л а р д а н ү л к е н .

337. Іздердің және басқа да мемлекеттік шекараның бұзылған белгілері анықталған жерлер белгіленуге тиісті. Бұл үшін шекара наряды қол астындағы құралдарды / бұтақтарды, тастарды, қамысты/ оларды оң жағынан табылған іздерден 1-1,5 м қашықтықта қойып қолданады. Өзінің қозғалу бағытын қарау табылған ізді негізгі белгілейтін заттық болатын көрсеткіштен көрсетеді.

Атмосфералық құбылыстардың әсерінен іздерді сақтап қалу үшін қоластындағы немесе арнаулы заттарды қолдана отырып наряд екі-үш өте маңызды және анық басылған іздерді табуға міндетті. Іздерді қоқсытатын немесе ерекшеліктерін жоятын з а т т а р м е н ж а б у ғ а б о л м а й д ы .

338. Қызметін атқару кезінде шекара нарядтары іздік тәртіпті қатал сақтауға м і н д е т т і .

Іздік тәртіпті ұстау мақсатында нарядтар: із-қадағалау алқабынан және басқа да қадағалаушы құралдардан өтуі /көлікпен өту/ тәртібін, іздердің жабылу әдістерін және жабылған іздердің белгілеу шартты белгісін білу және қатал сақтау, қыста тек қана шаңғы жолымен жүруге, із тәртібінің анықталған бұзушылықтары туралы застава бастығына дереу баяндау, сондай-ақ бұл туралы кездесетін нарядтарды хабарландыруға м і н д е т т і .

339. Шекара нарядтары, жергілікті халық із қадағалау алқабынан өтуді /көлікпен өтуді/ тек қана белгіленген жерлерден жүзеге асырады, із қадағалау алқабынан белгіленген жерден тыс өтуге /көлікпен өтуге/ жағдаймен туындаған /мемлекеттік шекараны бұзушының ізіне түскенде, көршілес нарядтарға көмек көрсеткенде, апат кезінде/ жағдайлардан басқасына рұқсат етілмейді.

340. Қадағалаушы құралдары арқылы өту іздері /көлікпен өтулер/ белгіленген

әдіспен жабылуы қажет. Із-қадағалау алқабынан өту үшін арналған жерлердегі іздердің жабылуы одан әрбір өткен сайын, ал ықпалды қозғалыс кезінде - ол тоқтатылғаннан кейін жүргізіледі. Тәуліктің түнгі уақыты түскенше барлық іздер жабылуға тиісті.

Жағдайдан туындайтын жағдайларды із-қадағалау алқабынан өту кезінде наряд өзінің іздерін белгіленген белгімен із-қадағалау алқабынан өткен жердің екі жағынан белгілейді. Бұл іздердің жабылуы кейін осы немесе басқа нарядты застава бастығының рұқсатымен жүргізеді.

Іздер тұрпаты немесе застава бастығы көрсеткен сурет жасаумен пішіндеушінің көмегімен жабылуы мүмкін. Іздерді жабу құралдарының сақталу органдары арнайы жабдықталуы, жасырынды және тек қана шекарашыларға мәлім болуға тиісті.

Із-қадағалау алқабындағы іздерді қоластындағы заттармен жабуға, сондай-ақ жергілікті халық және басқа да тұлғалардың қатысуымен іздерді табуды жүргізуге рұқсат етілмейді.

## Оныншы тарау

### Шекара нарядтарында қызметтік атқару кезіндегі қауіпсіздік шаралары

#### 1. Жалпы ережелер

341. Шекара нарядтарында қызметтік атқару кезінде қауіпсіздік шараларын сақтау; мемлекеттік шекара күзетінде берілген бұйрықты нақты орындау мен қару-жарақ пен техниканы, инженерлік құрылыстарды және қоршауларды, қызметші жануарларын қолдану кезіндегі қауіпсіздік шараларын мықты білу және қатал сақтаумен; шекарашылардың жоғары әскери тәртіптерінің және арнайы дағдыларымен, олардың күндіз және түнде және ауа райының барлық жағдайларында барлық жерде іс-қимыл жасай білуімен нарядшының қоластындағылардың қауіпсіздік шараларын орындауына ұдайы қадағалау жасаумен жетілдіріледі.

342. Қызмет атқару кезінде қауіпсіздік шараларын сақтау мақсатында шекарашылар : күзетілетін учаскенің ерекшеліктерін және ауа райының әсеріне жергілікті жердің мүмкін өзгерулерін, қозғалу үшін және қызмет атқаруға қауіпті учаскелерді /жерлерді/ және олардың өту немесе айналып өту тәртіптерін білуге; учаскеден заставаға, жылыту пункттеріне немесе басқа да баспаханаға шығудың азимутын білуге; ауа райының болжамын, желдің ерекшеліктерін және басымды бағытын және жергілікті белгі

бойынша ауа райының мүмкін өзгерістерін анықтай білуге; су кедергілерінен және батпақтанған учаскелерден өту кезінде өту, құтқару және қоластындағы құралдармен қолдана білуге; апаттардың /құлаудың, опырылып құлаудың, қарлы борандарының, су тасқынының/ жерлерін, пайда болуынша мүмкін себептер мен белгілерін, олардан қорғану әдістерін және зақымдалғандарға көмек көрсетуді білуге; белгіленген киім формасы мен жинировканы қатал сақтау, қару-жарақпен, техниканы және қызметші жануарларымен қолданған кезінде қауіпсіздік шараларын білу және нақты орындауға м і н д е т т і .

## 2. Қару-жарақ пен техниканы қауіпсіз қолдану негіздері

343. Барлық шекарашылар оларға бекітілген қару-жарақтың құрылысын жақсы білуге, одан ашу әдістері мен ерекшеліктерін мүлтіксіз меңгеруге, қару-жарақты қолдану кезінде оны қарау, оқтау және оқсыздандыру тәртібін қатал сақтауға және кездейсоқ атылуын болдырмауға міндетті.

Аға нарядшы еріксіз оқты оқшантайға жіберуге, адамдарға және малға қару-жарақты оқтауға немесе оны адамдар болуы мүмкін жерлерге бағыттауға рұқсат е т і л м е й д і .

344. Радиолокациялық станцияларды қолдану кезінде электр тоғымен зақымданбау үшін шекара нарядының құрамына кірмейтін адамдарды жұмыс орнына кіргізуге; аспаптардағы блокировкасын шешуге немесе өшіріп тастауға және уақытша қосқыштар жасауға; станцияларда қорғаушы сырттарын, қақпақтарын және торларын шешіп, сондай-ақ қоршаулары, резеңке төсемдерін және басқа да қорғаушы құралдарын алып тастап жұмыс істеуге; тоққа қосылған жерінде жөндеу алдын алу және басқа да жұмыстарды орындауға; сәйкес келмейтін сақтандырғыштарды қолдануға және оларды арнайы шешушілерсіз кернеу астында алмастыруға, монтаждық бұзылған жағдайында уақытша қосуларды қолдануға; қолдан құрап жасалған тасымалды электрожарықтандырғыштарды қолдануға рұқсат етілмейді.

Өте жоғары жиіліктегі гетрактормен жұмыс істеу кезінде толқынды өткізгіштің ашық шеттерін, антенналардың сәуле жібергіштері мен шағылғыштарын, толқын өткізгіш трактілердің қосылған жерлерін және басқа сәулелеу көздерінің өте жоғары жиілік өрістерін жіберуші қосылып тұрған кезінде қарауға жіберуші аппаратураны қаптарының және электрондарының шешілген, есіктері ашық кезінде қосуға, жіберуші аппаратураны және қоректендіру блоктарының шкафтың ішіне толық кіргізбей қ а л д ы р у ғ а б о л м а й д ы .

345. Протекторлық станцияларды /қондырғыларды/ қолданған кезде: протекторлық станцияның /қондырғының/ автомобилі /тіркемесі/ астында дөңгелектерінің астында тіреусіз немесе қозғалтқыш жұмыс істеп тұрғанда қандай да болсын жұмыстарды



орындауға; қоректендіру қосылған кезінде алдын алу қарауларын және жөндеу жұмыстарын өткізуге; қозғалтқыш жұмыс істеп тұрған кезде генераторды коллекторын тазартуға; доғаның жануына көздері қорғаушыны кимей бақылауға; желіде тоқтың жоғын анықтаусыз аспаптардың және механизмдердің электрконтактілеріне қол тигізуге; станция /қондырғы/ қақында ашық отты қолдануға рұқсат етілмейді.

346. Машиналарды қолдану кезінде қозғалу қауіпсіздігіне және адамдарды тасымалдау ерекшелерін сақтауға бүкіл шекара наряды жүргізушіні қосқанда бағынатын машиналардағы ағасы жауапты болады.

Жүк автомобилінің кузовында "ернеушілер" ал ашық машиналарды бақылаушылар тағайындалады. Дербес құрамның автомобильге отыруы және одан түсуі тек қана оң жақтағы немесе артқы ернеу арқылы жүргізіледі.

Учаске бойынша қозғалу кезінде жүргізушілер /жүргізуші-механиктер/ және машинадағы ағалар: белгіленген жылдамдықты қатал сақтауға; ылдилардан тар жолдардан, көпірлерден өрге шығулардан, көк тайғақтарда, жаяу жолаушылар /балалар / жоғарылаған жерлерден өту кезінде жылдамдықты машина тоқтап қалғанға дейін төмендетуге; темір жолдан келе жатқан поездің жоқ екендігін анықтағанша өтуге болмайтынын ескеруге міндетті.

Қозғалу кезінде кузовта тұруға немесе ернеуге отыруға, қозғалғыш жұмыс істеп тұрған кезде машинаның ішінде демалуға, машинаны басқаруға басқа адамдарға беруге, машинаның ішінде темекі тартуға рұқсат етілмейді.

Шекара нарядтарының қармен жүретін құралдарында белгіленген маршрут бойынша қозғалуға рұқсат етіледі. Шекарашылардың шаңғы, жылы киім және аяқ киімдері болуға тиісті. Қозғалу кезінде түбектерге, ағаштарға және тастарға соғылуға болмайды. Түнде және басқа да көріну жағдайлары шектелген кезінде қармен жылжитын құралдың жылдамдығы 5-10 км/сағ көп болмауына тиісті.

Бұзылған қармен жылжитын құралдың, сондай-ақ қозғалғыштың және вариатордың қоршаушы сырты алынған қармен жылжитын құралдарды пайдалануға рұқсат етілмейді.

347. Көлік құралдарын алып бару кезінде шекара нарядтарына бос емес жолдан өту үшін вагонның және машинаның астына кіруге; тұрған ажыратылған вагондардың арасымен, егер олардың ара қашықтығы 5 м аз болса өтуге; машиналардың буферлерінде, букстерінде, табалдырығында, вагондардың дүзік емес тежеулі алаңдарында және табалдырықтарында тұруға; поездге бақылау жүргізген кезде темір жолдың үстінде тұруға, жүріп бара жатқан құрамға үш метр жақынырақ жақындауға аралас жолдарда тұрған вагондар мен машиналарға сүйенуге; поездың қозғалу кезінде вагондардың төбесімен немесе бір платформадан екіншісіне өтуге; вагондардың ашылатын есіктеріне жақын тұруға; локомотив кабинасын қараған кезде басқару тұтқаларынан ұстауға рұқсат етілмейді.

348. Машиналардың құжаттарда тексеру және қарау үшін тоқтаған кезінде шекара

нарядтарына: олардың өтетін бөлігінде тұратын машиналарды тоқтатуды жүргізуге, көлік құралдарына олардың толық тоқтағанына жақындауға; келе жатқан көлік құралдарының алдынан жолды кесіп өтуге; белгіленген жерге қою үшін автокөлік құралын басқаруға алуға; жолаушылардың құжаттарын тексеру үшін автомобильдің табалдырығына, дөңгелегіне тұруға; қозғалтқыш жұмыс істеп тұрған кезінде көлік құралына карау жүргізуге рұқсат етілмейді.

349. Шекара шағын катерінде /шлюпкасында/ қызмет атқару кезінде шекара наряды үрленген түрде киімнің үстіне киілетін құтқару кеудешелерін киюге тиісті. Шекарашыларға қозғалу уақытында қатары бойынша жүруге, аяғымен банкалардың /отыратын орындарының/ үстіне тұруға, бір бортта /рубканың төбесінде/ орналасуға, орын ауыстыруға рұқсат етілмейді.

Ауа райының жауын шашын кезінде ашық палубада тек қана тікелей қызмет атқаратын шекарашылар, орнатылған қауіпсіз шараларын ақтап болуларына тиісті.

Ауа райының жаман болған кезінде аға нарядшы застава бастығына баяндайды және алынған жарлықтарына сәйкес іс-қимыл жасайды.

### 3. Инженерлік құрылыстарда, қоршауларды және байланыс жолдарын қауіпсіз қолдану негіздері

350. Белгі беру құралдарын және байланыс жолдарына қызмет көрсету және жөндеу бойынша жұмыстарды орындау кезінде шекарашылар сәйкес нұсқауларда айтылған қауіпсіздік шараларын орындауына және өздерінің жауапкершіліктерін артады.

Белгі беру жиынтықтың /жүйенің/ сызықша бөлігінде және байланыс жолдарында жұмыс істер алдында шекара наряды индикатордың көмегімен бөтен көріну жоқ екеніне көзі жетуге міндетті.

Бөтен кернеуді толығымен ашып тастаудан /өшіруден/ кейін ғана жұмысқа кірісуге болады.

Әртүрлі кернеулі электр тоғын жіберетін сызықшаларына жақындайтын және кесіп өтетін байланыс жолдарымен жұмыс істеген кезде, кесіп өткен /жақындаған/ жерлерде байланыс жолының желілерін екі жағынан жерге тигізуге қажет.

Әуе байланысының жолдарын және антенна-діңгектік құрылыстарын тексерген кезде шекарашылар сегіз балл және одан да жоғары жел және қарлы-борандар кезінде қандай да болсын жұмыстарды жүргізуге рұқсат етілмейді.

Нарядтарға күн күркіреген немесе оның жақындаған кезінде белгі беру жиынтықтарының /жүйесінің/ сызықша бөліктерінде, әуе және кабельдік байланыс сызықшаларында жұмыс жүргізуге рұқсат етілмейді.

Күн күркіреген кезде ерекше қызметтік қасиеттілік болмаса, микротелефон құбырларын сызықша ұяларына және телефон арқылы сөйлесуді жүргізуді, байланыс шамдарының желістерін және белгі беру жиынтығының /жүйесінің/ қоршауларына

351. Аккумулятормен жұмыс істеген кезде қорғаушы көзілдірікті, халатты, резеңке қолғапты және алшалғышты пайдалануға қажет. Көздерді және дененің қорғалмаған учаскелерін сілтінің тиюінен сақтандыруға тиісті. Темекі тартуға және оттың ашық көздерін пайдалануға дереу аға шекара нарядшыға, заставаға келген соң - өзінің командиріне баяндауға міндетті. Машинаға және басқа да көлік құралдарына отырғызылған кезінде иттерге мұрындық киіледі.

352. Бақылау мұнараларында қызмет атқару кезінде шекара нарядтары: мұнараға жақындаған кезде ірге тасының тіркеу тақтасын бекітілгенін, тартып тұрушының күйін және олардың дүзік екендігіне көз жетіп тексеруге; көтерілу және түсуді сатыға бетімен қарап екі қолдарымен тұтқасынан ұстап жүзеге асыруға; мұнараға шыққаннан кейін люкты жауып қоюға және оны ұдайы жабық түрде ұстауға міндетті. Қоршаудың қатарына сүйенуге және отыруға рұқсат етілмейді.

#### 4. Қызмет жануарларын ұстаудың қауіпсіздік шаралары

353. Ит қызметінің мамандары қызметке шығар алдында, шекарашылардың қабылдау мақсатында, иттің қасында болған кезіндегі олардың жүріс-тұрыс тәртіптерін оларға жеткізуге тиісті. Ит қапқан барлық жағдайлар туралы, соның ішінде маңызды емесінде, шекарашыны дереу аға шекара нарядшыға, ал заставаға келген соң - өзінің командиріне баяндауға міндетті. Машинаға және басқа да көлік құралдарына отырғызылған кезінде иттерге мұрындық киіледі.

354. Өткен жұмыс істеген кезде оған ол қарап тұрған жағынан оны алдын ала шақырып жақындауға болады. Жатқан атты көтеру қажет болса, оны шақырып және оған өзінің тұруына мүмкіндік беру қажет.

Отпен қозғалған кезде шекарашылар: ер тоқымға дұрыс отыруын аттың денесінің бір жағына аяқтарын салбыратпауға, аттың тізгінін босатпауға және атты "жиынтықта" ұстауға міндетті. Тік өрге көтерілу және түсу, тайғақ жер немесе мұздан, сондай-ақ аттың тынымсыздық білдірген жағдайларында, тәртіп ретінде оны тік және кенет бұрылыстарға жоламай тізгінші ұстап жайлап жүргізу қажет. Кедергілерден өту кезінде, батпақты жерлерден жүру кезінде және машиналармен кездескен кездерде ерекше абайлықты сақтауға қажет. Аттан түскен кезде атты белбеуге байлауға болмайды.

Аттың жабдықтар дүзік болмаған кезде атқа мініп қозғалуға, таулы жерлерде тағасы алынған аттармен жүруге болмайды.

#### 5. Өртүрлі жағдайда қажетті атқарудың қауіпсіздігін қамтамасыз ету

355. Шекарашылар орманды-батпақты жерлерде қызметтерін атқарған кезінде, тәртіп ретінде, жолдардың, соқпақтардың, ормандағы жолдардың бойымен, өзендер, жылғалар, байланыс жүйелерінің және басқа да бағдарларды жағалай қозғалады. Алдында келе жатқан оның артынан жүріп келе жатқан шекарашыны қауіпті жерлер туралы ескертуге тиісті. Қауіпсіз жерлерді таңдап сақтанып жүру керек.

Шөп басып кеткен құламалардың шеттері құлама жыралардан өткен кезінде наряд түсу және көтерілуге ең көлбеу жерлерін таңдап, белгіленген қозғалу маршруттарынан бұлтармай жүруге міндетті. Бұта арасымен қозғалу алдында қозғалыс жолын көздеп белгілеп алуға қажет. Шатқал арасынан бұтақтарды ұстап өту қажет.

Батпақ басқан жерлер бойынша төсеулер мен өткелдерден тыс жерлерінен тек қана жағдай мәжбүр еткен кезде қозғалуға болады. Шекарашыларға батпаққа түсіп кеткен достарына көмек көрсетуге ұдайы әзір болуға міндетті.

356. Тауда шекарашылар ауа райының болатын өзгерістер белгілерін, опырылып құлауға мүмкін жерлерін, көшкін қаупінің өзіндік белгілерін білуге және көшкін қауіпті жерлеріне жақындамауға тиісті. Шекара нарядының көшкінге қауіпті жерлеріне жақындамауға тиісті. Шекара нарядының көшкінге қауіпті жерлерінен өтуді жағдай мәжбүр еткен жағдайларда, олардан шекарашылар, сақтандыру шараларын сақтап кезекпен өтеді. Көшкінге қауіпті жерлерде қозғалу кезінде шекарашылар кемесі ережелерді сақтауға; көшкін бауларын белге орап алып және шеттерін босатуға; тез жүруге, тек қана қауіпті учаскенің шебінен өткеннен кейін тоқталыс жасауға; алдында жүріп бара жатқанның іздеріне басып шекарашылар арасындағы белгіленген арақашықтықты қатаң сақтауға; бау айлардың күйіне бақылау жүргізуге және т ы н ы ш т ы қ т ы с а қ т а у ғ а т и і с т і .

357. Қыр шөл далада шекара нарядтары учаске бойынша қозғалудың негізгі маршруты мен азимуттан, тоқтау пунктін, су көздерінің орналасқан жерлерін, шекара заставасымен байланысу және көршілес нарядтармен және тікұшақ экипаждарымен өзара әрекеттесу ерекшеліктерін, жылу соққысы кезінде, сондай-ақ улы жылан және жәндіктер шаққан кезде өзіне және өзара көмек көрсету ережелерін білуге су ішу тәртібін қатаң сақтауға міндетті.

Ыстық күні шекарашылар қозғалыстың әр сағаты сайын тоқтама жасауға тиісті. Жылу соққысынан сақтану мақсатында бас киімдерін шешуге және ауа қозғалысы жоқ /шұқырларда, ну бұтақ арасында, жел соқпайтын қойнауларда және басқа да жерлерде/ жерлерге тоқтама /демалыс/ жасауға болмайды.

Көшкінге қауіпті учаскелерден өту кезінде аға шекара нарядшысы: қауіп туралы ескерту белгісін және шекарашылар арасындағы қажетті учаскелерінің шаңғының бекіткіштерін босатып, бүркеме костюмдерінің және кеудешелерінің капюшондарын басына киіп және түймелеп өтуін қамтамасыз етуге; қауіпті учаскесінен өту кезінде қауіпсіз жерде бақылаушы қоюға міндетті.

Егер шекарашылар көшкін қозғалыс аймағында қалған жағдайында олар одан шығу

шараларын қабылдауға тиісті, ол шығуға мүмкіндік болмаған кезде - тастың шығып тұрған жерлерінің немесе ағаштардың астында тасалануға кедергі жасайтын жабдықтау заттардан босатылып, қаруды "арқаға" алынған күйінде тасалануға тиісті.

Опырылып құлауы және тастың құлауы мүмкін учаскелерінен бір-бірлеп, бір баспанадан екінші баспанаға қозғалып, тау баурайына ұдайы бақылау жүргізіліп тез ө т е д і .

Тауда қызмет атқарған кезде нарядтарға: топырағы сусымалы әр баурайлар бойымен, сайлардың және терең жыралардың шеттері бойымен жүруге; опырылып құлауды және көшкінді әдемі жасауға; тау өзендерінен тыс жерлер арқылы өтуге, күн күркіреген кезде жоғары жоталар бойымен жүруге немесе оларға орналасуға, сондай-ақ жолдың немесе шолғыншы соқпақтарының үстінен төніп тұрған тастардың астына тасалануға; опырылып құлауға, көшкін, жас құлауы, басып қалуы мүмкін жерлерде демалу мақсатымен тоқтама жасауға рұқсат етілмейді.

358. Теңіз /өзен, көл/ учаскелерінде қызмет атқаратын шекара нарядтары: теңіздегі су көтерілуі мен қайту өзгешіліктерін және уақытын, өзен, көл және өзге де суаттық тәртібін; өзеннің басты фарватерінің өтуін және аралдардың иеліктерге жатуын; су кедергілері арқылы өту өткелдерінің бар болуын; олардың жабдықталы дәрежесін және оларды қолдану тәртібін; жаға алқабының ерекшеліктерін /қауіпті жерлерінің жуылып кеткен жағаның, тік түсулердің, опырылған жерлерін, сайлардың бар болуын/ және олардан өтудің немесе айналып өтудің тәртібін; шекара шағын катерлерінің /шлюпкаларының/ қозғалуы үшін қауіпті учаскелерін; ауа райының болжамын және на қ т ы л ы к ү й і н бі л у г е ти і с т і .

Нарядтарға: дүзік емес катерлермен /шлюпкалармен/ теңізге /өзендерін, көлге және өзге де суаттарға/ шығуға және өту мақсатына қолайланбаған өту құралдарымен және жабдықталған өткелдерден тыс су кедергісі арқылы өтуге; құлама жағаға тікелей жақын жерден жүруге, тасты құлама жардың бойымен түсуге және көтерілуге, егер жағдай мәжбүр етпесе су кедергілері арқылы және мұзбен жабдықталған жерден тыс өтуге; балық аулауға және шомылуға рұқсат етілмейді.

359. Қыста шекара наряды қарлы боран және қатты жел жағдайларында іс-қимыл жасауға даяр болуға, нарядтың бүкіл құрамының өмірін және денсаулығын сақтап қалуға күрес жүргізе білуге тиісті. Егер наряд қарлы боранға /дауылға/ түсіп қалса, ол жергілікті жерде бағыт тауып ең қысқа жолмен заставаға, жылыту пунктіне немесе басқа баспанаға шығулары қажет. Бағытты жоғалтқан кезде наряд қозғалуды тоқтатады , тоқтаған жерден қоластындағы заттардан баспана жабдықтайды да қарлы боран / дауыл/ басылғанша соның ішінде болады. Баспана анық көрінетін бағдарлармен белгіленеді. Қызмет жануарларын оң жағынан орналастырады, бұл кезде қызмет жануарлары тікелей баспана ішінде болуы мүмкін.

Қарлы боранда нарядтарға жартастардың астында және қарлы "күн қағар" астында орналасуға, сондай-ақ белгіленген маршруттан тыс жүруге рұқсат етілмейді. Қарлы

боранда /дауылды/ қойған шекарашы барлық жағдайда да төзімді, өзін өзі ұстауға және шаршаған достарын тастамауға міндетті.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК